

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖЕР – СУ АТАУЛАРЫ

Қызылорда, 2011 жыл

УДК 80/81
ББК 81.2-3
Қ 81

Қызылорда облысының әкімдігі
Қызылорда облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Мейрамбек Шермағанбет – редакция алқасының төрағасы,
Қызылорда облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының бастығы.

Алқа мүшелері:

Жеңіс Сәдуақасұлы – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Орынбасар Әлжік – Қызылорда облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы бастығының орынбасары.

Мартана Дәулетбаева – Мемлекеттік тілді дамыту және ономастика бөлімінің бас инспекторы.

Қ 81

Қызылорда облысының жер-су атаулары. Қызылорда, 2011 жыл, - 192 бет.

ISBN 978-601-229-246-6

Бұл кітапта Қызылорда облысының жер-су атаулары, олардың шығу тарихы мен қысқаша мазмұны тұңғыш рет жинақталып отыр. Туған өлкесінің тарихына құштар оқырманға кітаптың берері көп болмақ.

Бұл еңбекте қала, аудан, кент, ауылдық округтер, елді мекендердің және өзен-көл, тау-тас, тарихи жер атауларының мән-мағыналары мен қысқаша тарихы түсіндіріледі.

Кітап көпшілік қауымға, мемлекеттік мекемелерге, ғылыми қызметкерлерге, білім беру саласы қызметкерлері мен студенттерге, оқушыларға арналған.

ISBN 978-601-229-246-6

© «Тұмар»
2011
ББК 81.2-3

АЛҒЫ СӨЗ

Қай халық болса да, ежелден елді мекен – жер, су, өзен, көл атауларының мән-мағынасына, тарихына ерекше көңіл бөлген. Өйткені, елді мекен атаулары – әр дәуірдің ескерткіші ретінде халық тарихынан, ұғым-нанымынан дерек беретін, мәңгі-бақи жадында сақталатын, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын асыл қазына, тарихи жәдігер. Тіліміздің барша тарихы мен заңдылығы да осы атаулардың бойынан табылады. Осыған орай қазіргі таңда ономастика мәселесі тек тілдің аясымен шектелмей, саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени мәні зор, ұлттық, құқықтық, идеологиялық, моральдық шешімді талап ететін өте күрделі құбылыс болып саналады.

Қазіргі таңда облыс картасында біздің еліміз бастан кешкен бұрынғы отаршылдық және тоталитарлық кезеңдердің атау-белгілері біртіндеп жаңартылып, ел келбетті егемендікке лайық ұлттық бейнеге еніп келеді. Жер-су, елді мекендердің және басқа да географиялық объектілердің, білім және мәдениет ошақтарының атаулары тәуелсіздік талабына сай өзгертіліп, байырғы тарихи атауларына тәуелсіздік талабына сай өзгертіліп, байырғы тарихи атауларына қайта ие болуда немесе жаңа атаулар алуда.

Ономастика (халық атаулары) қоғам, адам өмірімен, халық тілі, халық тарихымен, оның ғасырлық мәдениеті, діні, саяси тірлігімен етене, тығыз байланысты.

Ұлттық ономастика рухани байлығымыздың, этникалық мәдениетіміздің құрамдас бөлігі болып табылады, онда халықтың тарихы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, шаруашылығы мен тіршілік тынысы сақталып келеді. Ұлттық ономастикалық атаулар – баға жетпес қазынамыз, қымбат тарихи ескерткішіміз. Ал ұлттық сана мен тарихи ес тіл арқылы, соның ішінде ономастикалық атаулар арқылы да қалыптасады.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігімен қатар ұлттық ономастика қайта жаңғырып, тарихи топонимдерді ретке келтіру, ұлттық сана мен ойдың, тарихи естің дамуына мүмкіндік туды.

СЫР ЕЛІ - Қызылорда облысы Қазақстанның оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлігі. Жерінің аумағы - 226,0 мың шаршы шақырым (Қазақстан жерінің 8,3%-ы). Тұрғыны - 734,300 адам. Оның 646645-і қазақ, 16146-сы орыс, 8190-ы кәріс, 1789-ы татар, 1473-і түрік, 1302-сі өзбек, 814-і шешен, 430-ы украин, қалғаны басқа ұлт өкілдері. Орталығы – Қызылорда қаласы. Солтүстігінде Қарағанды, солтүстік-батысында Ақтөбе облыстарымен, оңтүстік-батысы мен оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен, шығысында Оңтүстік Қазақстан облысымен шектеседі. Облыс құрамына 7 әкімшілік аудан (*Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған*), 3 қала (*Арал, Қазалы және Байқоңыр қаласы*) бар.

Қызылорда облысы 1938 жылы 15 қаңтарда құрылған. Облыс бұрын Сырдария облысының құрамында болған. Сырдария облысы – 1867 жылы құрылған Түркістан генерал-губернаторлығының құрамында болған әкімшілік-территориялық бөлік. Сырдария облысының құрамына Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент және Жизак уездері кірді. 1886 жылы Ходжент және Жизак уездері Самарқан облыстарына беріліп, Сырдария облысына Әмудария уездері қарады. Облыс орталығы – Ташкент болды.

Облыс жерінде ертеден қалған тарихи қорғандардың орындары көп. Олар: *Ордакент, Сығанақ*, асарлар: *Жалпақасар, Жетіасар, Құмқала, Шірік-Рабат*, т.б.

Сыр өңірінің климаты тым континентті, қысы суық, қары аз, жазы аңызқты, ыстық, ең жоғары температурасы 40-42 С-ді көрсетеді. Климатының мұндай жағдайлары облыс жерін Қызылқұм, Мойынқұм, Бетпақдала және Тұран ойпатының қоршай орналасуы әсерінен қалыптасқан.

Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100-115 мм. Облыс жерімен Сырдария өзенінің 1 мың км-ге жуық төмен ағысы өтеді. 1956 жылы маусымда Сырдария өзенінде Қызылорда бөгеті іске қосылды. 1958 жылы Сырдарияның ескі арнасы Жаңадарияға өзен суы жіберілді. 1950-60жылдары Қызылорда су тораптарының сол жақ және оң жақ каналдары қазылды. 1969 жылы Қазалы су торабы егіс даласы мен жайылымдық жерлерді суаруға берілді. Өзендер суының теңізге құю мөлшерінің кемуінен Арал теңізі Үлкен және Кіші Арал болып екі көлге бөлінді.

СЫРДАРИЯ – Орталық Азиядағы ірі өзендердің бірі. Ертеде грек жазбаларында *Яксарт*, ортағасырлық араб еңбектерінде *Сейхун* деп аталған. Басын Нарын мен Қарадария өзендерінің қосылған жері Орталық Тянь-Шань сілемдерінен алып, Арал теңізіне құяды. Жалпы ұзындығы – 2219 км, Қазақстан жеріндегі ұзындығы (Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары аумағында) – 1400 км. Өзен ағынын реттеп, суын егістік (күріш, мақта, бау-бақша) пен шабындықтарды суаруға және суландыруға тиімді пайдалану үшін өзен бойында бірнеше бөгендер мен каналдар салынған. Бойында Шардара, Қызылорда, Қазалы қалалары және көптеген ірі елді мекендер орналасқан. Қ.Өмірәлиевтің пікірі бойынша, Сыр өзені бұрын *Силис* деп

аталған. *Сил* түркі тілінде, дәлірек айтқанда, осы өңірдегі тайпалар тілінде *інжу* сөзінің синонимі ретінде қолданылған. Ал *дария* «өзен» деген иран тілдерінен түркі тілдеріне енген сөз.

ДАРИЯЛЫҚ ТАҚЫР – жазық. Сырдария өзенінің оң жағалық аңғарындағы (төменгі ағысының көне арнасында жатқан) тегіс жазық. Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары жерінде. Жазық Қызылорда облысында солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 230 км-ге созылған, ендік жері – 50 км. Дария – иран тіліндегі дерья – «теңіз», «көл» деген сөзінің тілімізде өзгеріп, қалыптасқан түрі. Орта Азияда және біздің республикамызда бұл сөз «үлкен өзен» мәнін береді. Яғни, атау «аумағы үлкен, ешнәрсе өспейтін жазық» мәнінде қойылған.

ЖАҢАДАРИЯ – Сырдария өзенінің құрғап қалған ескі арнасы. Сырдарияның Қызылорда қаласы тұсындағы сол жағалауынан басталып, оңтүстік-батысқа қарай Қарақалпақстан жеріне кетеді. Ұзындығы – 680 км, жоғары және төменгі арналарының ені – 50 м, орта тұсы тармақталып 200-400 м-ге жетеді. Тереңдігі – 2-2,5 м. Бұл тұста құм қайырлар мен аралдар кездеседі және өте иректеліп келген. Табиғи ағыны көктемнің су тасқыны кезінде болады. Қазақстандағы ең ірі сексеуіл «орманы» да осы Жаңадария бойында.

ЖАҢАДАРИЯ КАНАЛЫ – Қызылорда облысындағы суғару-суландыру жүйесі. Сырдария өзенінің сол жағасында орналасқан. Жаңадария 1958-68 жылдары іске қосылған, ұзындығы – 592,3 км, оның 535,5-і табиғи арнамен жүргізілген. Су ағыны каналдың бас жағында секундына 50 текше метр. Қуандария каналы Жаңадарияның бір тармағы болып келеді. Оның ұзындығы – 436,4 км, су ағыны – секундына 60 текше метр.

ТҰРАН ОЙПАТЫ (Тұран жазығы) – ойпат. Қазақстан мен Орта Азия жерінде, солтүстік бөлігі Қазақстанның бірталай жазық өңірлерін қамтиды. Шығысындағы Бетпақдала – Шу – Іле таулары мен батысындағы Каспий теңізі аралығында, солтүстігінде Мұғалжар, Торғай үстірті, Сарыарқа беткейлерімен шектеседі. Оңтүстік жағы Орта Азияда, Тұран ойпатының көпшілік жері Тұран плитасына сәйкес келеді; бұның палеозойлық негізі (тұғыры) жалпы 1-6 км тереңдікте жатыр, сонымен бірге Маңғыстаудағы Қаратау сияқты құрылым ретінде жер бетінде байқалатын бөліктері бар.

АЩЫКӨЛ – ойыс. Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағында, Сарысу, Шу өзендерінің төменгі ағысында орналасқан. Ол Бетпақдаланың жазықты оңтүстік – батыс бөлігінде ендік бағытта 80 км-ге созылып жатыр, енді жері 25 км-дей. *Ащы* және *көл* сөздерінің бірігуінен жасалған. Көл суының ащы, тұзы көп болуына қарай қалыптасқан атау.

ҚАРАӨЗЕК – Сырдария алабындағы өзен. Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандары жерімен ағады. Сырдарияның тармағы. Ұзындығы – 188 км. Сырдариядан Қараөзек ауылы тұсында бөлініп, Жосалы кенті тұсында қайта қосылады. Аңғары қатты шайылуға ұшыраған. Алабында бірнеше ұсақ көлдер (Бірқазан, Лайкөл, Бегінкөл, Серкеш, т.б.), қамысты батпақтар бар. Орташа жылдық су ағымы бастауында секундына 323 текше метр, Сырдарияға қосылар тұсында секундына 245 текше метр. Суы егін, бау-бақша шаруашылығында пайдаланылады.

ЯКСАРТ – Сырдария өзенінің байырғы атауы. Әуел баста Яксарт деп Сырдарияның қазіргі Ленинабад пен Ташкент аралығындағы орта бойы аталса, кейіннен ол өзеннің түгелдей атауына айналды. Птоломей, т.б. авторлар «Яксарт атауы бұл аймақты мекендеген сақтардың Яксарт тайпасына байланысты шығуы мүмкін» деп жорамалдайды. *Яксарт* көне түрік тілінде Иенгу-угуз (Инжу өзен), иранша – Иахша-арта (шынайы інжу) деп аталған.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША

ҚЫЗЫЛОРДА қаласы - облыстың әкімшілік, экономикалық және мәдени орталығы (1938 жылдан). Сырдария өзенінің оң жағалауының төменгі сағасында орналасқан. Территориясы 821 шаршы шақырымды құрайды, 1 шаршы шақырымға 232 адамнан келеді. 2011 жылдың 1 қаңтарында халқының саны 211 943 адамды құрады, оның ішінде қала халқы - 92 %. Ұлттық құрамына қарай: қазақтар – 191608, орыстар – 9563, кәрістер – 6172, татарлар – 1456, түріктер – 81, өзбектер – 798, шешендер – 306, украиндар – 389, қалғаны басқа ұлт өкілдері. (*Статистика департаментінің 2011 жылдың 1 қаңтарына берген мәліметінен*). Қызылорда қаласы 10 әкімшілік-аумақтық бірліктен тұрады: Қызылорда қаласы, Тасбөгет, Белкөл кенттері, Қосшыңырау, Қызылжарма, Қызылөзек, Ақсуат, Ақжарма, Қарауылтөбе, Талсуат ауылдық округтері. Қала теңіз деңгейінен 126-130 м биіктікте жатыр.

Қала негізі Қамысқала атты елді мекенде 1818 жылы салынған Қоқан хандығының Ақмешіт бекінісі ретінде қаланды. Ол Бұқара мен Хиуа арқылы Орталық және солтүстік Қазақстан мен шығыстан батысқа қарай қалыптасқан Жібек жолы желісінің бойында орналасқан.

1853 жылы Қоқан қорғаны (қамалы) Ақмешітті Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский басып алды. Генерал Перовскийдің басып алу құрметіне арнап стратегиялық маңызды пункт болып саналатын Сырдария өзенінің жағалауында орналасқан қорған сол жылдың 31 тамызында Патша Жарлығымен Перовск Форты болып аталды. 1867 жылы Перовскіге қала мәртебесі беріліп, уезд орталығына айналды. 1901-06 жылдары Орынбор – Ташкент темір жолының салынуына байланысты қала халқы тез қарқынмен өсті. 1917 жылы 30 қазанда (12 қараша) Кеңес өкіметі Қазақстанда бірінші болып Перовскіде орнады.

1922 жылы Перовск қаласына Ақмешіт атауы берілді.

1925 жылы 17 сәуірдегі Қырғыз АССР-і Кеңесінің (Советі) V съезінде Ақмешіт қаласы Республика астанасы болып, аты Қызылорда қаласы болып өзгертілді.

Қалада 1926 жылғы 13 қаңтарда М. Әуезов атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры ашылды.

1931 жылы аудан орталығы болды. 1938 жылдың 15 қаңтарынан бастап облыс орталығына айналды.

Қызыл және орда сөздерінің бірігуінен жасалған атау. *Орда* сөзі қазақ, жалпы түркі тілдерінде «орта ғасырдағы көшпелі елдердің әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы, сарай» (ҚТТС, 7-том), моңғол тілінде *орд* «үй», «сарай» деген мағынаны білдіреді.

Абай ауылы – ауыл, Қосшыңырау ауылдық округінің орталығы. Қызылорда қаласынан солтүстікке қарай 12 км жерде орналасқан. Ауыл 2000 жылға дейін Интернационал деп аталып келген. 1965-1996 жылдары күріш өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы болған. Кеңшар негізінде Абай

және округке қарасты Досан, Қарауылтөбе ауылдарында ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды.

Айнакөл – ауыл. Қызылорда қаласынан солтүстік–батысқа қарай 20 км жерде. Бұрынғы атауы – Опытное, Қызылөзек ауылы. Көлдің мөлдір таза түсіне орай айнадай боп жалтырап жатуына сай қойылса керек. Кейіннен осы көл атын ауылға берген.

Айтбай мешіті – сәулет өнері ескерткіші. 1878 жылы Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері Ысқақ пен Камал салған. Ауданы – 22x16, биіктігі – 14 м. Алдыңғы жағы үлкен портал болып келеді, күйдірілген қышпен өрнектелген, ортасындағы ойық-есік, екі жағынан төрт жалған терезе іспеттес оймышпен әшекейленген. Төбесі қаңылтырмен жабылып, әктелген.

Ақжарма – ауыл, ауылдық округ орталығы. Қызылорда қаласынан батысқа қарай 12 км жерде, Сырдарияның сол жағалауында орналасқан. Ақжарма ауылында Қызылорда қаласын жеміс-көкөніс және сүт тағамдарымен қамтамасыз ететін шаруашылық нысандар орналасқан.

Ақмәмбет – 12-14 ғасырлардан сақталған қоныс орны. Қызылорда қаласынан оңтүстік–батысқа қарай 20 км жердегі Шірік-Рабат көне қаласының оңтүстік-батысында 65 км жерде, Жаңадария өзенінің ескі арнасының бойында орналасқан. Қоныс орнында қабырғаларының биіктігі 0,5-0,6 м екі үйдің жұрты сақталған. Жанында 18-19 ғасырларға жататын мазар бар. Ақмәмбет қонысы мен мазарын 1956 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (археолог Н. Н. Вактурская мен М. Г. Воробьев зерттеген). Кісі есімінен қойылған атау.

Ақмешіт – көне бекініс орны. Қазіргі Қызылорда қаласының орнында болған. Бекіністің іргесі 1817 жылы қаланған. А. И. Добросмысловтың айтуынша Ақмешіт бекінісін Қоқан ханы Омархан салғызған. Бекініс жобасы шаршы, әр қабырғасы 110 м, саз балшықтан тұрғызылған. Іргелерінің қалыңдығы – 10,5 м, жоғарғы жағы – 4,36 м, биіктігі – 12 м болған. Қабырғаларының жоғарғы жағында оқ атуға ыңғайлы ойықтар жасалған. Бекініс сыртынан ені 10 м ор қазылған. Ордың алдынан қорғаныс қабырғаларының 2-қатары тұрғызылған. Бекініс ішінде саз балшықтан салынған 50-ге жуық үй, екі мешіт, медресе, оқ-дәрі қоймалары, құдықтар болған. Бекініс орыс әскерлері келген кезде «Перовск форты» болып аталған. Қазан көтерілісінен кейін Ақмешіт аты қайта берілді. Сырдария облысының уездік орталығына айналды. 1925 жылы оған Қызылорда аты беріліп, 1929 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

Ақтайлақ – темір жол бекеті. Қызылорда қаласынан солтүстік – батысқа қарай 14,5 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ақсуат – ауыл, ауылдық округ орталығы. 1994 жылдан бастап Ақсуат ауылдық округіне Кеңес Одағының батыры Жақыпбек Махамбетов атындағы ауыл (бұрынғы С.М.Киров атындағы совхоз) және «Наурыз» саяжайы, Жаңадария каналы бойында орналасқан шағын елді мекендер қарайды. Жаңадария каналының қасындағы «Ойшеңгел» деген жер мен дария

арасында қамыс өскен алаңқай жер «Ақсуат» деп аталады. Дарияның табаны болған бұл жерге шеңгел шықпай, қамыс шыққан.

Аяқкөл – көл. Қызылорда қаласынан солтүстік–шығысқа қарай 11 км жерде. «Төменгі жақтағы көл» мәніндегі атау.

Байқадам – канал. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстігінде. Кісі атынан қойылған атау.

Байқадам – елді мекен атауы. Қызылорда қаласының орталығынан 6 шақырым қашықтықта, Қызылорда каналының бірнеше арналарға бөлінетін тұсында орналасқан. Бұл атау ҰОС-нан кейінгі жылдардан, Байқадам есімді адамның егін егу егу үшін сағасын каналдан алатын аяқ су арығын қазуынан бастау алады. 1950-60 жылдар тұсында «Байқадам» арығын бойлап *Абай*, *Досан* ауылдарында егін шаруашылығын дамыту мақсатында канал қазылып, сол аймаққа *Байқадам* атауы беріледі. Бұрынғы атауы – Первомайское ауылы.

Белкөл – Қызылорда қалалық әкімшілігіне қарасты кент (1987 жылдан), теміржол стансасы. Қызылорда қаласынан шығысқа қарай 2-3 км жерде, Ташкент - Орынбор темір жолы бойында орналасқан. Іргесі 1904-1905 жылдары Орынбор – Ташкент темір жолының салынуына байланысты қаланған. Белкөлде Қызылорда қаласы кәсіпорындарының бөлімшелері және темір жолға қызмет көрсететін кәсіпорындар мен мекемелер орналасқан.

Атаудың бірінші сыңарындағы *бел* – «асу, кезең», «аласа асу» мәніндегі географиялық термин. Бұл жайтты ескерер болсақ, *Белкөл* атауы «бел, асу» астындағы, «белді асқан жердегі көл» деген мағынаны білдіреді. Егер де *бел* сөзінің «басты, негізгі, үлкен» деген ауыспалы, қосымша мағынаға да ие екенін еске алсақ, *Белкөл* – «басты, негізгі, ең үлкен көл» деген мағынаға да ие.

Бөрібай – темір жол бекеті. Қызылорда қаласынан шығысқа қарай 11,5 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Бірқазан – елді мекен, темір жол бекеті. Белкөл кентіне қарасты елді мекен. Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 27 шақырым жерде орналасқан. Жерінің аумағы – 921 га. 1942 жылы ұсақ колхоздар ірілендіріліп, колхоз орталығы «Бірқазан» стансасы болды. Ол жылдары өзен айналасында бірқазан деп аталатын құс өте көп мекендеген. Осы құс атымен қойылған атау.

Геологтар ауылы – Александровск және Геологтар ауылы атанған екі ауыл Кеңес дәуірі кезінде іргесі 1929 жылы қаланған Комсомол ұжымшарының қарамағында болған (қазіргі Қызылжарма ауылдық округі).

1967 жылы Александровск ауылында геологтар мекемесі құрылып, жеке тұрғын үйлер салынған. Мекеменің өз алдына балабақшасы, дүкені, асханасы, клубы, моншасы, орталық жылу жүйесі, таза ауыз су жүйелері жасалып, жас мамандар осында тұрақтанған.

Халық депутаттары Қызылорда облыстық Кеңесі төрағасының 1992 жылдың 4 мамырындағы №27 қаулысымен Қызылжарма ауылдық кеңесінің Комсомол, Геологтар, Александровск ауылдары Қызылорда қаласының әкімшілік-аумақтық бағыныштылығына берілген. 2005 жылдың қаңтар

айында Талсуат ауылдық округі құрылып, Қызылжарма ауылдық округінің құрамындағы Геологтар, Александровск ауылдары Талсуат ауылдық округінің қарамағына берілді.

Ғ. Мұратбаев ескерткіші – монументті өнер туындысы. 1975 жылы Қызылорда қаласында Қазақстан мен Орта Азиядағы жастар қозғалысының көрнекті қайраткері Ғ. Мұратбаевқа орнатылған. 2002 жылы маусым айында 100 жылдығына орай қайта өңделіп, темір жол вокзалы алдындағы алаңға ауыстырылды. Ескерткіштің жалпы биіктігі – 5 м. Мүсіннің биіктігі – 2,5 м, тұғырдың биіктігі – 1,85 м. Тұғыры бетоннан жасалып, оның сырты ақ мрамор плиталармен қапталған. Авторлары: сәулетшілер – Сапарғалиев, Ускова.

Досан – ауыл. Қызылорда қаласынан солтүстік–шығысқа қарай 5 км жерде. Бұрынғы атауы – Казрис ауылы. Кісі есімінен қойылған атау.

Жаңадария – ауыл. Қызылорда қаласынан оңтүстікке қарай 10 км жерде.

Жаңатұрмыс – ауыл. Қызылорда қаласынан оңтүстік–шығысқа қарай 22 км жерде. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Иіркөл – ауыл. Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 28 км жерде. Атау Иіркөл көлінің атымен байланысты қойылған. Ауыл тұрғындары 1965 жылдан бері Иіркөл көлінде балықты тоғандап өсіру шаруашылығымен айналысқан. 1997 жылы Сырдария ауданы таратылып, Иіркөл елді мекені Тасбөгет кентіне қосылып, Қызылорда қаласының қарамағына берілген. Қазіргі таңда 24 отбасы бар, халқының саны – 145. Халықтың негізгі күнкөрісі – мал шаруашылығы.

Колос – елді мекен атауы. Қызылорда қаласынан солтүстік–батысқа қарай 10 км жерде, Сырдарияның оң жағасында. Орыс тіліндегі «колос» – «масақ» сөзімен жасалған атау.

Көкжиде – канал. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария алабында. Атау *көк* және *жиде* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Атау бұл жерде жасыл желекті қалың жиде ағашы өсетінін меңзей қойылғаны немесе «биік жиде ағашы» деген мәнді білдіруі мүмкін.

Қалғандария – ауыл. Қызылорда қаласынан оңтүстікке қарай 1 км жерде, Сырдария өзенінің бойында.

Қараөзек – темір жол стансасы, ауылдық округтің орталығы. Қызылорда қаласынан солтүстік-батысқа қарай 18 км жерде, Сырдария өзенінің оң жағалық аңғарында, Талдықөл көлінің оңтүстік жағындағы қамыс, құрақ, т.б. шөптесіндер өскен шалғынды сұр, шалғынды-саз топырақты өзен жайылмасында орналасқан. 1967-97 жылдары бау-бақша дақылдарын өсіретін Қызылорда тәжірибе шаруашылығының орталығы болған. Оның негізінде Қараөзекте және округке қарасты Айнакөл, №10 Қараөзек темір жол айырмасында ЖШС және шаруа қожалықтары ұйымдастырылды.

Қарауылтөбе – ауыл, Қосшыңырау ауылдық округі құрамында. Қызылорда қаласынан солтүсті–батысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Бұл ауыл орналасқан жер әуел баста «қарауыл қарайтын биік төбе, шоқы»

болғандықтан осылай аталуы мүмкін немесе «жан-жағы түгелдей көрінетін биік жар».

Қарауылтөбе – ауыл, өзімен аттас ауылдық округ орталығы. Іргесі 1932 жылы құрылып, «Интернационал» ұжымдық шаруашылығының құрамында болды. 1992-2005 жылдар аралығында Абай ауылдық кеңесінің құрамына енді. Қарауылтөбе ауылдық округі облыс әкімиятының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы «Қызылорда облысында ауылдық округтер құру туралы» №242 қаулысына және қала әкімиятының 2004 жылғы 30 қарашадағы «Қызылорда қаласында ауылдық округтер құру туралы» №671 қаулысына, сондай-ақ облыстық мәслихаттың 2004 жылғы 13 желтоқсандағы XII сессиясының №120 шешіміне, қалалық мәслихаттың 2004 жылғы 30 қарашадағы XI сессиясының №11/5 шешіміне сәйкес өз алдына дербес ауылдық округ болып құрылды.

1932-1937 жылдар аралығында Қарауылтөбе елді –мекенінің шығыс бетінде саяси қуғын-сүргін құрбандары атылған. Осы жерге саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу мақстаында ескерткіш белгі орнатылған.

Ауыл көкөніс өсіріп, сүт өндіретін Қызылорда совхоз - техникум орталығы болған. Оның негізінде Қарауылтөбеде ЖШС жұмыс істейді.

Қосшыңырау ауылдық округі – 1952 жылы Интернационал, Казрис, Жыңғылдыкөл, Абай ұжымшарлары Интернационал ауылдық кеңесіне біріктіріліп, орталығы – Абай ұжымшары болып қайта құрылған шаруашылық 1997 жылға дейін Сырдария ауданының құрамында болған. Егін және мал шаруашылығымен айналысқан. 1997 жылы Қосшыңырау ауылдық округі болып өзгертіліп, Қызылорда қаласы әкімдігінің аумағына берілген.

Қызылжарма – ауыл, округ орталығы. Қызылорда қаласынан солтүстік-батысқа қарай 8 км жерде, Сырдария өзенінің оң тармағы Тентектің бойында орналасқан. Іргесі 1928 жылы шағын 9 елді мекен біріктіріліп Комсомол ауылы және ұжымшар орталығы болып қаланған, кейіннен осы маңдағы 1936 жылы Ленин атындағы және Тентекөзен артельдері бірігіп, «Комсомол» ұжымшары болып ұйымдасқан. 1938 жылы «Красный пахарь» (Сәдірсай) ұжымшары құрылды. 1950 жылдары ұсақ ұжымшарлар бірігіп «Комсомол» ұжымшарына бірікті. «Топырағы қызылдау жерден қазылған арық, канал» мәніндегі атау.

Қызылөзек – ауылдық округ атауы. Қызылорда қаласынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан. 1962 жылы үш елді мекен біріктіріліп, ауылдық округ құрылды.

Қубас – ауыл. Қызылорда қаласынан солтүстік–батысқа қарай 10 км жерде, Сырдарияның сол жағасында. Кісі есімінен қойылған атау.

Қышқұдық – құдық. Дариялық Тақыр жазығында, Сырдария өзенінің аңғарында. «Қышпен шегенделген құдық» мағынасындағы атау.

Мұхамбет – қыстау. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Махамбетов – ауыл, Ақсуат ауылдық округ орталығы. Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 12 километр жерде, Сырдария өзенінің сол

жағалық аңғарында орналасқан. Іргесі 1934 жылы құрылған Жасқайрат, Жаңатұрмыс, Киров, Қызылорақ, Қызылқұм, Қарақожа, Батпаққара ұжымдық шаруашылықтары негізінде 1950жылы ұжымшар болып қайта құрылды. 1972 жылдан ұжымшар көкөніс және сүт өндіреді. 1997 жылдан ауылда бидай, күріш көкөніс өндіретін бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылға 1994 жылы осы өңірден шыққан Кеңес Одағының батыры Ж. Махамбетовтің есімі берілді.

Репрессияға ұшыраған қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға арналған ескерткіш – Қызылорда қаласының іргесіндегі Арай мөлтек ауданында орналасқан. 1937-38 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандарын еске алу үшін орнатылған. ҚР Президентінің Жарлығымен 31 мамыр - саяси құрбандарды еске алу күні болып жариялануына орай Арай мөлтек ауданында жерленген арыстар қабірі анықталып, оларға арналған ескерткіш орнатылды (авторы М. Сапарғалиев). Бұл ескерткіш әміршілдік, отаршылдық тәртіптің құрбандарына тәу ететін азалы орынға айналды.

Соркөл – көл. Дариялық тақыр жазығының оңтүстігінде, Сырдария алабында.

Тасбөгет – Қызылорда қалалық әкімдігіне қарасты кент (1948 жылдан), округ орталығы. Қызылорда қаласынан оңтүстікке қарай 10 км жерде, Сырдария өзенінің оң жағалық аңғарында орналасқан. Іргесі 1946 жылы осы жердегі ежелгі Қатынкөл және Тасарық ауылдары орнында Қызылорда су торабын салуға байланысты қаланды. 1956 жылы кент жанына Сырдария су бөгеті салынды. 1959-97 жылдары Сырдария ауданының орталығы болып келді. 1997 жылы Сырдария мен Тереңөзек аудандары қосылды да, аудан орталығы Тереңөзек кентіне ауыстырылды. 1997 жылдан Тасбөгет Қызылорда қалалық әкімдігі құрамында. Кент жанына (6 км) Орынбор – Ташкент темір жолы және Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе автомагистралі өтеді. Кент тастан салынған бөгеттің жанында болғандықтан қойылған атау. Сонау жылдары Сырдарияға плотина құрылысы салынып, ауыздықтарда ескі арна бөгет бермеген соң қой тастар салынып, суға тосқауыл жасаған екен. Кейін Тасбөгет поселкесі де осылай аталса керек.

Тасбөгет – бөгет. Тасбөгет кентінің жанында, Сырдария өзеніне салынған. Құрылысы 1946 жылы басталып, 1956 жылы аяқталды. Бөгеттің өткізгіштігі секундына 1750 текше метр. Тасбөгет бөгетінен су алатын Сол жағалық каналдың су өткізгіштігі секундына 226 текше метр. Оң жағалық каналдікі секундына 110 текше метр, барлық көлге секундына 2096 текше метр, апатты деңгейі – 129, 37 м, қалыпты тірек тұратын деңгейі – 128, 80 м, табалдырықтың белгісі – 123,0 м, бөгет суы төменгі арынды типке жатады, су өткізгіш қаусырманың саны – 5, әр қаусырманың ені – 14 м, толық биіктігі – 10,8м, судың қалыпты тіреуі – 6,0 м, құрылыстың ені – 150,6 м, баланстық құны – 189, 8 млн. теңге. Сол жағалық алқапта 8,7 мың га жер суарылады.

Талсуат – ауыл. Қызылорда қаласынан солтүстік-батысқа қарай 9 км жерде. Бұрынғы атауы – Александровское ауылы. 1853-54 жылдары қыстаққа Ресейден жер аударылып, көптеген орыс отбасы келген. Ол кезде бұл елді мекен №18 Талсуат ауылдық кеңесі, «Колос» колхозы деп аталған. Кейінірек

казак халқы орыстардың еңбегіне риза болып, ауылды «Александровский» деп атап кеткен.

Талдыарал – ауыл. Қызылорда қаласынан солтүстік – батысқа қарай 10 км жерде, Сырдарияның сол жағасында.

Ы. Жақаев ескерткіші – монументтік өнер туындысы. Әйгілі күріш өсіруші, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ы. Жақаевқа 1975 жылы Қызылорда қаласындағы Еңбек Даңқы аллеясына ескерткіш қойылған. Бюст қоладан жасалып, қызыл гранитті тұғырға орнатылған. Тұғырдың көлемі – 0,78 x 0,92 м, биіктігі – 3 м. Авторлары – мәскеулік мүсінші А. Пекарев, сәулетші А. Б. Борецкий. 1996 жылы қыркүйек айында ардагердің атымен аталатын көшеге, Ы. Алтынсарин атындағы кинотеатр алдына көшірілді. Авторы – М. Үмбетов.

АРАЛ АУДАНЫ БОЙЫНША

Арал ауданы - Қызылорда облысының солтүстік-батысында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. Аудан 1929 жылы құрылған. Орталығы - Арал қаласы 1938 жылы қала мәртебесін алған. Жерінің аумағы - 5554574 га, жалпы ауданы бойынша 24,4 %-ды құрайды. Ауданда 73 160 адам тұрады (11,4 %), халқының тығыздығы 1 шаршы метрге - 6,2 адамнан келеді. Аудандағы 58 елді мекен 1 қалалық, 2 кенттік және 12 ауылдық округке біріктірілген. Ауданның облыс орталығымен ара қашықтығы - 448 шақырым.

Ауданның климаты тым континенттік, жазық және шөлейтті, жазда +43 градус ыстық, қыста күшті жел мен дауылдан тұратын -39 градусқа дейін аязды болып келеді.

Аудан батысы мен солтүстігінде Ақтөбе облысының Шалқар, Ырғыз аудандарымен, солтүстік-шығысында Қарағанды облысының Ұлытау ауданымен, шығысында облыстың Қазалы ауданымен, оңтүстігінде Қарақалпақ Республикасымен шектеседі. Аудан аумағы толығымен дерлік *Тұран ойпатының* солтүстігінде, *Арал ойысында* жатыр. Солтүстік-батысында біршама көтеріңкі, аласа келген қыраттар мен таулар орналасқан. Аудан жерінің ең биік жері – Шевченко шығанағынан солтүстік-батыста жатқан тау (324 м). Солтүстігінде Алтыншоқысу (249 м), Тербенбес (208 м), Көлқарашоқы (240 м), Көкарал түбегінде Дәуіт (161 м), Көктырнақ түбегінде Үшшоқы (188 м) таулары орналасқан. Бірнеше ірі құмды алқаптар бар. Олар – солтүстік-батысындағы *Кіші Борсық құмы*, солтүстігінде *Баршақұм*, орталық бөлігінде *Арал Қарақұмы*, *Жіңішкеқұм*, *Дарбас* құмы. Арал теңізі жағалауында Көкарал, Көктырнақ, Барсакелмес, Шұбартарауыз, Құланды түбектері, Чернышев, Тұщыбас, Шевченко, Бутаков, Сарышығанақ шығанақтары және Берг мойнағы орналасқан. Түбектерде Изенарал, Ұзынарал, Қаратөбе, Домалақ, Айдарлы, т.б. мүйістер бар. Ауданды екі бөліп Аралға құятын Сырдария өзені ағып жатыр. Оның атырауында аудандағы көлдердің басым бөлігі орналасқан.

Ірілері: Қамыстыбас, Тұщыбас, Шөмішкөл, Ақшатау көлдері, т.б. Атырауынан біршама алыста жатқан көлдерге Жақсықылыш көлі жатады.

Арал ауданының географиялық жағдайы Арал теңізімен тікелей байланысты. Аудан халқы балық, мал шаруашылығы және тұз өндірумен айналысады. Тұз өндірісі Арал теңізінің солтүстік жағасында орналасқан Арал қаласынан 21 шақырым жерде Жақсықылыш деп аталатын жерде өндіріледі. Сонымен қатар, кварц құмынан шыны жасау өндірісі дамып келеді.

Ауданда «Барсакелмес» табиғи мемлекеттік қорығы орналасқан. Қорық 1939 жылы құрылған. Қорықтың жалпы ауданы - 160826 га. Қорықта сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлері бар. Мысалы, құлан, киік, тасбақа, жылан, құстар және т.б.

Арал ауданының балықшылары қиын кезеңдерде ашаршылыққа ұшыраған Повольжия тұрғындарына 14 вагон балық жіберіп көмектескен.

Абай – ауыл, округ орталығы. Ауданның қиыр солтүстік-шығысында, Арал қаласынан 110 км жерде, Баршақұм құмының орталық бөлігінде, шөл белдемінде орналасқан. Іргесі 1930 жылы қаланған. 1957 жылға дейін қаракөл қойын өсіретін «Қарақұм» кеңшары мен ауылдық кеңестің орталығы болып келді. Ауылда және округке қарасты Ерімбетжаға, Көкаша, Қаратерең ауылдарында шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Айғырбайтал – төбе. Арал теңізінен солтүстік–шығысқа қарай, Алтыншоқысу жотасында. Абс. биіктігі – 212 м.

Айғырбұлақ – бұлақ. Арал теңізінен солтүстік–шығысқа қарай, Алтыншоқысу жотасында. «Үлкен бұлақ» мәнінде қалыптасқан атау.

Айдаркөл – көл. Әйтеке би кентінен батысқа қарай 62 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында.

Айдарлы – мүйіс. Арал теңізінің солтүстік–шығыс бөлігінде. Бұл атау жердің, төбе мен шоқының биіктігін айдарға теңеуден қойылған. Яғни, «биік жер, шоқы, төбе, биік жота» не «қамыстан айдары бар жер» мәніндегі атау.

Айдарлы – құдық. Арал Қарақұмында.

Аймандай – құдық. Баршақұмның оңтүстік–батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Айтбай – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстік–батыс бөлігінде. Тереңдігі 2 м, шығымы 240 л/с. Ру атынан қойылған атау.

Ақбай – ауыл, Қамыстыбас ауылдық округінің құрамында. Аудан орталығы – Арал қаласынан оңтүстікке қарай 85 км, округ орталығы – Қамыстыбас ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 10 км жерде, Басықара каналының бойында орналасқан. 1996 жылға дейін қаракөл қойын өсіретін кеңшардың орталығы болып, ауыл Ақирек деп аталған. Кеңшар негізінде Ақбайда шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Ақбасты – қоныс. Арал теңізінің шығыс жағалауында. Өсімдік атынан қойылған атау.

Ақбасты – ауыл. Арал қаласынан оңтүстік–батысқа қарай 220 км қашықтықта, Көкарал түбегінде.

Ақбасты – бұрынғы арал атауы. Арал теңізінің шығысында, жағалаудан 12 км қашықтықта, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай

созылып жатыр. Жерінің ауданы – 8 шаршы км, ұзындығы – 10 км-ге жуық, ені – 1,3 км. Ақбастының жер бедері жазық, құмдақты шөгінділерден түзілген. Ақбасты теңіз суының саяздануына бацланысты көршілес жатқан Қосарал, Құсжетпес, (Көзжетпес) Қараарал және Орысқамыс аралдарымен бірігіп, теңіз жағалауына айналған. Ақбасты аралы туралы алғашқы мәліметтер Л. Берг экспедициясынан кейін жинақтала бастады.

Ақбауыр – төбе. Арал теңізінің солтүстігінде. Абс. биіктігі - 199 м. *Ақ* және *бауыр* сөздерінің бірігуінен жасалған атау. «Бауыры ақ тау, төбе» мәніндегі атау.

Ақбауыр – қыстау. Арал теңізінің солтүстігінде.

Ақберген – қыстау. Баршақұмның оңтүстік–батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ақбике – жер атауы. Бөген аулының солтүстік бетінде, қазір ел қоныстанбайтын құм төбе. Онда ілгеріде Нұрбай байдың бәйбішесі Ақбике жылқы шаруашылығын басқарып отырған. Сол себепті бұл төбе Ақбике деп аталады.

Ақбөгет – көл. Әйтеке би кентінен батысқа қарай 66 шақырым жерде, Сырдария өзенінің аңғарында.

Ақеспе – ауыл. Арал қаласынан батысқа қарай 88,5 шақырым жерде, Арал теңізінің аңғарында. «Жағасының топырағы ақ, жазда құрғап қалатын өзен маңындағы ауыл» болғандықтан берілген атау болса керек.

Ақирек ауылдық округі – 2005 жылы құрылған. Округ орталығы – Ақбай ауылы. Жер көлемі – 39 861 га. Елді мекендегі халық саны – 924 адам. Ауылдық округ облыс орталығынан – 356 шақырым, аудан орталығынан – 90 шақырым қашықтықта орналасқан. Ауылдық округтің шығысы Қазалы ауданымен шектеседі. Оңтүстігі мен оңтүстік-батысында Бекбауыл ауылдық округінің жері. Батысында Қамбаш ауылдық округі орналасқан. Ауылдық округтен 13 шақырым қашықтықта Ақирек тауында Арыстанбаб түнеуханасы бар.

Ақкөл – жер атауы. Қардың еріген суының, жауған жаңбыр суының жиналып, көл болған жері. Бұл су көл болып ұзақ сақталған. Сол кездегі тұрғындар бұл жерге қауын-қарбыз, тары егіп тіршілік жасаған.

Ақкөл – Арал теңізінде, Қаратерең түбегі мен Токпан теліміндегі қолтық. Қолтықтың аумағы – 22,0 мың га. Теңіз суы толық кезде Ақкөлдің балығы мол, жағалауының шөбі шүйгін, әрі малға жайылым болды. Сырдария тасығанда ғана Ақкөлді жергілікті тұрғындар суын шаруашылыққа пайдаланды. Қазір қолтықта су жоқ.

Аққұдық – құдық. Арал қаласынан оңтүстік–шығысқа қарай 46 км жерде.

Аққұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік–шығыс бөлігінде, Көктырнақ түбегінде.

Аққұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік–шығысында.

Аққұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік–шығысында, Көкарал түбегінде.

Аққұйма – құдық. Сексеуіл ауылынан оңтүстікке қарай 7 км жерде.

Аққұлақ – ауыл. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 82 км жерде, Сырдария өзенінің бойында, Арал ауданында. Өсімдік (белянка) атынан қойылған атау.

Аққұлақ – елді мекен. Атаудың бірінші сыңарындағы *ақ* сын есім топонимдер құрамында келгенде «кең-байтақ, үлкен, зор», «таза», «мөлдір», «тұнық» мағыналарын білдіреді. Ал атаудың екінші сыңарындағы *құлақ* географиялық термин әрі жалпы есім (аппелятив) ретінде түркі тілдерінде гидронимдік мәніндегі атаулар құрамында жиі қолданылады. Яғни, құлақ – «арықтағы суды жырып әкететін кішкене тоспа».

Осы жерде дене тұрқы 13-28 см., құйрығының ұзындығы 150-200 гр. Сусар тұқымдас, көбіне құмдауыт, шөлейт не өзен, көл жағасындағы қамыстар мен жықпыл тастар арасында жүретін кішкентай жыртқыш аң болады екен. Жер аты сол аңның атынан қойылып, кейін сол жерге орналасқан елді мекен атын иеленуі де мүмкін.

Ақлақ тоспасы – Сырдарияның Кіші Арал теңізіне құяр сағасындағы бөгет. Ақлақ тоспасы Кіші Арал теңізін сумен толықтыру мақсатында салына бастады. 2006 жылы іске қосылған. Тоспаға баратын жолдың ұзындығы – 19,5 км, ені – 12 м, биіктігі – 5,5 м, радиусы – 9 м үш су өткізгіш (жібергіш) тесігі бар. Тоспа іске қосылғанда теңіз жағалауындағы құрғақ көлдер мен қолтықтар суға толады деп жоспарлап салынған.

Ақмұрын – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында.

Ақтабай – сай. Арал теңізінің солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ақтабанқұм – құм. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. Құм топырағының не тасының ақ, тазалығымен байланысты қойылған атау.

Ақтақыр – төбе. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 107 м. «Өсімдікке өте кедей, не тауы, не тасы, не ағашы жоқ, жалаң тақыр жер» мәніндегі атау.

Ақтан – құдық. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 46 км жерде. Тереңдігі – 2 м, шығымы – 100 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Ақшатау – көл. Арал ауданындағы Бекбаулы темір жол бекетінен батысқа қарай 24 км жерде орналасқан. Аумағы - 25,5 шаршы км, ұзындығы – 7,7, км, ені – 5-7 км, ең терең жері – 2,5 метрге жуық. *Ақша* және *тау* сөздерінен жасалған. «Ақ, ақшыл болып көрінген, шаңқан тау» мәніндегі атау. Тау атынан көлге берілген болса керек. Суы кермек. Ақшатау Сырдариямен арна арқылы жалғасады. Батыс жағалауында қалың қамыс өседі.

Алтықұдық – темір жол бекеті. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 6 км жерде. Бұл жерде алты құдық болғандығын аңғартатын атау.

Алтынбай – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Алтыншаған – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде.

Алтыншоқысу – жота. Арал теңізінің солтүстігінде, Тұран ойпатында. «Алтынды, жақсы төбеден, шоқидан ағатын су» мәніндегі атау.

Амангелді – қыстау. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Аманөткел – ауыл, округ орталығы. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 96 км жерде, Сырдария өзенінің жағасында орналасқан. Ауыл 1962 жылы балық аулау базасының орталығы болды.

Арал – теңіз. Өзбекстан мен Қазақстан (Қызылорда және Ақтөбе облыстарында) жерінде, Тұран ойпатының шөлді белдемінде, Үстірттің шығыс шетінде орналасқан. Алабындағы қарқынды антропогендік әрекеттерге дейін (1960-70 ж) дүние жүзілік деңгейінен 53,0 м биіктікте жатқан. Алабындағы шаруашылық мақсаттарға үздіксіз су алу барысында 1998 жылы теңіз деңгейі 18 метрге төмендеді (1997 ж). Нәтижесінде теңіз 2 су қоймаға – Үлкен Арал және Кіші Арал болып бөлініп қалды. Арал теңізі көне замандардан белгілі. Ежелгі гректер мен Римдіктер теңізді Каспийдің «сақ шығанағы» деп есептесе, А.Македонский кезінде Окс теңізі (Окс – Сырдарияның грекше аты) деп атаған. Кейін Птолемей оның географиялық орнын анықтаған. Арал теңізінің Хорезм теңізі, Жент теңізі, Кердері теңізі сияқты аттары да бар. 1850 жылы теңіздің алғашқы толық картасы жасалды. Арал теңізіне Орталық Азияның 2 аса ірі өзендері (Әмудария мен Сырдария) құяды. 1970 жылдан бастап көлге құятын өзен ағындысы жоққа тән болғандықтан, булануға кеткен шығынды толтыруға шамасы жетпейді, сондықтан теңіз суы жылдан жылға тартылып келеді. Алғаш Әмударияның атыру тұсы Арал теңізі аталып, кейін теңіз түгелімен Арал аталған. Ен жазық далада оғаш, жеке, дара арал іспеттес тұрған теңіз болғандықтан қойылған атау.

Арал Қарақұмы – құмды алқап. Арал теңізі мен Торғай үстіртінің аралығын, Ақтөбе, Қарағанды және Қызылорда облыстары аумағының бір бөлігін алып жатыр. Ауданы 35 мың шаршы км шамасында. Алқап беті солтүстіктен оңтүстікке қарай бірте-бірте аласарып, Арал теңізі маңында жағалық құм белдеуіне ұласады. Біртұтас құм алқабы ойысты жеке бөліктерге бөлшектенген. Құм алқабы бор және палеоген жыныстарының үгілуінің нәтижесінде түзілген. Одан жоғары Көлқұдыққұм, Жіңішкеқұм, Алайғырқұм, Үлкенқұм орналасқан. Арал Қарақұмы жер асты суына бай. Тұщы су жер бетінен 2-3 м тереңдікте, ал артезиан суы бор және палеоген жыныстары қабаттарында 100-200 м тереңдікте жатыр.

Аралқұм – жер атауы. Арал қаласынан шығысқа қарай 40 км жерде орналасқан. Жерінің климаты өте қатаң. Ауаның температурасы +10С-тан жоғары болатын кезең 175-195 күн. Аралқұм аймағында көне заманнан қалған бұйрат және жады бұйратты құмдарына тән өсімдіктер қара сексеуіл аралас жүзгін, баялыш, жусан мен эфермелер өседі. Аралқұм жерінен темір жол өтеді. Мұнда осы аттас темір жол станциясы бар. Жер аумағы – 5836 га, оның 4923 га-сы қырдың жайылымы.

Аралқұм – ауыл, темір жол бекеті, Аралқұм ауылдық округінің орталығы. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 37 км жерде. *Арал* – «өзен, көл, дария ортасындағы алаң, өсімдікті, орманды жер» және *құм* –

«ұсақ тас, қиыршықтар» сөздерінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «Кең жазық, ең даладағы құмды жерде кездесетін үйінді төбе құмдар».

Арал ойысы – жер атауы. Арал теңізінің ойпатын және оның солтүстігін, шығысы мен оңтүстік-шығысын алып жатқан мезозой-кайнозой шөгінділерінен түзілген тектоникалық құрылым, геоморфиялық тұрғыдан алғанда солтүстік Қызылқұмға жалғасып жатқан ойпат. Тұран плитасының құрамына енеді. Ауданы – 350 мың шаршы км шамасында. Ойыстың Юра мен бор шөгінділерінде мұнай мен газ, палеоген жыныстарында қоңыр көмір, темір кендері кездеседі, сондай-ақ жерасты суының мол қоры бар.

Арал тұз кендері – жер атауы, Арал теңізі алабындағы түбіне тұздар шөккен көлдер. Тұз кені негізінен Болғасынтұз, Қорғантұз, Жақсықылыш, Кішкенетұз, Бұғажайлы (Арыс көлі), Қаратұз ойпаттарындағы көлдерде орналасқан. Олардан галит, тенардит, мирабилит, эпсомит, астраханит тұздары өндіріледі. Аталған тұздардың ішінде тенардит барлық көлдерден алынып біткен. Оның 20-ғасырдың соңғы жылдарындағы жаңадан шөгуі бірнеше мм-ден аспайды. Арал тұз кендерін игеру көп қаржы, материал және еңбекті талап етпейді. Олардағы әр түрлі пішінді және өлшемді кен шоғырлары тұздардың бірнеше түрінен тұрады. Сондықтан мұндай көп құрамды шикізатты кешенді игеру өте тиімді.

Астаусор – жер атауы. Бұл жерді жағалай үлкен сор болған. Бұрын «Жігер» колхозы деп аталып, 50-60 үй мекен еткен. Сордың болуына байланысты Астаусор деп аталған. Манасбай Оралбайдың мынадай өлеңі бар: «Астаусор деген қала бар, Мәскеуменен пара-пар...»

Ауан (Аван) – Кіші Арал теңізінің оңтүстігінде, Көкарал түбегінің солтүстігіндегі жер атауы. Жерінің аумағы – 0,3 мың шаршы км. 20-ғасырдың басында осы өңірге жер аударылған орыс, қалмақ, неміс, кәріс, т.б. ұлт өкілдері тұрған. Ертеректе мұндағы тұрғындар теңіз жағасынан естілетін әуенді (дыбысты) «обен» деп атаған. Жергілікті халық балық аулаумен айналысқан. Балық қабылдау пункті жұмыс істеген. Жер бедері жазық, құмдақты. Арал теңізінің тартылуына байланысты қазір Ауан құрлыққа айналған. Тұрғылықты халық көшіп кеткен.

Аша – құдық. Қаратүп түбегінде.

Ащықұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде, Көктырнақ түбегінде. *Ащы* және *құдық* сөздерінен жасалған атау. Бұл сайда ащы сор көп болғандықтан осылайша аталса керек.

Әлибай – құдық. Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Әулие – қыстау. Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде.

Байқұн – бұлақ. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында.

Байталыбұлақ – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. «Байталы деген кісінің бұлағы» мәніндегі атау.

Байшора – мүйіс. Көктырнақ түбегінің шығыс бөлігінде. Ру атынан қойылған атау.

Балғабай каналы – жарма және Тұщы көлдерінің жүйесі. Балғабай Жолшыұлы атақты Нұржан Ишан атаның (1840-1922) әкесі.

Барсакелмес – түбек. Арал теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде. Теңіз суы тартылғанға дейін ұзындығы - 28 км , енді жері - 8 км, ауданы - 133 шаршы км арал болған (1987ж). Түбек ендік бағытта созылып жатыр. Жер қыртысы неоген шөгінділерінің сазды тақтатаc және мергель тау жыныстарынан тұрады. Оның бетін төрттік кезеңнің шөгінділері жапқан. Жер бедері дөңесті-белесті болып келеді. Абс. биіктігі – 113 м (Шағалалы төбесі). Атаудың шығу тарихы жөніндегі аңыздардың бірінде: сол аралды қыстап шығуға барғандардың, қапелімде мұз түсіп кеткендіктен, құрлыққа қайта алмай қалғандығы жайлы айтылады. Сол себепті де Барсакелмес деп аталып кеткен.

Барсакелмес қорығы – жер атауы, Арал теңізінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. 1939 жылы ұйымдастырылды. Жер аумағы – 20 мың га. Қорық жерінің негізі – құммен қоршалған саз топырақты сортаң шөл.

Баршақұм – құмды алқап. Арал Қарақұмының солтүстігінде орналасқан. Алқап Арал ауданында солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 110 км-ге созылып жатыр, енді жері – 40 км, аумағы – 1,7 мың шаршы км, абс. биіктігі – 112 м. Құм төбелері арасында Берді, Аймандай, т.б. құдықтар және Бөбешек, Мейірман, Жылданды, Манасбай, Көкқабак қыстаулары кездеседі.

Басбақ – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 108 м.

Баян – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария алабында. Кісі есімінен қойылған атау.

Бегім ана мұнарасы – шамамен 10-12 ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 35 км жерде. 1979 жылы Қазақстан тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының экспедициясы (жетекшісі Ә. Оспанов) зерттеген. Аңыз бойынша, Бегім ана Жанкент әмірінің әйелі, нақақ жаланың құрбаны болған. Мұнара шикі кірпіштен тұрғызылған, екі қатар күйдірілген кірпішпен қапталған. Биіктігі – 10,5 м. Мұнара ескерткіш үшін не әлдебір белгі беруге, қарауыл қарау үшін салынуы мүмкін деген болжам бар.

Безымянный – мүйіс, қоржынды түбегінің оңтүстігінде.

Бекбауыл (Бекбаулы) – ауыл, темір жол стансасы. Қамыстыбас ауылдық округі құрамында, Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Іргесі 1904 жылы Ташкент-Орынбор темір жолын салуға байланысты қаланды. Бекбауыл арқылы Қызылорда – Ақтөбе темір жолы мен автомобиль жолы өтеді. Кісі есімімен қойылған. Бекбауыл – Жанқожа батырдың немере інісі, батыр, би болған кісі.

Бектай – қыстау. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Бекетай – канал атауы. «Тұщы көлдері» жүйесіне су жіберуге арналған. Бұл канал Бөген балық зауыты кезінде қазылған. Кісі атынан қойылған. Бекетай Қатпаұлы сол маңға жерленген.

Бектеміс – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Берді – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Тереңдігі – 2 м, шығымы – 80 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Бердікөл – Қосаман ауылының оңтүстік-шығыс жақ бетінде төбенің басында кішігірім көнеден келе жатқан қорымы бар жер аты. Бұл – Жақайым тайпасының Игілік аталығы ұрпақтарының қорымы. Осы төбенің басында Берді деген кісінің мүрдесі жатса керек. Көне көз қариялардың айтуы бойынша, 18-ғасырдың соңы мен 19-ғасырдың басында өмір сүрген Берді өзінің өлер шағын алдын ала біліп: «Мен өлгеннен соң денемді Төртқара тайпасының шекарасына жақын қойыңдар, себебі ертең артымдағы ұрпағыма жер дауы туындаған сәтте талас болмасын», – деген өсиет қалдырса керек. Сол бейітке онша қашық емес, өткен ғасырдың 80-жылдары Арал-Сарбұлақ су көтеру бекеті орналасқан.

Бердікөл – көл. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында.

Бикмана – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Бозғұл – көл. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында. Ру атынан қойылған атау.

Боранбай – қыстау. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Боранқұл – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұм өңірінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Бөбешік – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде.

Бөген – ауылдық округ орталығы. Арал қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 85 км жерде, Арал теңізінің аңғарында. Бөген ауылының бастапқы атауы «Қалия» (Ғалия болуы да мүмкін). Қалия ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген атақты Нұрбай байдың екінші әйелі. Бөген сөзі су қоймасы дегенді білдіреді. Кеңес өкіметі орнаған соң Бөген атауы «Көнебөген» атауына көшкен. Уақыт өте келе «Қалияға» ел қоныстанып, «Қалия» Бөген ауылы деп аталып кеткен.

Бөгеткөл – жайлау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында.

Бөген – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Арал теңізінің солтүстік-шығыс алабында.

Бутаков – шығанақ. Арал теңізінің қиыр солтүстігінде, Шұбартарауыз және Көктырнақ түбектері аралығында орналасқан. 1997 жылғы деректер бойынша Бутаков шығанағының ұзындығы - 20 км, теңізге шығар жерінің ені – 3-4 км. Арал теңізін зерттеуші А.И.Бутаковтың құрметіне қойылған атау.

Бұзауөлген – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Осы құдыққа бұзау түсіп өлгендіктен қойылған атау.

Бұлтық – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде, Көктырнақ түбегінде. Абс. биіктігі – 149 м.

Бұралған – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде.

Бірқопай – көл. Құланды түбегінде.

Возрождение – арал. Арал теңізінің батыс бөлігінде орналасқан. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 150 км-ге созылған, енді жері – 60 км-ге жуық,

абс. биіктігі – 93 м. Возрождение Кеңес үкіметі кезінде химиялық-бактериялық қарудың сынақ алаңы болған. Аралды орыс зерттеушісі А.Н.Бутаков 1848 жылы алғаш рет сипаттап жазған.

Даулықсай – сай. Арал теңізінің солтүстігінде. «Дау руының сайы» мәніндегі атау.

Дәуқара – бұлақ. Құланды түбегінде. Ру атынан не кісі атынан қойылған атау.

Дәуқараның тұзы – көл. Құланды түбегінде.

Дәулетжаға – төбе. Арал қаласынан солтүстік-батысқа қарай 115 км жерде. Абс. биіктігі – 136 м. «Дәулеттің төбесі» мәніндегі атау болса керек.

Дәуіт – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында, Арал Қарақұмында. Абс. биіктігі – 161 м.

Дерім – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде.

Домалақ – тұйық көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің оң жағасында, Кіші Борсық және Арал Қарақұмы аралығында теңіз деңгейінен 69 м жоғары орналасқан. Оның аумағы – 35,2 шаршы км, ұзындығы – 10,3 км, енді жері – 6,5 км. Қар және жерасты суымен толысады. Жазда мүлдем тартылып қалады. Суы тұзды, көктемде мал ішеді. Алабы шабындық ретінде пайдаланылады. Көлдің сыртқы көрінісіне сай қойылған болу керек.

Домалақ – мүйіс. Арал теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде, Көкарал түбегінде.

Достан – бұлақ. Арал теңізінің солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Дөңгелексор – қыстау. Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. «Дөңгелене біткен сортаңды жер» мәніндегі атау.

Егізек – қоныс. Арал теңізінің солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Екінші Аралқұм – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде.

Ерсары – құдық. Арал Қарақұмының солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ерімбетжаға – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде. «Ерімбеттің жағадағы қыстауы» мәніндегі атауы.

Есетқұм – құм. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. «Есеттің құмы» мәніндегі атау.

Ескене – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ескіқамыстыбас – қыстау. Арал қаласынан оңтүстікке қарай, Қамыстыбас көлінің аңғарында.

Ескіұра – ауыл. Әйтеке би кентінен солтүстік-батысқа қарай 40 км жерде. «Ескі жерден қазылған жабық көмбе» мәніндегі атау.

Жақас – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұм өңірінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жақсықылыш – жота (қыратты тау жұрнағы). Солтүстік Арал маңында орналасқан. Абс. биіктігі - 110 м, ұзындығы - 28 км, ені - 5-10 км.

«Жаксы мекен» ұғымындағы атау. «Жаксыға» қосарланған «қылыш» сыңары: «тар өткел», әйтеуір сондай бір тар, қысалаң, қылталы жерге тән ұғым. Қазақша қылы сөзіне кішірейткіш - ша қосымшасы жалғанған тұлға (диал.), келе-келе аяққы а дыбысының жартылай естілуі немесе соңғы ы дыбысы әсерінен, мүлде естілмей (айтылмай да) қалуы заңды құбылыс. Қылыш (а) – «тар арық».

Жаксықылыш – көл. Сырдария өзеннің сағалық алабында, Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағында, Арал Қарақұмы мен Жаксықылыш тауының аралығында орналасқан. Көл Арал ауданының 74, 5 км аумағын алып жатыр. Көл негізінен қар, жауын-шашын және грунт суымен толысады. Арал теңізінің тартылуына байланысты көлдің аумағы күрт қысқарды, тек көктемде ғана суы болады, шілде айынан бастап бетін тұз басып, құрғақ ойысқа айналады. Бұл жерде Қазақстандағы сульфат және ас тұзын өндіретін ірі кен орны орналасқан.

Жаксықылыш – кент, кенттік округ орталығы. Арал қаласынан шығысқа қарай 25 км жерде, өзімен аттас көлдің оң жағалауындағы құм-жусан аралас көкпек, бидайық, еркекшөп өскен құмайтты сор топырақты шөлдік белдемде орналасқан. Бұрынғы атауы – Аралсульфат кенті.

Жалағашкөл – көл. Сырдария алабында, Сырдарияның сағалық арнасының оң жағалауында, теңіз деңгейінен 58,3 м биіктікте жайласқан. Кезінде Сырдарияның жайылмасымен толысатын, көршілес ірі Қамыстыбас көлімен ұласып жататын. Батыс және оңтүстік жағалауы жайпақ, батпақты, шығысы көтеріңкі. Арал теңізінің тым шегініп кетуінен Жалағашкөлдің шарасы жазда мүлдем кеуіп қалатын болды. Көктемгі қар ерігенде ғана аздап су жиналады. Алабы көктемгі шабындық.

Жалаңаш – ауыл, Мергенсай ауылдық округінің орталығы. Бұл жерді Жамбыл, Бірлестік деп те атайды. Бұрын Жамбыл, Бірлестік балық колхоздары бірігіп, осы жерде Жамбыл колхозы құрылған. 1997 жылы Жамбыл өндірістік кооперативі болып қайта құрылған.

Жалаңашқа Мергенсайдағы, Үшшоқыдағы, Сарықұмдағы тұрғындар көшіп келіп, Жалаңаш ауылы болып қайта құрылған. Арал қаласынан оңтүстік–батысқа қарай 55 км жерде. Ауыл маңында ешқандай ағаш, өсімдік өспейтіндіктен, «жалаңаш жел өтіндегі мекен» мәнінде қойылған атау.

Жалаңаш – қойнау. Арал теңізінің солтүстік–шығыс бөлігінде.

Жалғызатау – темір жол бекеті. Арал қаласынан солтүстік-батысқа қарай 7 км жерде.

Жалжанқазған – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. «Жалжан есімді кісі қазған құдық» мәніндегі атау.

Жалмұрат – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жалпақсор – жер атауы. Кіші Борсық құмының солтүстігіндегі ойыс. Арал және Ақтөбе облысының Шалқар аудандары жерінде орналасқан. Ұзындығы – 35 км, ені – 20 км-ге жуық, теңіз деңгейінен 67-70 м биіктікте жатыр. Сор және сортаң қоңыр топырағында бұйырғын, тасбұйырғын,

бұзаубас, сораң, сарсазан, сарықанбақ, ақтікен, кермек, қаражусан сияқты сораң шөптер өседі.

Жаман ақай – төбе. Арал теңізінің солтүстігінде. Абс. биіктігі - 124 км. Беткейінде өсімдік, ағаш өспейтін жалаңаш, не мүлде аласа, жатаған, көзге қораш, Ақай руының атымен аталған төбе атауы.

Жаманшығанақ – жер атауы. Арал теңізінің Тұщыбас қолтығының батыс жағында орналасқан. Арал қаласынан 180 км батыста. Климаты континентті. Қаңтар айының орташа температурасы – 9-13 С, шілде де 25-27 С. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері – 115-130 мм. Өсімдік жамылғысы бұталар аралас еркекшөп, жусан, қоянсүзек, жүзгін, эфермерлерден тұрады. Мұнда кезінде Шығанақ атты қой фермасы орналасқан.

Жанқожа – құдық. Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. Тереңдігі - 3м, шығымы - 40 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Жантақты – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Бұл жерде жантақ көп өскендіктен қойылған атау.

Жанту – тақыр. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. Кісі есімінен не ру атынан қойылған атау.

Жанысбике – бұлақ. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында. Кісі есімінен қойылған атау.

Жаңақоныс – ауыл, Қаратерең ауылдық округі құрамында. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 212 км жерде, Сырдарияның шағын көлдер қоршаған атырауында орналасқан. Ауылда балық аулаумен айналысатын бірнеше шаруа қожалығы жұмыс істейді.

Жаңақұрылыс - ауыл, өзімен аттас ауылдық округінің орталығы. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 135 км жерде, Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзеннің аңғарында орналасқан. «Жаңадан басталған құрылыс, жаңа құрылысшылар аулы» мәніндегі атау. Ауыл 1973-1996 жылдары Қазалы ауданындағы өзімен аттас кеңшардың орталығы болған. Кеңшар негізінде Жаңақұрылыста бірнеше шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Жаңаталап – ауыл орны. Арал қаласынан солтүстікке қарай 42 км жерде.

Жарлыпес – бұлақ. Арал теңізінің солтүстігінде. «Суы аз бұлақ» мәніндегі атау.

Жаршағыл – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде.

Жаураған – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұм өңірінде. Абс. биіктігі - 103 м.

Жаураған – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұм өңірінде.

Жетікөл – құдық. Арал қаласынан батысқа қарай 41 км жерде.

Жиделі – шығанақ. Арал теңізінің солтүстігінде. «Жидесі көп, жиде ағашы қалың өскен жер» мәніндегі атау.

Жиделісай – сай. Арал теңізінің солтүстігінде. Сайда жиденің көп өсуіне байланысты қойылған атау.

Жойбар ата – жер атауы. Бөген ауылынан 7-8 шақырым оңтүстік беттегі төбенің және бейіттің аты. Бейіт құлпытасындағы жазуды әзірге ешкім оқи алмаған. Бірінші пікірде Жойбар ата 1743 жылға дейін осы маңда қазақтармен бірге аралас-құралас отырған қарақалпақтардың бірі, дін иесі, араб Әзіреті Әлінің 3-әйелінен тараған жұрағаттар ізінен.

Жуаныш – бұлақ. Құланды түбегінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жұлдыз – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзеннің бойында. Ру атынан қойылған атау.

Жұмбас – тау. Арал қаласынан батыс қарай 53 км жерде. Абс. биіктігі - 178 км.

Жүзгенді – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде. Басында жүзген көп өсетін құдық болғандықтан қойылған атау.

Жыланбас – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршықұмның батыс бөлігінде. Басында көп өсетін өсімдік атынан қойылған атау.

Жыланды – құм. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында. «Жыланы көп, жылан жиі кездесетін (құм)» мәніндегі атау.

Жыланды – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұм өңірінде. Абс. биіктігі - 102 м.

Жыланды – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде.

Жыңғылды - көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзеннің аңғарында. «Жыңғылы көп, жыңғыл қалың өскен жер» мәніндегі атау.

Жыңғылтүбек – жер атауы, Арал теңізінің қазақстандық бөлігіндегі түбек. Арал теңізінің шығыс жағалауында, Қасқақұлан аралынан шығысқа қарай 21,0 км жерде орналасқан. Аумағы – 17854 га. «Жыңғыл қалың өсетін түбек» мәніндегі атау.

Жігер – қыстау. Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жіңішкеқұм – құм. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзеннің аңғарында. *Жіңішке* және *құм* сөздерінен жасалған атау. «Жіңішке алқапты алып жатқан жер, құм» мәніндегі атау.

Жіңішкеқұм – ауыл, Жіңішкеқұм ауылдық округінің құрамында. Арал қаласынан шығысқа қарай 130 км, округ орталығы – Тоқабай ауылынан 110 км жерде, Жіңішкеқұм құмды алқабының шығысында орналасқан. Ауыл 1976-1996 жылдары өзімен аттас кеңшар бөлімшесінің орталығы болып келді.

Илеубай – құдық. Арал теңізінің солтүстік шығысында, Баршақұм өңірінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Изендіарал – мүйіс. Құланды түбегінің оңтүстік-шығыс бөлігінде. Өсімдік атынан аталған атау.

Кенділібауыр – бұлақ. Қаратүп түбегінде. Бұлақ маңайында, баурайында кендір өсімдігі көп өсетіндіктен қойылған атау.

Кенжембай – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Кердері мазары – Арал теңізінің табанындағы нысан. 2001 жылы «Арал – 2001 жыл» археологиялық экспедициясының (жетекшісі археолог Т. Мәмиев) зерттеуі барысында Қаратерең қыстағынан 75 км оңтүстік-батыстан табылған. Археологиялық барлаудың нәтижесінде жәдігер – мавзолей екендігі анықталды.

Кержығылған – жер атауы. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Ерте заманда бәйгеге қосқан кері аттың жығылған жері. Сондықтан осы жер «Кержығылған» деп аталып кеткен.

Керішкұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршықұм өңірінде. «Қатты тас грунттан қазылған құдық» мәніндегі атау.

Кесекұм – төбе. Арал қаласынан солтүстікке қарай 83 км жерде, Баршақұмның батыс бөлігінде. Абс. биіктігі - 106 м. «Төңкерілген кесеге ұқсас құм төбе» мәніндегі атау.

Кетіксуат – темір жол бекеті. Арал қаласынан оңтүстік – шығысқа қарай 54 км. жерде. «Бір жағы жырылған суат» мәніндегі атау.

Кіші Арал – жер атауы. Арал теңізінің шағын солтүстік бөлігі, бұрынғы Көкарал түбегі мен Берг бұғазы арқылы бөлінген. Жер аумағы – 0,9 мың шаршы км. Кіші Аралдың Шевченко, Сарышығанақ, Бутаков атты шығанақтар бар.

Кіші Борсық – құм. Арал теңізінің солтүстігінде, Ақтөбе облысының Шалқар және Қызылорда облысының Арал аудандары аумағында орналасқан. Құм Арал теңізінен Торғай үстіртіне дейін 100 км-ге созылған, ені – 10-25 км, абс. биіктігі – 150-170 м. Ру атынан қойылған атау.

Кіші дария - өзен. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Сырдария алабында.

Кішітүбек – ауыл орны. Арал Қарақұмының оңтүстік - батыс бөлігінде, Сырдария өзеннің аңғарында.

Комсомольское - қоныс. Возрождения аралының солтүстігінде. Комсомол жастарының құрметіне қойылған атау.

Көзжетпес, Құзжетпес – жер атауы, Арал теңізінің шығыс бөлігіндегі бұрынғы арал. Жыңғылдытөбе және Қосарал аралығында. Теңіз суы тартылғанға дейін ол теңіз жағасынан батысқа қарай 19 км жерде, ауданы – 3 шаршы км, ұзындығы – 7 км, ені – 0,8 км, теңіз деңгейінен 3-6 м көтеріңкі болған. Құмайтты топырағында бұта, түйетайлы жағалауында шалғынды сораң өседі. Қазір арал құрлықпен бірігіп кеткен.

Көкарал – ауыл орны. Арал теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде. «Жасыл шөп өскен жер» мәніндегі атау.

Көкарал – жер атауы. Үлкен Көкарал мен Кіші Көкаралды бөліп тұрған бөгет. Кіші Арал теңізінің суын (су деңгейін) сақтап қалу мақсатында бұрынғы Көкарал түбегі мен Берг бұғазы аралығында жасалынды. Құрылысы 2005 жылы аяқталды. Көкаралдың дәл ортасында Кіші Арал теңізінен артық су ағатын бетоннан салынған 9 торапты қақпасы салынған. Ол секундына 295

куб метр суды Үлкен Аралға еркін жібере алады. Көкарал бөгеті арқылы Арал теңізінің шығыс және батыс жағалауларында төте жол өтеді.

Көкаша – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде.

Көкжиек – төбе. Арал қаласынан солтүстікке қарай 95 км. жерде, Баршақұмның батыс бөлігінде. Абс. биіктігі - 112 м.

Көккөл - қоныс. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзеннің аңғарында. «Тұнық көл» мағынасындағы атау.

Көкқабак – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде.

Көктем – ауыл. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 40 км. жерде, Арал Қарақұмының батыс бөлігінде.

Көктырнак – түбек. Арал теңізінің солтүстігінде орналасқан. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 30 км-ге созылып, теңізге сұғына еніп жатыр. Осы бағытта 60 м-ден 180 м-ге дейін биіктейді. Түркі тілдеріндегі көк және тырнак терминдерінен құралған атау.

Көкшекөл – қоныс. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында.

Көкшоқалақ – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Тереңдігі – 3 м, шығымы – 500 л/с.

Көлжаға – ауыл, Қаратерең ауылдық округінің орталығы. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 225 км жерде, Сырдарияның атырауындағы шағын келген Қартма көлінің жағасында орналасқан. 1996 жылдан ауылда балық аулайтын бірнеше шаруа қожалығы жұмыс істейді.

Көлқара – құдық. Арал теңізінің солтүстігінде. Мұндағы сөз тәртібі қазіргі тіл тұрғысынан Қаракөл болу керек. Алаңда анықтауыш сөздің анықтайтын сөзден кейін келуі атаудың көнелігін көрсетеді, өйткені ерте кезде түркі тілдерінде сөз тіркесімнің осындай түрі басым болған. Бұл туралы Қ.Жұбановтың еңбектерінде кездеседі. «Терең, суы мол құдық» мәніндегі атау.

Көлқарашоқы – төбе. Арал теңізінің солтүстігінде. Абс. биіктігі–240м. «Көл жағасындағы қара шоқы» мәніндегі атау.

Көлқұдық – қыстау. Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. *Көл және құдық* сөздерінен жасалған. Құдықтың суы мол болуына байланысты, яғни «көлдей құдық» деген ұғымға байланысты қойылуы ықтимал немесе «көл жағасынан қазылған құдық» деген мағынаны білдіреді.

Көне Бөген – елді мекен атауы. Патша заманы кезінде саудагер орыс-татар байлары (мәселен Темірке Ярлогаев) қазіргі Көне Бөген беттен (Бөгеннен 4-5 шақырым жер) жаз кезінде ауланған бекіре балығын күзгі қара суыққа дейін тірілей ұстай тұратын су қоймасын жасаған. Оны жергілікті тұрғындар «Қамау», «Бекіребасат» немесе «Бөген» су қоймасы деп аталған. Кеңес өкіметі орнаған соң ол жер «Кеңес мектебі» аталып, оның бұрынғы «Бөген» атауы қазір 15 шақты отбасы тұратын «Көне Бөгенге» көшкен.

Көнту – темір жол бекеті. Арал қаласынан солтүстік-батысқа қарай 25 км жерде.

Күлгірт – қыстау. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде.

Күршек – жер атауы. Ермек шегені деген құдық осы жерде болған. Бір жағында Сазды, бір жағында Октябрь колхозы. 1958 жылдан бері Күршек деп аталып кеткен. Бір орыс көпестің көшіп бара жатқанда кувшині (құмырасы) түсіп қалған. Күршекке кіре берістегі түйенің үш өркеші сияқты үш төбені Күршек төбе

Қазанғап – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қаленқазған – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. «Қален деген кісінің қазған құдығы» мәніндегі атау.

Қалыш – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қамыстыбас, Қамбаш – Арал ауданындағы ең ірі көл. Сырдария өзенінің оң жағалауында, Қамыстыбас темір жол бекетінен батысқа қарай 2 км жерде орналасқан. Қамыстыбас Сырдария алабындағы ең ірі көл. Ол ендік бағытта 30 км-ге созылған, ені – 5-8 км, ең терең жері - 10 м, аумағы – 178,0 шаршы км, жағалауының ұзындығы – 115,6 км, теңіз деңгейінен 58,1 м биіктікте жатыр. Шарасына 980 млн. куб метр су жиналады. Көл Тәуіп – Жарма каналы арқылы толығады. Оның айналасында Лайкөл, Қаязды, Жалаңаш, Райым сияқты бірнеше көлдер тізбегі бар.

Қамыстыбас, Қамбаш – ауылдық округ орталығы. Орталығы – Қамыстыбас стансасы, Арал қаласынан оңтүстікке қарай 75 км жерде, Қамыстыбас көліне таяу жерде орналасқан. 1918 жылы құрылған, жер аумағы – 21 664 га.

XIX ғасырдың бас кезінде Хиуа хандығының жаугершілігіне қарсы Сыр бойы қазақтарының ұйымдастырушысы Жанқожа батырдың сарбаздарына қару-жарақ соғушы темір ұсталарының мекені болған. 1904 жылға дейінгі атауы – Темірші. Теміршіден дайындалған қару-жарақтарды Хиуа хандығына ғана емес, орыс отаршылдарына да қарсы сілтеген. Орыс отаршылдары 1904-1905 жылдары Орынбор – Ташкент теміржолының ашылуына байланысты іргелес Қамысты көлінің жағалауындағы Қамыстыбас көлінің жағалауындағы Қамыстыбас қонысының атауымен атауды жөн көріпті.

Қанды – бұлақ. Құланды түбегінде. «Төңірегінде қанды шөп қалың өсетін бұлақ» мәніндегі атау.

Қараалып – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. Абс. биіктігі – 180 м. «Топырақ, тасы қара түсті үлкен төбе» мәніндегі атау.

Қараарық – канал. Арал теңізінің шығысында, Сырдария алабында. «Үлкен, ескі арық» мәніндегі атау.

Қарабиік – қыстау. Арал Қарақұмының оңтүстігінде.

Қаражиде – төбе. Көкарал түбегінде. Абс. биіктігі – 148 м.

Қаракөл – көл. Әйтеке би кентінен солтүстік-батысқа қарай 38 км жерде орналасқан. Қаракөлдің ұзындығы – 4,5 км, ені – 1,8 км, ең терең жері – 10 м, аумағы – 10,70 шаршы км. Көлге 32 млн. куб метр су жиналады, жағалауын биіктігі 1,5-2,0 м қамыс басып кеткен. *Қара және көл* сөздерінен

жасалған. Зерттеуші Е.Қойшыбаев «көзді көл» мағынасындағы атау дейді. Ал Т.Жанұзақтың пікірінше, атау «жер асты суы, бұлақ сөздерінен бастау алған көл» мәнін береді.

Қаракөл – батпақ. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің бойында.

Қарақұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. Т.Жанұзақтың айтуынша, атау «мөлдір қара су» мәнінде қойылған. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі қарақұдық аталатын объектінің бәріне тән ортақ қасиет, сол арада «мөлдір қара судың» бар екендігімен байланысты қойылған.

Қарақұм ауылдық округі, округ орталығы – Абай ауылы. Ауданның қиыр солтүстік-шығысында, Арал қаласынан 110 шақырым қашықтықта, Баршақұм құмының орталық бөлігінде, шөл белдемінде орналасқан. Іргесі 1930 жылы қаланған. 1957 жылға дейін қаракөл қойын өсіретін Қарақұм кеңшары мен ауылдық кеңестің орталығы болып келді. Ауылда және округке қарасты Ерiмбетжаға, Көкаша, Қаратерең ауылдарында шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Қарамыс – ауыл орны. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында, Арал Қарақұмында. «Мыстың көп жері» мәніндегі атау.

Қаратас – төбе. Баршақұм өңірінде. Абс. биіктігі – 187 м. Сол жердегі үлкен қала тастың бағдар, белгі болуына байланысты қалыптасқан атау болуы мүмкін.

Қаратас – маяк. Көкарал түбегінің шығыс бөлігінде.

Қаратерең – ауыл. Әйтеке би кентінен батысқа қарай 110 км жерде, Сырдарияның сағасында.

Қаратерең – Арал теңізінің шығыс жағындағы түбек. Қаратереңнің шығыс жағындағы жарқабақты биік бөлігін «Тастақ» деп атайды. Ертеректе Сырдария өзені осы Тастақ шыңына тірелгенде арнасын оңға жылжытып, Қаратерең қыратын солтүстік жағынан кесіп өтіп, батыс бағытпен Арал теңізіне құйған. Сол тұста Сырдария өзенінің бір тармағы оңтүстікке бұрылып, Ақкөл және Кәртiма қолтықтарын суға толтырып, Қаратерең қыратының оңтүстік-батыс мүйісін айналып, солтүстікке қарай «Құйылыс» өзегі болып аққан. Сөйтіп қырат Сырдария өзенінің атырау ішіндегі аралы болған. Бертiн келе Арал теңізінің деңгейі төмендеген соң түбекке айналған.

Қаратөбе – мүйіс. Қаратүп түбегінің оңтүстігінде. Тау, төбенің түсіне байланысты қойылған атау.

Қаратұма – шығанақ. Арал теңізінің шығысында, Қазақстан және Өзбекстан шекарасында орналасқан. 1980 жылға дейін шығанақ құрлыққа 23-25 км сұғына еніп жатқан. Сол кездегі суының тереңдігі – 1-3 м болған. «Жер астынан шығып жатқан су» мәніндегі атау.

Қаратүп – ауыл орны. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Арал теңізінің аңғарында. Бұрынғы Қаратүп колхозының орталығы болған, қазір онда ел жоқ, құмды алқап. Теңіздің толық кезінде ол маңда теңізге сұғына еніп жататын қара түбек болған. Кейін Қаратүп аталған. Түбек атынан қойылған атау.

Қаратүп – түбек. Арал теңізінің солтүстік-шығысында орналасқан. Түбек Сарышығанақтың оңтүстік-шығысында, теңізге 42 км сұғына еніп жатыр. Абс. биіктігі – 190 м, жағасы тік, құлама жар, салыстырмалы биіктігі – 123 м. «Теңізге кіріп жатқан түбектің түбі» мәнінде қалыптасқан атау. Ол Арал қаласы мен Бөген елді мекенінің арасында жатыр. Аумағы – 15,1 мың га. Түбектің табиғаты өте қатаң, сусыз жер. Бұрын Арал теңізі толық кезінде «Қаратүп» балық ұжымшары болған. Жергілікті тұрғындар балықшылық кәсібімен айналысты, мал өсірді. Қазір халық тұрмайды.

Қарашалаң – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің бойында. Өсімдік атынан қойылған атау.

Қарашалаң – ауыл. Ауылдық округтегі үлкендігі жағынан 2-елді мекен. Арал қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 110 км жерде, Сырдария өзенінің атырауына таяу. Бұл – төл сөзімізден жасалған көне тұлғалы ескі атау. Оның құрамындағы *шалаң* сөзі осындағы жергілікті тұрғындар тілінде «теңіз түбінің ұзын-ұзын құрақ шөбі, балдыры» мағынасында қолданылады. Осы шалаңның қара және сары түсті болып келетіні бар. Міне, осындай түр-түсіне байланысты сол жер Қарашалаң аталып, кейіннен елді мекен атына ауысқаны байқалады.

Екінші бір нұсқасы: Ілгеріде Арал суының толық кезінде Қарашалаң тұрған жер теңіздің Шалаңды шығанағы болған. Шалаңды шығанағы теңізді картаға түсірген Бутаковтың да жасаған картасында болған. Қарашалаң атауы содан қалған деседі.

Қарашеген – жылқы шаруашылығы. Арал қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде. *Қара* және *шеген* сөздерінен жасалған. «Қалың шегенделген» мағынасындағы атау.

Қарашолан, Қарашалан – ауыл, Бөген ауылдық округі құрамында. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 150 км, округ орталығы – Бөген ауылынан 20 км жерде Сырдария атырауында орналасқан. Ауылда 1996 жылдан балық шаруашылығымен айналысатын шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Қаржаубай – жота. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. Кісі есімінен қойылған атау.

Қартма - көл. Әйтеке би кентінен батысқа қарай 86 км жерде, Сырдария алабында.

Қасқақұлан – жер атауы, Арал теңізінің қазақстандық бөлігіндегі бұрынғы арал. Теңіздің шығыс жағасындағы Жыңғылтүбек телімінен батысқа қарай 21 км жерде орналасқан. Аумағы – 0,93 мың га. Арал «Үлкен тау» және «Кіші тау» деп аталатын екі қыр төбеден тұрады. Қасқақұланда халық тұрмайды. Жағалауымен ұласып кеткен Қасқақұланда суы жылы, кермек татитын екі ұңғыма ғана қалды.

Қатаңкөл – көл. Әйтеке би кентінен батысқа қарай 46 км жерде, Сырдария алабында.

Қатынқазған – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Халық аузында мынадай аңыз сақталған: «Ертеде түркімендер қазақ ауылына шабуыл жасап елдегі ересек адамдардың бәрін қырып, құдықтарды көміп кетсе керек. Бұл шапқыншылықтан далада тезек теріп жүрген бір әйел ғана

тірі қалыпты. Шабылған жұрт орнына келген әйел бірлі-жарым тірі қалған жаралы адамдар мен балаларды ғана көреді. Су болмаса бұлардың қырылатынын білген әйел жалғыз өзі құдық қазуға кірісіп, бірнеше күнде одан су шығарады. Осылай, «катын қазған құдық» кейін де талай жыл адамдарға қызмет етіп, маңайына ел үйіріліпті».

Қашқансу – шығанақ. Арал теңізінің шығыс бөлігінде, Сырдария атырауының оң жағында орналасқан. Кезінде шығанақ құрлыққа 20 км сұғына кіріп жатқан. Теңізге шыға берістегі жалпақтығы 7 км, ауданы 160 шаршы км, солтүстік-батыс жағасы жарлауытты (5 м) болған. «Суы тартылған жыра» мәніндегі атау. Арал теңізі суының тартылуына байланысты Қашқансу өңірі шөл далаға айналған.

Қаязды – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария алабында. Балық атынан қойылған атау.

Қиясқұдық - құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. «Қияс есімді кісінің құдығы» мәніндегі атау.

Қобыкөл - көл. Арал теңізінің солтүстігінде. «Құм арасындағы қолатта орналасқан көл» мәніндегі атау.

Қоғалы - қыстау. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзеннің аңғарында. Бұл жерде қоғаның көп, қалың өсуіне байланысты қойылса керек.

Қонысбай – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қонды – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында. Тереңдігі - 3м, шығымы - 100 л/с.

Қоржынды – түбек. Арал теңізінің солтүстігінде.

Қосақ - қыстау. Арал теңізінің солтүстік – шығысында, Баршықұм өңірінде. Ру атынан қойылған атау болуы мүмкін.

Қосаман – ауыл орны. Арал қаласынан батысқа қарай 85 км жерде, Арал теңізінің солтүстігінде. Ру атынан қойылған атау.

Қосаман ауылдық округі – 2005 жылы құрылған. Халқының саны – 412 адам. Аудан орталығынан 125 шақырым жерде орналасқан. Округке 3 елді мекен – Қосаман, Ақеспе және Бердікөл қарайды, округ орталығы – Қосаман ауылы. Қосаманда 69 отбасы, Ақеспеді 46 отбасы және Бердікөлде 7 отбасы тұрады. Қосаманда орта мектеп, фельдшерлік бекет үйі, кітапхана, клуб тұрғындарға қызмет жасап келеді. Сондай-ақ, Құланды ЖШС-нің №1 фермасы осы Қосаманда орналасқан. Жақын теміржол бекеті – Сексеуілден 60 шақырым жерде орналасқан. Қосаман ауылдық округі шығысында Сексеуіл кентімен, батысында Ақтөбе облысының Шалқар ауданымен, оңтүстігінде Құланды ауылдық округімен, солтүстігінде Мергенсай ауылдық округімен шектеседі.

Қосарал – жер атауы. Арал теңізінің қазақстандық бөлігіндегі аралдар тобы. Олар бірімен-бірі тіркес солтүстіктен оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатқан құмқайрақтардан тұрады. Теңіз суы тартылып, Қосарал аралдары жағалаулық құмды өңірге айналды.

Қосжар – ауыл. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 100 км жерде, Қамыстыбас кентінің оңтүстігінде. «Өзеннің екі жағындағы жар» мағынасындағы атау.

Қосқұдық – құдық. Арал Қаракұмының батыс бөлігінде. «Қатар жатқан екі құдық» мәніндегі атау.

Қосқұдық – жер атауы. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. Бұл жерде екі құдық болған. Адамдар мал шаруашылығын дамыту мақсатында сауын малдарын әкеліп суарып, сүтін сауып, Аралға апарып сатып күн көрген.

Қосмұрын – төбе. Арал қаласынан батысқа қарай 39 км жерде, Арал теңізінің аңғарында. Абс. биіктігі - 244 м. «Мұрынға ұқсас дөңес келген төбелер» мәніндегі атау.

Қостақыр – құдық. Арал теңізінің солтүстігінде. «Екі тақырға, жазық жерге орналасқан құдық» мәніндегі атау.

Қосуақ – жер атауы. Бір пікірде осы маңдағы «Үлкен тұщы» көліндегі аралға тоқтыларын жіберіп, Қосуақ есімді адам қоныстанған деседі. Қосуақ Нұрбай деген байдың баласы болған. Қосуақта бұрын ел қоныстанған, мешіттер салынған. Екінші бір пікірде, Қосуақ Нұрбайдың (руы Асан) баласы емес, Қосуақ руы – Үсен басқа біреудің баласы дейді. Әлгі арал осы күнге дейін Тоқтыарал деп аталады.

Қотанкөл – көл атауы. Сырдарияның сол жағалық жайылмасында жатқан көл. Мөмішкөл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 11 км жерде, Қазалының Сол жағалық каналы мен Ақшатау көлдері аралығында жайғасқан. Жағалауы жазық, шалшықты, тек батыс бөлігі ғана көтеріңкі. Су бетінде өсімдік аз кездеседі, көл түбін балдыр басқан.

Қотыр – құдық. Арал теңізінің солтүстік –шығысында, Баршақұм өңірінде. «Тегіс емес, бұжыр, жаман, ақтаңдақ сортаң жер» мәніндегі атау.

Қотырқара – қыстау. Арал теңізінің солтүстік–шығысында, Баршықұмның батыс бөлігінде.

Қулы – көл. Арал Қаракұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің бойында. Аққу ұя салатын көл болғандықтан берілген атау.

Қушоқы – төбе. Арал қаласынан батысқа қарай 48 км жерде, Арал теңізінің солтүстігінде. Абс. биіктігі – 248 м. «Өсімдігі жоқ тақыр не жалғыз шоқы» мәніндегі атау.

Құланды – түбек. Арал теңізінің солтүстігінде орналасқан. Кезінде (1980 жылға дейін) түбек теңізге 60 км-ге жуық сұғына кіріп жатқан. Арал теңізінің тартылуына байланысты Құланды аралы жағалаумен бірігіп, пішіні өзгеріп кетті. Бір кездері бұл түбекті құлан мекендегендіктен қалыптасқан атау болса керек. Түбектің шығысында қайнар бұлақтар, тұзды көлдер бар. Қоңыр көмір шығындылары кездеседі. Арал теңізінің тартылуына байланысты Құланды аралы жағалаумен бірігіп, пішіні өзгеріп кетті.

Құланды – ауыл. Арал қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 250 км-дей қашықтықта, Құланды түбегінде.

Құмар – жер атауы. Көпшілік бейіті орналасқан төбе. Бөген ауылының шығысын ала 5-6 шақырым жерде созылып жатқан Тұщы көлдерінің (өзара

жалғасқан 3 көл: Кіші тұщы, Соркөл, Үлкен тұщы жүйесіндегі Кіші тұщы) шығыс бетінде. Бір аңызда Құмар қыз есімі, ол Нұрбай байдың Қалиядан туған қызы деп те айтылады.

Құмбазар – ауыл, Қамыстыбас ауылдық округі құрамында. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 100 км жерде, Сырдария атырауында орналасқан. Ауыл 1932-96 жылдары балық шаруашылығымен айналысатын «Райым» ұжымшары бөлімшесінің орталығы болған. Бөлімше негізінде Құмбазарда ЖШС жұмыс істейді.

Құмбасқан – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. «Құм басып бара жатқан қыстау» мәніндегі атау.

Құмсағыз – темір жол бекеті. Арал қаласынан солтүстік-батысқа қарай 33 км жерде. Өсімдік атынан қойылған атау.

Құмсуат – шығанақ. Арал теңізінің солтүстігінде. «Түбі құмды мал суаратын шығанақ» мағынасындағы атау.

Құмсуат – жер атауы. Арал теңізінің батыс жағалауындағы жарқабақты жер. Абс. биіктігі – 108 м. Ақтөбе облысы жеріндегі Құмсуатта құдық, ал Қызылорда облысына қарасты шығыс жағында қорым (мола) бар. Табиғаты өте қатаң, жазы ыстық, қысы суық, сусыз шөл дала. Өсімдік жамылғысын жусан, еркекшөп, әртүрлі бұталар мен эфермелер құрады. Жер қыртысы олиглендік саз, құмдық мергельден тұрады. Құмсуаттың жерін жаз айларында жайлауға ғана пайдаланған.

Құрлық – темір жол бекеті. Сексеуіл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 7 км жерде.

Құрмашқұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. «Құрмаштың құдығы» мәніндегі атау.

Қызылжар – ауыл, Райым ауылдық округінің орталығы. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 120 км жерде, Сырдария өзенінің атырауында орналасқан. Іргесі 1930 жылдың басында қаланып, 1932-1997 жылдары балық кәсіпшілігімен айналысатын «Райым» ұжымшарының орталығы болған. Оның негізінде Қызылжарда және округке қарасты Ескіұра, Қосжар, Райым, Шөмішкөл ауылдарында «Райым» ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды.

Қызылжар – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында. Абс. биіктігі – 151 м. Атау жер бедеріне, жар топырағы түсінің қызыл жоса тәрізді екендігіне орай қойылған.

Қызылжаркөл – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің бойында. Көл жағалауындағы жар түсімен байланысты қойылған атау.

Қызылжарқұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында.

Қызылқұм – құмды алқап. Әмудария мен Сырдария аралығында орналасқан. Солтүстік-батысы Арал теңізіне, оңтүстік-шығысы Зеравшан аңғары мен Нұратауға ұласады. Ауданы – 300 мың шаршы км, биіктігі – 53-300 м. «Жұқа сусымалы, жеңіл, өсімдіксіз құм» мәніндегі атау.

Қызылқұмның орта бөлігінде палеозой кезеңінде пайда болған қалдық бұйратты төбелер (Бұқантау, Тамдытау, Құлжықтау) кездеседі, олардың ең биік жері – 992 м. Қызылқұмның оңтүстік-батыс бөлігінде грунт суының үлкен алабы орналасқан. Мәрмәр, графит, тас көмір, алтын, оңтүстік-батысында ірі газ кен орны бар. Көктемде Қызылқұмда көптеген шағын өзендер пайда болады. Төңірегі жыл бойы мал жайылымы ретінде пайдаланылады. Қызылқұмның қазақстандық бөлігін Қызылорда облысының әкімшілік аудандары алып жатыр.

Қызылқұм артезиан алабы – жерасты суы. Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары аумағын, Қаратау мен Арал теңізі аралығын алып жатыр. Алап оңтүстігінің аздаған бөлігі Өзбекстан жеріне кіреді. Қазақстандағы бөлігінің аумағы – 115 мың шаршы км. Грунт сулары тау етегіндегі ысырынды конустарда, ойпаттағы өзен арналарында, Қызылқұм өңіріндегі еспе құмдарда таралған.

Қыйсықшеген – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде.

Қылыштөбе – жер атауы. Жанқожа батыр осы жерде ат шалдырып, дем алып, қылышын сүйеген таулы жер. Осы жердегі сор ортасынан тұз шыққан.

Лайкөл – көл атауы. Сырдария өзені мен Қамыстыбас көлі аралығындағы шағын көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария алабында. Ең терең жері – 4,2 м. Көл суы Қарабөгет өзегі арқылы Қамыстыбас көліне құяды. «Суы ылғи лай болып жататын көл» мағынасындағы атау.

Маймақ – қыстау. Арал қаласынан солтүстікке қарай 13 км жерде. Бұлай аталмас бұрын «Екпінді» колхозы деп аталған және бұл жерде 10-15 үй шошқа баққан. Осы жердегі сорда кейіннен маймақ түйе өліп, сол себепті осылай аталған.

Мақпал – көл. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария алабында. Кісі есімінен қойылған топоним.

Манасбай – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Мәмбет – төбе. Арал қаласынан солтүстікке қарай 73 км жерде, Баршақұмның батыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 102 м. Ру атынан не кісі есімінен қойылған атау.

Мейрман – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Мергенсай ауылдық округі – округтің іргесі 1927 жылы Мергенсай ауылдық кеңесі деген атпен қаланған. Ауылдық округ аудан орталығының оңтүстік-батысында орналасқан.

Округ қарамағында Жалаңаш ауылы, Тастүбек елді мекені бар. 1927 жылы осы ауылдық кеңеске қарасты Бірлестік серіктестігі құрылған. 1930 жылдары осы серіктестік тарап, балық аулайтын Тастүбек ұжымшары, Мирзоян ұжымшары болып құрылған. Кейін Мирзоян ұжымшарына Ж.Жабаевтың аты берілген. 1960 жылдары Тастүбек ұжымшары тарап кетеді де, Жамбыл балық ұжымшарының орталығы Жалаңашқа (жер аты)

орналасады. Үшшоқы, Сарықұм және Мергенсай жеріндегі елді мекендер осы Жалаңашқа қоныс теуіп, үлкен ауылға айналған.

Кеңес Одағы кезінде Мергенсай жерінің маңына әскери бөлімдер орналасып, елді мекен толығымен Жалаңаш ауылына көшірілген. Қазір Мергенсай ауылдық округінің орталығы болып есептелетін Жалаңаш ауылы аудан орталығынан 60 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұл ауылда 136 қожалық бар. Тастүбек ауылы (бұл бұрынғы Тастүбек колхозының атауы) Жалаңаш ауылынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан. Елді мекенде 19 қожалық бар.

Мергенсай – жер атауы. Арал теңізінің Көктырнақ түбегіндегі жер. Мергенсай ауылдық округінің Жалаңаш ауылында орналасқан. Жалпы жер аумағы – 34553 га, оның 29027 га-сы қырдың жайылымы. Арал ауданының орталығынан 64 км жерде. Бұрын бұл жерде балықшылар қоныстанған елді мекен болған. Осы елді мекен тұсында үлкен сай болған. Осы сайда аңшылықпен айналысқан мерген болған деседі. Сондықтан бұл жерді «Мергенсай» деп атап кеткен болу керек.

Мойнақ – ауыл. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 55 км жерде. «Мойынға ұқсас жердегі ауыл, құдық» мағынасындағы атау.

Мойнақ – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде.

Мүсіреп – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Бұл атауды XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген батырлығымен де, байлығымен де елге сыйлы болған, кейін қазақтың алып жазушысы Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесінің кейіпкері болған Мүсірептің атымен байланыстырады.

Мыңбұлақ – бұлақ. Арал теңізінің солтүстігінде. «Ондаған немесе одан да көп бұлағы бар жер» мәніндегі атау.

Мырзаш – қыстау. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Науша – қыстау. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Нұржан – қыстау. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Арал теңізіне жақын.

Нұрлыбай – төбе. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде. Абс. биіктігі – 103 м. Кісі есімінен қойылған атау.

Ошаққұдық – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде.

Палуаншік – мүйіс. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Көкарал түбегінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Рай – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Тереңдігі – 2 м, шығымы – 150 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Райым – ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің құрамында. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 100 км қашықтықта, Райым көлінің жағалауында орналасқан. Іргесі 1932 жылы балық аулайтын ұжымшар ретінде қаланды. Кейіннен ұжымшар орталығы Қызылжар ауылына ауысты. 1996 жылдары Райымда шаруа қожалықтары құрылды. Тұрғындары негізінен мал бағады, балық аулайды. Елді мекен жанында ортағасырлық Райым қамалының орны сақталған. Кісі есімінен қойылған атау.

Райымкөл – көл. Сырдарияның оң жағалық аңғарында, Райым ауылының оңтүстігін ала орналасқан. Аумағы – 17,0 шаршы км, ұзындығы – 3,7 км, ені – 2,7 км, ең терең жері – 4,5 м, суының көлемі – 8,0 млн. куб метр. Көлдің оңтүстігінде бұрынғы Совет каналының орны сақталған. Көл жағалауы жайпақ, саяз, оңтүстігін, оңтүстік-батысын және батысын ну қамыс, қоға басқан. «Райымның көлі» мәніндегі атау.

Сабырбай – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Тереңдігі – 3 м, шығымы – 100 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Сағындық – қоныс. Арал теңізінің солтүстік-шығысында. Кісі есімінен қойылған атау.

Сазды – ауыл, Октябрь ауылдық округі құрамында. Арал қаласынан солтүстікке қарай 88 км, округ орталығы – Шижаға ауылынан 70 км жерде, Баршақұм құмды алқабының оңтүстік шетінде орналасқан. Ауыл 1957-96 жылдары асыл тұқымды қаракөл қойын өсіретін «Арал» кеңшары бөлімшесінің орталығы болған. Бөлімше негізінде Саздыда шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Орналасқан жерінің ортасында көлемді саз болғандықтан «Сазды» деп аталып кеткен.

Сапақ – ауылдық округ орталығы, темір жол бекеті. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 22 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау. Сапақ би кезінде Жанқожа батырмен құрдас, үзенгілес болған деседі. Бекмырза ханды Орынборға апарып хан сайлатқан өзі деген деректер бар.

Сарыбастөбе – қоныс. Арал теңізінің солтүстік-шығысында.

Сарыбеткей – темір жол бекеті. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 65 км жерде.

Сарыкөлшік – жота. Арал теңізінің солтүстік-шығысында.

Сарықұм – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Көктырнақ түбегінде, Жалаңаш ауылынан 15 шақырым жерде орналасқан. Бұрын бұл жерде колхоздың малдары жайылған. Құм іші мал жайылымына қолайлы. Қазір де тұрғындар малы осы Сарықұмда қыстап, жайылады. *Сары* және *құм* сөздерінен жасалған. «Сарғыш, ұсақ құмдар» мағынасындағы атау.

Сарыоба – төбе. Арал теңізінен солтүстік-шығысында, Алтыншоқысу жотасында. Абс. биіктігі – 249 м. Бұл атаудағы *сары* сөзінің бірнеше мағынасы бар: негізгі мағынасы түспен байланысты, екінші мағынасы Е.Қойшыбаев (1985) «кең байтақ, алапатты» деген ұғымдармен байланыстырады. Ғ.Қоңқашбаев (1963) атаудың семантикасын «үйілген сары тастар», - деп берген. Біздіңше, осы атаудың мағынасы тастардың түр-түсіне (үлкендігіне) қарай *Сарыоба* (сары тастар үйіндісі) деп аталған.

Сарыүлек – темір жол бекеті. Сексеуіл ауылынан солтүстік-батысқа қарай 15 км жерде. Түйе атынан қойылған атау.

Сарышоқы – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында, Арал Қарақұмында. Абс. биіктігі – 96 м. Төбе тастарының түр-түсіне байланысты қойылған атау.

Сарышоқы – төбешік. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 90 м.

Сарышығанақ, Үлкен Сарышығанақ – көл. Кіші Аралдың солтүстігіндегі құрлыққа бойлай еніп жатқан су айдыны. Арал қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 22 км жерде орналасқан. Батыс жағалауын құмды-төбелі келген Көктырнақ түбегі алып жатыр. Шығыс, оңтүстік-шығысын түгелдей дерлік Арал Қарақұмы құмды алқабы қамтыған. Солтүстігінде Үлкен Сарышығанақ атты бұта аралас сораң шөп басқан қоныс жатыр. Сарышығанақтың жағалауларында бірнеше қыстаулар бар. Түске байланысты қалыптасқан атау болса керек.

Сарышығанақ – елді мекен. Сексеуіл кентінен 36 шақырым арақашықтықта орналасқан. Бұл жер сарышығанақ атты бұта аралас шөп басқан қоныс. Шығанақтың Арал қаласына дейінгі аралығын жұмсақ тау жынысы және теңіздің түбіне шөккен тұнбалы балшық жер алып жатыр. Бұл шипалы балшық шығанақта 2-10 метр, теңіздің суынан жаңа арылған жерінде 35-40 метр тереңдікті алып жатыр.

Сексеуіл – Арал ауданындағы кент, кенттік әкімдіктің орталығы, темір жол бекеті. Арал қаласынан солтүстік-батысқа қарай 53 км жерде, Алтыншоқысу тауларының оңтүстік баурайында, қуаң шөлді белдемеде орналасқан. Кенттің іргесі 20-ғасырдың бас кезінде Орынбор - Ташкент темір жол магистралін салуға байланысты қаланған. Станса ежелден-ақ маңызды орталық болып саналады. Сонау «ақтар мен қызылдардың» өзара арпалысы кезінде, Ұлы Отан соғысы жылдарында туған жерге пана, малға қорек болған сексеуіл орманы, паравоздың отыны, халықтың күнкөрісіне айналыпты. Бұрынғы сыңсыған сексеуіл орманынан бұл күнде қалғаны стансаның Сексеуіл деген аты ғана.

Серекеқазған – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде. «Сереке есімді кісі қазған құдық» мағынасындағы атау.

Стан – канал атауы. «Тұщы көлдері» жүйесіне су жіберуге арналған. Бұл канал Балғабай, Бекетай каналдары сияқты Бөген балық зауыты кезінде қазылған. Бұл канал жолаушыларды қайықпен әрлі-берлі өткізіп отырған Стан-Күлік жаманкөздің Сарысының атымен аталған.

Сорбұлақ – бұлақ. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. «Тұзды, батпақты жердегі бұлақ, шағын батпақты көл» мәніндегі атау.

Соркөл – көл. Арал қаласынан солтүстікке қарай 22 км жерде. «Тұзды, батпақты көл» мәніндегі атау.

Соршыққан – темір жол бекеті. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде.

Сүйікбет – қыстау. Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде.

Табанқұдық – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде.

Тайобай – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұм өңірінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Талдыбек – құдық. Қаратүп түбегінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Талдыеспесай – құрғақ арна. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Ақеспе ауылының маңынан өтеді. Атау құрамындағы *еспе* жағырапиялық термин ретінде қолданылады. Қазақстанның әр аймағында аздаған жергілікті

ерекшелік бар. Оңтүстікте *еспе* деп құмға қатысты айтылады. «Талы көп өскен еспе құмды сай» мәніндегі атау.

Талқамбай – қыстау. Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Тамшыма – құдық. Арал теңізінің солтүстігінде. «Суы өте аз құдық» мағынасындағы атау.

Тасбөгет жолайрығы – Кеңес Одағы кезінде Тасбөгет елді мекені (разъезд № 88) Қамбаш ауылдық кеңесінің құрамында, одан кейін Аралқұм ауылдық округінің құрамында болған.

2005 жылы Сапақ ауылдық округі құрылып, қазір осы округке қарасты елді мекен. Тасбөгет жолайрығы аудан орталығынан 15 шақырым қашықтықта, ал округтен 10 шақырым қашықтықта орналасқан. Қазіргі таңда елді мекенде 22 отбасы тұрып жатыр. Халық саны – 91 адам. Елді мекен теміржол бойында орналасқандықтан, тұрғындар жолдың екі жағына шоғырланған. Елді мекеннің өндіріс орындары, клуб, кітапхана, медициналық пункт жоқ, тек қана Сапақтағы № 69 орта мектепке қарасты бастауыш мектеп бар. Тұрғындар негізінен мал шаруашылығымен айналысады.

Таңсықбай – құдық. Арал Қаракұмының оңтүстік-батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Тасарық – ауыл. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 85 км жерде, Қамыстыбас көлінің шығысында. Бұрынғы атауы – Жаркөл ауылы. «Екі жиегі таспен өрілген арық» мәніндегі атау.

Тасқұдық – құдық. Арал Қаракұмының батыс бөлігінде. Тереңдігі – 2 м, шығымы – 170 л/с. Құдықтың тасты жерден қазылуымен немесе таспен өріліп, шегенделуімен байланысты аталып, сол құдық қазылған жерге берілген атау.

Тасқұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстігінде.

Тастақ - ауыл. Арал қаласынан батысқа қарай 120 км жерде, Сырдария өзенінің атырауында. «Тасты жер, тас көп кездесетін жер» мәніндегі атау.

Тастүбек – елді мекен. Арал қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 80 км жерде, Көктырнақ түбегінде орналасқан. Бұрынғы Тастүбек балық колхозының орны. Теңіз жағасында бекіре балығы мекендеген үлкен тастар көп болған. Бұл тастар қазір әлі де бар, сондықтан бұл жерді «Тастүбек» деп атаған.

Тастүбек – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында.

Тәмпі – қыстау. Арал Қаракұмының оңтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Тәуір – жер атауы. Қазір онда ел тұрмайды. Бұрын балықшылар қоныстанған. Тәуір Нұрбай деген байдың Қалиядан туған Абыланың баласының есімі.

Тезқұдық – бұлақ. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында.

Тербенбес – таулы төбе. Сексеуіл ауылынан шығысқа қарай 15 км жерде. Абс. биіктігі – 208 м. Ертеректе теңіздің жағасы болған деседі. Халық арасында су тасқаны болған кезде таудың етегіне қоныс тепкен адамдар тау

басына шығып, аман қалған деген аңыз бар. Сол кезде бесікте құндақталған сәби теңіз бетінде тербетіліп қалап қойған. Содан Тербенбес деп аталған деген аңыз бар.

Тербенбес – темір жол бекеті. Сексеуіл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 10 км жерде.

Тоғыз артезиан алабы – жер атауы. Арал теңізінің солтүстігіндегі Үлкен және Кіші Борсық құмдарының аралығында орналасқан жерасты сулы өңір. Алап жалпы қалыңдығы – 70-100 метр болатын палеоген құмды шөгінділерінің қойнауында қалыптасқан. Суының Арыны күшті болғандықтан кей жерлерде шапшып шығады, бірақ су өнімі аса көп емес. Тоғыз артезиан алабының табиғи қоры 10 млрд. куб метр. Артезиан суы әзірше пайдаланылмайды.

Тоқабай – ауыл. Арал қаласынан шығысқа қарай 50 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Тоқыбай – көл. Арал Қаракұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің бойында.

Томарлы – құдық. Баршақұмның оңтүстігінде. «Томары көп, шоқатты жер» мағынасын аңғартады.

Тораңғылы – мүйіс. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағасында. «Тораңғы ағашы өскен жер» мағынасындағы атау.

Төртқара – құдық. Баршақұмның оңтүстігінде. «Төрт төбе, қарайған шоқы орналасқан жердегі құдық» мәніндегі атау.

Төртқұдық – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде.

Төртқұлақ – бейіт. Шыбықты ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 24 км жерде. Төртқұлақ – бейіттің бір түрі.

Тұрсын – қыстау. Арал қаласының оңтүстігінде, Қамыстыбас көліне жақын. Кісі есімінен қойылған атау.

Тұрсынбике – ауыл орны. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 17 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Тұщыбас – шығанақ. Арал теңізінің солтүстігінде. Құрлыққа 30 км-дей сұғына еніп жатыр, енді жері – 11 км. Ең терең жері – 19 м. Батыс жағалауы Құланды түбегінің аласа құмды жағасына, шығысы Қаратүп түбегіне жалғасады. Түбі құмды, терең жеріне қалың лай шөккен. «Су тұщы шығанақ, көл» мағынасындағы атау.

Тұщыбас – көл. Арал Қаракұмының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария алабында, Бөген ауылынан шығыста 2 км жерде орналасқан. Ауданы – 12,6 шаршы км, ұзындығы – 11,5 км, енді жері – 2,9 км, терең жері – 5,5 м. Құмайтты жағалауы жайпақ. Оңтүстігі батпақты. Сырдария өзені қатты тасығанда көл деңгейі көтеріліп, аумағы ұлғаяды. Көл бірімен-бірі каналдармен жалғасқан 3 бөліктен тұрады. Жағалауында қамыс өседі. Батыс жағалауы биік бұйра құм, оңтүстік бөлігі жазық.

Түгіскен – бұлақ. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауында, Арал ауданында. Ру атынан қойылған атау.

Түйекұдық – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. «Үлкен не тек түйе су ішетін құдық» мағынасындағы атау.

Түйме – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде.

Түкпірши – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. «Түкпірдегі шиі қалың жердегі қыстау» мәніндегі атау.

Түлембай – қыстау. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Түркмен түбек – қыстау. Арал қаласынан оңтүстікке қарай, Қамыстыбас көлінің аңғарында.

Түсшеген – құдық. Баршақұмның оңтүстігінде.

Тырнақбай – құдық. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұм өңірінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Тілеужан – құдық. Арал қаласынан солтүстікке қарай 21 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ухайтам – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұмның батыс бөлігінде. Абс. биіктігі -109 м.

Ұзақбай – қыстау. Баршақұмның оңтүстігінде.

Ұзынқайыр – жер атауы. Арал теңізінің қазақстандық бөлігіндегі арал. Арал ауданы жерінде Ұзынқайыр аралдары екеу. Оның біріншісі – Қасқақұлан аралының батыс шетінен 15 км-ге созылып жататын, ені – 1,5-2,0 км болатын құмқайыр. Қиыр солтүстік мүйісінде 400-дей тұрғыны бар елді мекен болды.

Екіншісі – Ұялы аралының шығысында 4,0 км жерде теңіз ішінде орналасқан. Ұзындығы – 16 км, ені – 0,7-1,2 км. Солтүстік-шығысынан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан жалаңаш қайыр. Мұнда отырықшы ел болған жоқ. Тек Ұялы, Көзжетпес және Қасқақұлан балық ұжымшарларының балықшылары көктемгі лайбалықта (мамыр айы) осында қоныстанып жатып, балық аулады. Негізгі аулайтын балығы – қаяз. Қазіргі Ұзынқайыр аралы теңіз суының тартылуына байланысты жағалаумен бірігіп кетті.

Ұялы Аралы – жер атауы. Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағалауындағы арал. Кезінде (1980 жылға дейін) арал жағалаудан 8 км қашықтықта жататын. Ұзындығы – 18 км, ені – 25 км-ге жететін. Ол Арал теңізінің оңтүстік-шығысындағы Сұлу бұғазының солтүстік жағасында орналасқан. Теңіз толық кезінде мұнда Ұялы аралы болды. «Құстардың ұясы мен жұмыртқасы көп кездесетін (жер)» мәніндегі атау.

Үкілісай ауылы – 1904 жылы теміржол құрылысы кезінде негізі қаланған. Елді мекендегі халықтар теміржол саласында жұмыс жасаған. XX ғасырдың 50-жылдары елді мекенде алғаш бастауыш мектеп ашылған. Үкілісай ауылы 2005 жылдың наурыз айына дейін Қамыстыбас ауылдық округіне қарасты болып келді. Қазіргі таңда Бекбауыл ауылдық округінің қарамағында, облыс орталығынан – 495, аудан орталығынан – 105, ауылдық округ орталығынан – 15 шақырым қашықтықта орналасқан. Халық саны – 248 адам, қожалық саны – 42. Елді мекенде 14 қызметкер бар 1 фельдшерлік-

акушерлік мекеме орналасқан. Халықтың басым бөлігі теміржол саласында жұмыс жасайды.

Үкілісай – темір жол бекеті. Әйтеке би кентінен солтүстік-батысқа қарай 37 км жерде.

Үкілісай – құдық. Қаратүп түбегінде.

Үлкен Ақай – төбе. Арал теңізінің солтүстігінде. Абс. биіктігі – 137 м.

Үлкен Қаратүп – көл. Арал теңізінің солтүстік-шығысында.

Үлкен Сарышығанақ – шығанақ. Арал теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде.

Үшшоқы – төбе. Арал теңізінің солтүстік-шығыс бөлігінде, Көктырнақ түбегінде. Абс. биіктігі - 188 м. Бұл алыстан көрініп тұратын үш төбе. Бұл жер бұрын теңіз жағасына жақын орналасқан. Сол жерде Үшшоқы елді мекені болған. Елді мекенді балықшылар қоныстанған. Жазушы Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында осы Үшшоқы жеріндегі болған оқиға айтылған. *Үш* және *шоқы* сөздерінен жасалған. «Өзге шоқыларына қарағанда биігірек үш шоқысы бар тау, төбе» мәніндегі атау.

Чернышев – шығанақ. Арал теңізінің солтүстік батысында. Теңізден Құланды түбегі және Возраждение аралы бөледі. Шығанақ құрлыққа 25 км-ге сұғына еніп жатыр, ені-13 км-ге жетеді. Солтүстік және батыс жағасы жар қабақты. Мұнда Батыс Үстірттің қиыр шығысы шығанақ бойымен созыла орналасқан. Палеогеннің тығыздалған құм-саздақты шөгінділерінен түзілген. Жағалауының қалған бөлігі ойпатты. Шығанақтың жағалауға жақын жердегі түбі құмайтты келеді, тереңге барған қайыр біртіндеп лайлы балшыққа айналады. Кейбір тұстарында қамыс, құрақ өскен. Солтүстігінің құмдауытты жағалауын Құмсуат мүйісі алып жатыр. Арал теңізінің суы мол кезінде Возрождение аралы мен Құланды түбегі аралығының ені – 80-85 км-дей болған. Қазір шығанақтың теңізге шығар бөлігінің ені – 11 км. Кісі есімінен қойылған атау.

Шағатай – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік-шығысында. Ру атынан қойылған атау.

Шампы – құдық. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде.

Шаршаған – төбе. Арал қаласынан батысқа қарай 120 км жерде. Абс. биіктігі - 277 м.

Шегенді – құдық. Сексеуіл ауданынан батысқа қарай 45 км жерде. «Шегенделген құдық» мәніндегі атау.

Шижаға – ауыл, Октябрь ауылдық округінің орталығы. Шаған ақын бейітінен басталып кең көлемді алып жатқан елді мекен атауы. Арал қаласынан солтүстікке қарай 18 км жерде. Ауыл 1957-96 жылдары асыл тұқымды қаракөл қойын өсіретін «Арал» кеңшарының орталығы болған. Бұрын бұл жер «Октябрь» колхозы болып аталған. Жан-жағын жағалай ши деп аталатын өсімдік қаптап өскен соң, бұл жер «Шижаға» деп аталып кеткен.

Шот – төбе. Арал қаласынан батысқа қарай 105 км жерде. Абс. биіктігі - 135 м. Ру атынан қойылған атау.

Шошқалы – қоныс. Арал теңізінің шығыс жағалауында.

Шөл – төбе. Арал қаласынан солтүстікке қарай 65 км жерде, Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. Абс. биіктігі - 104 м. «Сусыз шөлейт, қуаң, құрғақ жер», «ештеңе өспейтін шөл төбе» мағынасындағы атау.

Шөлман – құдық. Арал теңізінің солтүстігінде. «Шөл» сөзінің мағынасы «ештеңе шықпайтын, суы жоқ, тіршілік етуге қиын құмды жер» дегенді білдіреді. Ал «маң» сөзінің мағынасын тілші ғалымдар әр түрлі қарастырады, М. Тұсынова «үлкен, кең, ұлан байтақ, мол» деп түсіндірсе, бұл пікірді Ә.Қайдардың пікірі дәлелдей түседі: «Маң – нечто широкое, просторающееся, просторное; маң дала – бескрайная степь», - дейді ғалым.

Осының негізінде «Шөлман» атауын «шөл дала» деп түсінуге, ал құдықтың атын осы шөл даладан қазылған құдық болғандықтан аталды деуге болады.

Шөлсор – құдық. Баршақұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. «Шөлдегі сор жерден қазылған құдық» мәніндегі атау.

Шөмішкөл – көл. Қамыстыбас көлінің оңтүстігінде, Сырдария алабында, Арал ауданы жеріндегі Ақшатау көлдерінен оңтүстік-шығысқа қарай 7 км жерде орналасқан. Пішіні сақина тәріздес, аумағы – 4,2 шаршы км, ұзындығы – 2,8 км, ең терең жері – 10 м. Көл төбелер ортасында жатыр. Шығыс жағалауы ашық, жайдақ. Көлдің батыс жағалауының қамысы сирек, жағалаудан ортасына қарай қалың қамыс, қоға, шылау өскен. Суы мөлдір, ашқылтым. Балықтың бірнеше түрі тіршілік етеді.

Шөмішкөл – ауыл. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 125 км жерде, Шөмішкөлдің жағасында.

Шөміш - темір жол бекеті. Арал қаласынан оңтүстік–шығысқа қарай 50 км жерде. Жер аумағы – 4909 га, оның 4103 га-сы мал жайылымы. Өсімдік жабындысын жусан, еркекшөп, бұйырғын, әртүрлі эффермелер құрайды. Затқа ұқсастыра қойылған, «шөміш тәріздене томпайған төбе» мәніндегі атау.

Шұбартарауыз – түбек. Арал теңізінің солтүстік – шығыс жағасында. «Түрлі түсті топырақ, өсімдіктен шұбарланып жатқан түбекке кіретін тар жер» мәніндегі атау.

Шүрек – қыстау. Арал Қарақұмының батыс бөлігінде. Қырғыз тілінде *шырық* – «жіңішке жас шырша», монғол тілінде *шураг* – «кепкен жіңішке ағаш» мәнін береді. Ру атынан қойылған атау.

Шыбықты – ауыл. Арал қаласынан оңтүстікке қарай 135 км жерде, Сырдария өзенінің атырауында. Бұрынғы атауы – Шабан ауылы.

Ырзаев – темір жол бекеті. Әйтеке би кентінен солтүстік – батысқа қарай 30км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ыза – жер атауы. Аты айтып тұрғандай, бұл жерден қайта-қайта су шығып, ызалы жер болғандықтан солай аталған.

Хан ауылы – Аманөткел ауылдық округіне қарайды, округ орталығынан 7 шақырым жерде, Сырдария өзенінің бойында орналасқан. Халықтың ауызекі дерегі бойынша, кезінде Кенесары хан, Әбілхайыр хан Сырдария бойындағы осы өткелден өткен, содан «Хан өткелі» деп аталған көрінеді. Осы маңайға қоныс тепкен ел Хан ауылы атанған.

Хан ауылы облыс орталығынан – 421, аудан орталығынан 126 шақырым қашықтықта орналасқан. Ауыл батысында Бөген ауылдық округімен, оңтүстік-батысында Жаңақұрылыс ауылдық округінің шекараларымен шектеседі.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША

Қазалы ауданы - Қызылорда облысының батыс бөлігінде, Арал теңізінің жағалауында орналасқан әкімшілік бөлініс. Солтүстік жағында Қарағанды облысы, шығысында Қармақшы ауданы, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шектесіп жатыр. Аудан 1928 жылы құрылған. Жерінің аумағы – 3759,7 мың га. Құмды, шөлді, сазды болып келеді. Ауданда 74205 халық тұрады. Демографиялық құрамында 73,6 мың қазақ, 422 орыс, 4 украин, 60 өзбек, 49 татар, тағы басқа оннан астам ұлттар өкілдері бар. Орташа тығыздығы – 1 шаршы шақырымға 2 адамнан келеді. Аудандағы 59 елді мекен 1 қалалық, 1 кенттік және 14 ауылдық округтерге біріктірілген. Аудан орталығы - Әйтеке би кенті. Қазалы ауданының жері Тұран ойпатында орналасқан. Солтүстігінде Арал Қарақұмы, оңтүстігінде Қызылқұм жатыр. Ауданның ең биік жері Арал Қарақұмында (Жуантөбе тауы, 136 м). Климаты тым континенттік, қысы суық, жазы ыстық, аңызак. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері – 100-150 мм. Сырдария өзені аудан жерінің орта тұсынан өтеді.

1928 жылы Қазақстан жеріндегі әкімшілік-аймақтық бөлініске байланысты Қызылорда және Қазалы уездері таратылып, бұрынғы екі уездің негізінде Қызылорда округі құрылды. Округтік комитеттің Қазалы және Қызылорда уездерін аудандастыру жөніндегі қаулысы бойынша 1928 жылы 12 мамырда республикада алғашқылардың бірі болып, Қазалы ауданы құрылды. 61 жыл бойы уезд орталығы атанып, талай тарихтың куәсі болған Қазалы дербес ауданға айналды.

1940 жылы Қазалы ауданы ауылшаруашылығында жеткен табыстары үшін Бүкіл Одақтық халықшаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысу құрметіне ие болды. Көрмеге қойылған Қазалының атақты қаракүләбісінің даңқы Одақтан асып, шетелдерге жетті. Қазалы қауыны Парижге апарылып көрмеге қойылды. Қатарынан үш дүркін, яғни 12 жыл бойы КСРО Жоғарғы Кеңесінде депутат болған «Қызылту» колхозының төрағасы Қашақпай Пірімов елге танылып, мемлекеттік қайраткер дәрежесіне көтерілген тұсы да осы кез еді.

Қазалы ауданында жалпы білім беретін 41 мектеп, 1 кәсіптік-техникалық мектеп, 11 балабақша, 1 мұражай, 24 кітапхана, 8 мәдениет үйі, 14 клуб, 2 стадион, 17 спорт залы бар. Денсаулық сақтау саласында 10 аурухана, 1 емхана, 6 фельдшерлік-акушерлік пункт, 10 ауылдық дәрігерлік амбулатория қызмет көрсетеді.

Қазалы ауданы арқылы Ташкент – Орынбор темір жолы өтеді. Автомобиль жолдарының ұзындығы – 427 шақырым, оның 170 шақырымы республикалық маңызы бар жолдар. Қазалы теміржол торабының атағы

кеңінен танымал. Өткен ғасырдың басында іргетасы қаланған паравоз жөндейтін депо мен «Сұлутам» деп аталған теміржол вокзалы ғасырдан бері халық игілігіне айналып келеді. Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы орыстардың көптеп қоныстануына ықпал етті.

Аудан аумағында X-XI ғасырлардағы Оғыз қағандығының орталығы – Жанкент қаласының орны бар. Мұнда Орақ батырға, Жанқожа батырға кесенелер, т.б. тарихи тұлғаларға ескерткіштер орнатылған. Қазалы ауданында Жалаңтөс Баһадүр мен Әйтеке би, Жанқожа батыр мен Ақтан батыр, Жылқыайдар мен Жетес би, Ашабай мен Сырлыбай, Үмбет би мен Қарасақал Ерімбеттей елге әйгілі ерлер мен би–шешендер өмір сүрген.

Абай – ауыл, Сарыкөл ауылдық округінің орталығы. Әйтеке би кентінен оңтүстікке қарай 14 шақырым жерде, Сарыкөл көлінің жағалауында орналасқан. Іргесі 1928 жылы қаланған. 1928-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін өзімен аттас ұжымшардың орталығы болған. Бұрынғы атауы - Авангард ауылы.

Абай – қыстау. Әйтеке би кентінен оңтүстікке қарай 13,5 шақырым жерде.

Адамата – ежелгі қорым. Басықара бөгетінен оңтүстік-батысқа қарай 35 шақырым жерде, шөл далада орналасқан. Қорымның аумағы 1 га шамасында. Мүрдесі жатқан жердің ұзындығы – 6,5 м, ені – 3-метрге жуық. Алғаш қорымды 1897 жылы И.Н.Аничков зерттеп, «Қазалы уезіндегі кейбір топонимдер атаулары» деген мақаласында баяндаған.

Ажар – ауыл. Қазалы қаласынан оңтүстікке қарай 115 шақырым жерде. Әйел есімінен қойылған атау.

Айбарша – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Айқынқұдық – құдық. Арал Қаракұмының оңтүстігінде. «Айқынның құдығы» мәніндегі атау болса керек.

Ақажансай дария - Сырдария өзенінің тармағы, ежелгі сол жағалық құрғақ арна. Ұзындығы - 72 шақырым. Қар ерігенде ғана арнасымен толығады. Осы аймақта болып тұратын күшті желдердің әсерінен Ақажансай дария арнасы бастапқы көрінісін мүлде өзгерткен. Табаны кең әрі тегіс, саяз. Арнасының басым көпшілік бөлігі үрінді құмға толған. Құм төбелер мен шағылдар тікелей арнаға тіреліп жатады. «Ақажан деген кісі есімімен аталған сайдағы дария» мәніндегі атау.

Ақбөгет – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Ақжона ауылдық округі – 1974-1988 жылдар аралығында Жанаталап ауылдық кеңесі болып, 1988 жылдан Алға ауылдық кеңесіне біріктірілген. 2005 жылы Алға ауылдық округінен бөлініп, өз алдына Ақжона ауылдық округі атауын алған. Ертеректе ауылдың батыс беткейінде биік жона (төбе) болған. Ол жерде отырықшы ел болған. Жонаның биік төбесі алыстан

карағанда ақ болып көрінеді екен. Сондықтан отырықшы ел ол жерді Ақжона деп атап кеткен.

Аққұдық - артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Ақ және құдық сөздерінің бірігуінен жасалған. Құдық қазғанда топырақ түсінің ақ болуына орай қалыптасқан атау болса керек.

Аққұдық - құдық. Арал Қарқұмының оңтүстігінде.

Ақсай – канал. Қазалы қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 10,5 шақырым жерде. Сырдария өзеннің аңғарында. Атаудың құрамындағы *сай* сөзі түркі тілдерінде түрлі дыбыстық тұлғаларда айтылып (өзер. –чай , түрк., қырғ., алтай, хак. –зай) – «өзен су», «құрғақ арна» мағыналарында қолданылған. Қазіргі қазақ тілінде сай тұлғасы семантикалық жағынан өзен мәнінен гөрі «жыра», «өзек», «жылға» терминдерімен синоним дес. Бұған карағанда, атау «ұсақ майда ақ тас, шағыл тасты сай» мәніне ие сияқты.

Ақсуат – ауыл. Әйтеки би кентінен шығысқа қарай 55 шақырым жерде, Сырдария өзеннің бойында. Көне түркі тіліндегі *сун эт* (сөзбе-сөз) *су*, яғни «сулы жер» мәніндегі атау.

Ақсуат – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Ақтан батыр – ауыл, Көлалық ауылдық округінің орталығы. Әйтеке би кентінен оңтүстік-батысқа қарай 35 шақырым жерде орналасқан. 1959-96 жылдары күріш өсіретін 22-партсъезд атындағы кеңшардың орталығы болып келді. Ақтан батыр аталуы осы өңірдегі Түлкіқашқан деген жерде (Сырдарияның Тілесарық тармағы бойынша) 1770 жылы дүниеге келген Ақтан батырдың есімімен байланысты.

Ақшабұлақ – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде.

Ақши – ескі мешіт. Жуанқұм өңірінде, Сырдария өзеннің аңғарында. Бұл жерде ақ ши көп, қалың өсетіндіктен Ақши аталған.

Алаайғыр – қыстау. Қазалы қаласының солтүстік – батыс бөлігінде, Сырдария өзеннің аңғарында. Осы қыстауда ала айғыр жайылып жүруіне байланысты не оның басқа да қасиетіне орай қойылған атау болса керек.

Алға ауылдық округінің тарихы 1929-1939 жылдар аралығында майда серіктестіктердің құрылуынан басталады. 1939-1950 жылдары Бозкөл, Жаңажол, Алға, Жаңабасшылық ұжымшарлары бірігіп, 1950-1963 жылдары Карл Маркс атындағы колхоз бөлімшесі, 1966-1984 жылдан бастап Октябрь күріш кеңшары, 1966 жылдан Алға атқару комитеті болып құрылған. Алға ауылдық округінің аталу себебі – қазіргі Ү.Түктібаев ауылының орналасқан жерінде Кеңес кезінде Алға ауылы болған.

Алпар – артезиандық құдық. Жуанқұм өңірінде, Сырдария өзеннің аңғарында. Кісі атынан қойылған атау.

Алтай – темір жол бекеті. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 6,5 шақырым жерде. Кісі есімінен не ру атынан қойылған атау.

Алтай құмы – жер атауы, құмды алқап. Қазалы темір жол стансасынан шығысқа қарай 3 км жерде орналасқан. Ұзындығы – 22 шақырым, енді жері – 15 шақырым-ға жетеді. Құм алқабы төбешікті келген. Мұнда № 96 темір жол айырмасы, Көбек елді мекені орналасқан. Осы жердегі құм төбелердің

бірінде Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық көтерілісте (1837-47) қаза тапқан батырлардың бірі – Алтайдың бейіті бар.

Алтыбай – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Алтынкөл – сор. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Сордың түсіне байланысты қалыптасқан атау.

Алтынтапқан – қоныс. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. «Осы жерден алтын табылған» деген мағынаны білдіреді.

Аранды ауылдық округіне Қожабақы және Аранды ауылдары қарайды. Қожабақы ауылы 1950 жылға дейін №9-ауылдық кеңесі болып аталған. 1950 жылы М.Горький атауы беріліп, 1958 жылы Жданов елді мекенімен біріктіріліп, Жданов ұжымшары болып құрылған. 1963 жылы ірілендіру саясатына байланысты Өркенді елді мекені мен Жданов ұжымшары қосылып Энгельс кеңшары құрылды да, орталығы Қожабақы ауылы болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1998 жылы тарихи атауларды қайта қалпына келтіру саясатына байланысты Қожабақы ауылы болып аталды.

Қожабақы ауылында Қожа және Бақы деген әулие адамдардың зираттары болған деседі. Осыған орай Қожабақы аталып кетсе керек. Бұл зираттар қазіргі таңда жойылып кеткен. Ал, Аранды елді мекені Аранды қырының яғни, Орақ батыр кесенесінен бастап Найзағұл деген жерге дейін созылып жатыр. Осы қырдың үстінде ауыл орналасқандықтан Аранды ауылы деп аталып кеткен.

Аранды – ауыл. Қазалы қаласынан оңтүстік – батысқа қарай 50 шақырым жерде. Бұрынғы атауы – Жданова ауылы. Өсімдік атынан қойылған атау.

Аранқорған – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Аңдарды қамап ұстайтын жер» мәніндегі атау.

Арзанкөл – сор. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Нашар көл» мәніндегі атау.

Арықбалық ауылдық округі – 1928 жылы бұрынғы Қазалы уезі, Арықбалық болыстығы негізінде Арықбалық ауылдық кеңесі болып құрылған. Бұл округтен кезінде Көларық, Шәкен ауылдық округтері бөлініп шыққан.

Арықдығыр – төбе. Қазалы қаласынан оңтүстік – батысқа қарай 40 шақырым жерде. Абс. биіктігі - 86 м. «Кіші ойық төбе» мәніндегі атау болса керек.

Арыстан баб қорымы – Қазалы мен Арал ауданының шекарасында, Ақирек биігінде орналасқан. Бұл баба жөніндегі алғашқы деректерді Қазалыда қызмет істеген ғалым И. Аничков жинаған. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда Сырдария, Қамыстыбас, Райым көлдерінің ортасында арал болыпты. Басында бұлақ та болған көрінеді. Оны үдере көшкенде қарақалпақтар бұзып кеткен деседі. Бүгінде баба басына келіп ем алушыларға, зиярат етушілерге арналып үй салынған, шырақшысы бар.

Атанбай – бейіт. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Аташ – ауыл орны. Қазалы қаласынан батысқа қарай 29 шақырым жерде, Сырдария өзеннің бойында.

Ащыкөл – көл. Қазалы қаласынан батысқа қарай 20 шақырым жерде.

Ащының сайы – құрғақ арна. Әйтеке би кентінен оңтүстікке қарай 105 шақырым жерде, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Ащысай – құрғақ арна. Арал теңізінің шығыс алабында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. *Ащы* және *сай* сөздерінен жасалған атау. Бұл сайда ащы сор көп болғандықтан осылайша аталса керек.

Ащытелі – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. «Екі ортадағы суы ащы құдық» мәніндегі атау.

Ащыұрғын – құдық. Әйтеке би кентінен солтүстік–шығысқа қарай 27 шақырым жерде. «Суы өте аз, ащы құдық» мәніндегі атау болса керек.

Әзілхан ишан мешіті – сәулет өнерінің туындысы. Мешітті 1924 жылы Әзілхан ишанның тапсырмасымен жергілікті шебер Әбілбаев Нұрымбетұлы салған. Бір қабатты, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Кіреберіс есігі солтүстік-батысқа қаратылған. Мешіттің көлемі – 17,6x12,1 м, биіктігі – 5,05 м. Қабырғасының қалыңдығы – 0,74 м. 1953-58 жылы мешітте орта мектеп, кейіннен шеберхана мен қойма орналасқан.

Әйтеке би – Қазалы ауданының орталығы, кент (1937 жылдан), темір жол стансасы. Қазалы қаласынан солтүстік – шығысқа қарай 14 шақырым жерде, Қандыөзек көлі мен Сырдария өзені аралығында орналасқан. Бұрынғы атау – Новоказалинск қаласы. Іргесі 1904 жылы Орынбор – Ташкент темір жолының салынуына байланысты қаланған. Қазақтың атақты билерінің бірі - Әйтеке бидің құрметіне берілген атау.

Әлдибай – құдық. Тұран ойпатының солтүстігінде, Арал Қарақұмында. Кісі есімінен қойылған атау.

Әулиеқұдық – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. Құдық суы шипалы, қандай да бір қасиеті бар киелі болғандықтан осылайша аталса керек.

Базар Қожа кесенесі – 19-ғасырдаң аяғы мен 20-ғасырдың басынан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Кесене Бекарыстан би ауылынан солтүстікке қарай 6 шақырым жерде орналасқан. 1981 жылы Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының экспедициясы (жетекші Ә. Оспанов) зерттеген. Базар қожа кесенесі шикі кірпіштен тұрғызылған, жатаған күмбезі дөңгелек тұғырдан шығарылған. Кесененің композициясы, әсіресе, алды ерекше әдемі. Базар қожаның өзі сол өңірдегі ислам дінін уағыздаушылардың белгілі өкілдерінің бірі, көріпкелдігімен ел арасында қадірлі болған адам.

Байғана – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. Ру атынан қойылған атау.

Байелі – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. Тереңдігі - 10 м, шығымы – 300 л/с. Кісі есімінен не ру атынан қойылған атау.

Байқожа – темір жол бекеті. Майлыбас ауылдық округіне қарасты. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 61 шақырым жерде. Ру атынан қойылған атау.

Бақай – бейіт. Ара теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Бармаққұдық – қоныс. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында. «Бармақтың құдығы» мәніндегі атау.

Басықара (Алтай) – канал. Сырдария өзеннен бастау алып, бірнеше тармаққа бөлінеді (ең үлкені – Тасарық (6,3м/с). Канал 1928 жылы салынған. Ұзындығы - 48 шақырым, ені - 5-6 м, су өткізу мөлшері секундына 11,68 текше метр. Канал суымен Қазалы, Арал аудандарының егістік және жайылымдық жерлері суландырылады.

Басықара – жер атауы. Әйтеке би кентінен 21,0 шақырым солтүстікте, Сырдария өзенінің бойында орналасқан. Бұл жер Сырдария атырауының солтүстік жағындағы қыртөбелермен шектеседі. Басықара ойлы-қырлы келген жазық дала. Оның негізін денудация процесінен мүжіліп тегістелген палеогендік шөгінділердің қалдықтары құрайды. Климаты континентті. Мұнда өзімен аттас ауыл орналасқан.

Басықара – ауыл, ауылдық округ орталығы. Іргесі 1934 жылы №3 ауылдық кеңес болып құрылған. 1949 жылы ауылдық кеңес тарап, Қарашеңгел ауылдық кеңесіне қарасты болды. 1973 жылы Басықара ауылдық кеңесі болып қайта құрылды. 1997 жылы ауылдық кеңес тарап, 2001 жылға дейін Құмжиек ауылдық округіне қарасты болды. 2001 жылы Басықара ауылдық округі құрылды. Ауылдың бұлай аталуы төртқара руынан шыққан батырлығымен әрі әулиелігімен ел арасында аңызға айналған Басықара деген кісінің есімімен байланысты.

Бахақожа – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Бахы – арық. Қазалы қаласының оңтүстік–батысында, Сырдария алабында.

Бегалыбұлақ – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Бегалының бұлағы» мәніндегі атау.

Бегім ана мұнарасы – шамамен XI-XII ғасырлардан сақталған сәулет-өнер ескерткіші. Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 35 шақырым жерде, 1979 жылы Қазақстан тарихы және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының экспедициясы (жетекшісі Ә. Оспанов) зерттеген. Аңыз бойынша Бегім ана Жанкент әмірінің әйелі, нақақ жаланың құрбаны болған. Мұнара шикі кірпіштен тұрғызылған, екі қатар күйдірілген кірпішпен қапталған. Биіктігі – 10,5 м. Жоғары қарай сәл қусырыла келген сегіз қырлы призма пішінді, төбесі пирамида болып біткен, орта деңгейге (шамамен 5,5 – 6 м) дейін мұнара бағанасы тұтас, одан жоғары бөлме бар; бұған шығыс жағындағы аркалы ойық арқылы кіруге болады. Мұнара ескерткіш үшін не әлде бір белгі беруге, қарауыл қарау үшін салынуы мүмкін деген болжам бар. 1989 жылы мұнара қайта өңдеуден өтті. Әулие ананың ескерткіш - мұнарасы жанында тілеухана салынған, шырақшысы бар.

Бедер – қыстау. Арал Қарақұмының оңтүстігінде.

Бекарыстан би – ауыл, Майдакөл ауылдық округінің орталығы. Қазалы қаласынан батысқа қарай 39 шақырым жерде, Сырдария өзеннің сол жағасында орналасқан. 1994 жылы ауылдың Карл Маркс (Октябрь) атауы өзгертіліп, Сыр бойының белгілі биі әрі батыры Бекарыстан Амалдықұлының есімі берілді. Іргесі 1932 жылы қаланған. 1932 жылы «Үлгі бол», «Жаңа еңбек» серіктестіктері құрылды. 1933 жылы олар бірігіп, «Жаңатұрмыс» ұжымшары болды. 1939-61 жылдары «Октябрь», 1961 жылы К.Маркс атындағы ұжымшардың орталығы болған. Ауыл 1961-96 жылдары К.Маркс атындағы күріш өсіретін кеңшардың орталығы болған.

Белтам – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Бидайсадық – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау болса керек.

Бозай – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Бозкөл – көл. Қазалы қаласының оңтүстік–батысында, Сырдария өзеннің аңғарында. *Боз* және *көл* сөздерінен жасалған. Көл түсінің қаракөк мөлдір болмай, сарғыш бозаң тартып тұруымен байланысты қойылған атау.

Бозкөл – ауыл, ауылдық округ орталығы. Қазалы қаласынан батысқа қарай 65 шақырым жерде, Сырдария мен оның тармағы Қуандарияның аралығында орналасқан. Жері саздақты, боз топырақты, қарағаш, қайыртал, терек, жиде өседі. Ауыл іргесі 1955 жылы қаланған. 1957-96 жылы «Бозкөл» қаракөл қой кеңшарының орталығы болған. Бозкөлде және округтегі Лақалы, Отгон, Тасарық ауылдары төңірегінде Арнакөл, Бозкөл, Қарабайлы, Тайкеткен, Байқадам көлдері бар.

Боқа – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. Ру атынан қойылған атау.

Боқаның соры – қоныс. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзеннің аңғарында.

Боранбай – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ботпай – ауыл орны. Әйтеке би кентінен оңтүстікке қарай 15 шақырым жерде. Ру атынан қойылған атау.

Бошай – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде. Ру атынан қойылған атау.

Бөкіш – бейіт. Тұран ойпатында, Сырдария өзеннің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау болу керек.

Босқауға – құдық. Тұран ойпатының шығыс бөлігінде, Арал Қарақұмында. Құдық суының мөлшеріне қарай қойылған атау.

Бұзыққала – ежелгі қала орны. Бұзыққала Арал теңізінің шығысында, Қазалы қаласынан оңтүстік–батысқа қарай 55 шақырым жерде орналасқан. 1946 жылы Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедициясы (жетекшісі С.П.Толстов) зерттеген. Қаланың жобасы төртбұрышты, аумағы – 145x290 м. Қала сыртының ені 10 м ормен қоршалған. Қазба жұмыстары

барысында әртүрлі өрнегі бар қыш құмыралар табылды. Деректер Бұзыққаланың 6-10 ғасырлар аралығында болғандығын көрсетеді.

Бұлақ – артезиандық құдық. Жуанқұм өңірінде, Сырдария өзеннің аңғарында. Осы жерде бұлақ шығып жатқандықтан қойылған атау.

Былайбылай – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзеннің аңғарында.

Бірлік – ауыл, Бірлік ауылдық округінің орталығы. Әйтеке би кентінен оңтүстік–батысқа қарай 26 шақырым жерде, Сырдарияның сол жағасындағы Қазалы каналы бойында орналасқан. Ауыл 1977-96 жылдары аудандық мал бордақылау арнайы бірлестік орталығы болды. Бірлестік негізінде ауылда өндірістік кәсіпорындар мен шаруа қожалықтары құрылды.

Біртөбе – бейіт. Әйтеке би кентінен солтүстік–шығысқа қарай 18 шақырым жерде.

Водокачка – елді мекен атауы, Қарашеңгел ауылдық округінің құрамында. Аудан орталығынан 18 шақырым қашықтықта орналасқан. Іргесі 1931 жылы құрылған. Елді мекенде 133 адам тұрады, жанұя саны – 26. Елді мекенде Қарашеңгел бастауыш сыныбы бар, оқушылар саны – 11. Негізгі кәсібі – мал, егін шаруашылығы.

Дайрабай – құрғақ арна. Арал теңізінің шығыс алабында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Дайрабай – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Дарбас – құм. Арал Қаракұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында.

Дарбас – құдық. Арал Қаракұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында.

Дауынбай – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Дәуқазан – арық. Сырдария алабында.

Диісбай – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Дөңқазған – құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Дөңкүт – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Елемес – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Елемес – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Еңбекшіқазақ – темір жол бекеті. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 43 шақырым жерде. «Еңбекшіл, еңбек сүйгіш, бейнетқор қазақ» мәніндегі атау.

Ербай – құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ескідариялық – Сырдарияның ежелгі арнасы. Жусанды жазығы мен Жуанқұм құмы көлденең кесіп өтіп, Қуандариямен қосылады. Арна

Қызылорда облысының Қазалы ауданында орналасқан. Ұзындығы - 130 шақырым, тереңдігі - 1,5–2м. «Бұрынғы, көне Дариялылық» мәніндегі атау.

Ешкіарық – арық. Октябрь ауылында, Сырдария алабында.

Жақайқазған – құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзеннің аңғарында. Құдықты Жақай деген кісі қазғандықтан берілген атау.

Жақсыжармола – көл. Арал теңізінің шығысы алабында, Қызылқұмның солтүстігінде.

Жақып – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жалаңтөс батыр – ауыл. Қазалы қаласынан шығысқа қарай 15 шақырым жерде орналасқан. 1973-1997 жылдары күріш өсіретін «Қызылту» кеңшарының орталығы болып, кеңшар атымен аталған. Жалаңтөс батырдың құрметіне қойылған атау.

Жалмағанбет – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жалпақ – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Жалпақ, жайпаң келген, кең құдық» мәніндегі атау.

Жалпақ – жер атауы, ескі қоныстар тобы. Сырдария өзенінің сол жағасында орналасқан. 1958 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (жетекшісі С.П.Толстов) зерттеген. Қазба барысында неолит дәуірінің мәдениетін, сол кезде өмір сүрген халықтардың тұрмысын сипаттайтын құмыра ыдыстар, тастан жасалған пышақтар, мыс сынықтары, садақ жебелері, т.б. табылды. Табылған бұйымдарға қарағанда Қызылқұм, Жаңадария арнасын б.з.б. 4-3 мыңжылдықтарда балық аулап, жеміс өсірген тайпалар қоныстанған.

Жалтыркөл – көл. Сырдария өзенінің алабында, Бекбаулы темір жол бекетінен оңтүстікке қарай 2 шақырым жерде, теңіз деңгейінен 54,4 м биіктікте орналасқан. Көлдің ауданы - 13,3 шақырым. Жағасы жайпақ, аласа жыралармен тілімделген. Көл Сырдарияның суымен (көктемде) және қар суымен толығады. Жаздың ыстық айларында суы кермектеніп, минералдығы артады. Қарашаның 2-жартысында қатып, наурыздың аяғында мұзы ериді. Жайылмасында құрақ, қамыс өседі. Шығысынан 3 шақырым жерден Басықара каналы ағып өтеді. «Мөлдір, тұнық сулы таза көл» мәніндегі атау.

Жаманжармола – сор. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде.

Жаманқостан – төбе. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі - 65м.

Жанай – ауыл. Қазалы қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 39,5 шақырым жерде. Кісі есімінен не ру атынан қойылған атау.

Жанкент – орта ғасырлардан сақталған көне қала орны. Сырдарияның Арал теңізіне құяр тұсында орналасқан. Жувейнидің, Несевидің және Омаридің кейбір еңбектерінде ол «Шаһаркент» деп те берілген. В.В.Бартольдтің пайымдауынша Жанкент 10-11 ғасырларда Оғыз мемлекеттік бірлестігі билеушілерінің қысқы ордасы болған. Жанкентте 1867 жылы П.И.Лерх және М.К.Приоров кішігірім қазба жұмыстарын жүргізіп,

жобасын түсірген. Қаланың жобасы шығыстан батысқа қарай созылған, бұрыштары тік келген, көлемі – 375x225 м. Сыртқы қорғаныс қабырғасының сақталған бөлігінің биіктігі – 87 м, оның бұрыштарында орналасқан күзет мұнараларының оқ ататын қуыстарына дейін бұзылмаған. Ортағасырлық деректерде Жанкент қаласын мұсылмандар қоныстанған. Жанкент «Жаңа қала» деген мағынаны береді. Ел аузындағы аңыз бойынша Жанкент қаласының жойылуын Қарабура әулиенің қарғысымен байланыстырады. Аңызда жазықсыз жарын жазалаған Санжар ханның кесірінен (Жанкент қаласының билеушісі) қаланың бүкіл халқын ордалы жылан шағып өлтірген.

Жанқожа батыр ауылы – ауыл, Арықбалық ауылдық округінің орталығы. Әйтеке би кентінен батысқа қарай 32 шақырым жерде, Сырдария жайылмасының қамыс, құрақ басым өскен шалғынды сортаң топырақты шөлді белдемінде орналасқан. 1962-97 жылдары қаракөл қойын өсіретін Қазақстанның 40 жылдығы атындағы кеңшардың орталығы болды. Ауыл 19-ғасырда осы өңірде (Сыр бойында) өмір сүрген ұлт-азаттық көтерілістің басшысы болған Жанқожа Нұрмұхамедұлының есімімен аталған.

Жанши – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Ши маңындағы құдық» мәніндегі атау.

Жаңаарық – канал. Қазалы қаласының оңтүстік-батысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Жаңадан қазылған канал болғандықтан осылай аталып кетсе керек.

Жаңакалнин – ауыл орны. Жаңадария өзенінің аңғарында.

Жаңакөсе – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Жаңаталап – ауыл. Қазалы қаласынан батысқа қарай 55 шақырым жерде.

Жаркөл – қыстау. Қазалы қаласының батысында, Сырдария өзенінің бойында. *Жар* және *көл* сөздерінен жасалған. «Жағалауында тік жары бар көл» мәніндегі атау.

Жалтыркөл – көл атауы. әйтеке би кентінен солтүстік-батысқа қарай 15 шақырым жерде, теңіз деңгейінен 54,4 м биіктікте жатыр. Ауданы – 13,3 шаршы шақырым. Жағасы жайпақ, аласа жыралармен тілімделген. Көл Сырдарияның суымен (көктемде) және қар суымен толығады. Жаздың ыстық айларында суы кермектеніп, минералдығы артады. Қарашаның 2-жартысында қатып, наурыздың аяғында мұзы ериді. Жайылмасында құрақ, қамыс өседі. Шығысынан 3 шақырым жерден Басықара каналы ағып өтеді.

Жетімшағыл – құдық. Арал Қаракұмының солтүстігінде.

Жиделі – көл. Қазалы қаласынан оңтүстікке қарай 15 шақырым жерде.

Жиделі – ауыл. Қазалы қаласынан батысқа қарай 25 шақырым жерде.

Жолдыбай – бейіт. Жуанқұмның солтүстігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Жуан – ауыл. Қазалы қаласынан оңтүстікке қарай 15 шақырым жерде.

Жуанқұм – құмды алқап. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында орналасқан. Абс. биіктігі – 80-87 м. Оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 80 шақырымға созылған, енді жері – 20 шақырым.

Аумағы – 1,22 мың шаршы шақырым. Қырқалы-төбешікті, төбешікті, ұсақ төбешікті келген жер бедері ежелгі Сырдария өзенінің көне атыраулық аллювийлі шөгінділерінен түзілген. Сырдарияның ежелгі арнасы аумағында жатқандықтан Жуанқұмда грунт сулары жер бетіне жақын орналасқан. Құм қырқаларда ақ сексеуіл шоғырлары кездеседі. Алқап көктемгі-жазғы-күзгі жайылым саналады.

Жуантөбе – төбе. Арал Қарақұмының солтүстігінде. Абс. биіктігі - 99 м.

Жусанқатын – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Жұбан ауылы – Сарыкөл ауылдық округіне қарайды. Жұбан елді мекенінің бұрынғы атауы – Көк қатын. Қасында Жұбан деген үлкен көлдің болуына байланысты осы атқа ие болған. Табиғаты мал және балық шаруашылығына қолайлы.

Жұбан – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзеннің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Жұдырық – құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Ру атынан қойылған атау.

Жылқышытөбе – төбе. Әйтеке би кентінен оңтүстікке қарай 71,5 шақырым жерде, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі - 88 м. Ру атынан қойылған атау.

Жырақұдық – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. *Жыра* және *құдық* сөздерінен қойылған атау. «Жырадан ойпаң жерде қазылған құдық» мәніндегі атау.

Заңғар – көне қала орны. Қазалы ауданындағы Байқожа темір жол бекетінен 12 шақырым жердегі Кеңтүп елді мекені маңында орналасқан. 1868 жылы құрылып, Заңғар болысы 1920 жылға дейін осы атаумен аталған.

Ігілік – құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзеннің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Илемрат – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ирок – ауыл орны. Әйтеке би кентінен оңтүстік–шығысқа қарай 8 шақырым жерде.

Кәмектің сайы – құрғақ арна. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Кәукей – жер атауы. Сырдария өзенінің сол жағалауында, Әйтеке би кентінен 90 шақырым жерде, Қызылқұмның солтүстік шетіндегі Ақсай өзенінің жағасын алып жатыр. Оны Бозкөл қолтығы деп те атайды. 1950-51 жылдары Бозкөл қолтығы бірімен-бірі жалғасып жатқан тұщы көлшіктердің жиынтығы болған. Ол кезде Қуандария өзегі Сырдария өзенінен бастау алып, осы Ақсай қолтығына құйған. Кәукей өңірі агроклиматтық тұрғысынан өте құрғақ әрі ыстық өңір. Өңірде Кәукей елді мекені орналасқан.

Кәукей – ауыл, Қызылқұм ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Әйтеке би кентінен оңтүстік–батысқа қарай 95 шақырым жерде, Сырдарияның ежелгі арнасы – Қуандарияның төменгі ағысында, сортаң

топырақ жерде орналасқан. Ауыл 1963-1997 жылдары қаракөл қой шаруашылығымен айналысатын «Қызылқұм» кеңшарының орталығы болып келді. Кісі есімінен қойылған атау.

Кенкес – темір жол бекеті. Әйтеке би кентінен солтүстік–батысқа қарай 6 шақырым жерде.

Кентүп – ауыл. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 51 шақырым жерде. «Кең түбек» мәніндегі атау.

Кескенкүйікқала – төбе. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 66 м. Тарихи оқиғаға байланысты қойылған атау.

Киікбай – бейіт. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Коммунизм – ауыл. Қазалы қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 55 шақырым жерде. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Көкқатын – көл атауы. Әйтеке би кентінен оңтүстікке қарай 12 шақырым жерде, Сырдарияның сол жағалық жайылмасында орналасқан. Көлдің ұзындығы – 6,0 шақырым, ені – 1,1 шақырым, аумағы – 3,9 шаршы шақырым, көлемі – 3,2 млн. текше метр. Ол солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Көлге су Ақсай каналы арқылы құяды. Бұл кезде ені – 3-5 шақырым, ұзындығы – 60 шақырымға жетеді. Жуан Садырбай жайылмасы осы көл арқылы суландырылады. Көл жағалауының 60 пайызға дейінгі жерін қамыс, қоға басқан. Жайылмасы шабындыққа пайдаланылады.

Көкқызқималы – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде.

Көлалық ауылдық округі – 1936 жылдары Қазалы арнасының суы Каганович, Төлек ұжымшарларынан ауысып, Томан ұжымшарына келе қоймайтын. Ауыл белсенділері жылда дария тасығанда су толатын Қаракөлден саға алып, 1936 жылдың күзінде арық қаза бастайды. Ол келер жылы көктемде пайдалануға беріледі. 1937 жылы Құмжотаның бойына, Шініке және Қатағар беткейіне егін салып, мол астықтың астында қалады. Ел көркейіп, іргелі шаруашылыққа айналады. 1938 жылы екі пәтерлік отыз тұрғын үй және қойма салынады. Ұжымшар сол жылдардан бастап көлден саға алған арықтың атымен *Көлалық* атанады.

1950 жылы Аманкелді, Көлалық, Жанаталап, Бірінші Май және Каганович ұжымшарлары бірігіп, Аманкелді ұжымшарына ірілендіріледі. Бұның жер аумағы №16 ауылдық кеңеске қарайтындықтан, 1976 жылы Көлалық ауылдық Кеңесі деп аталды. 1993 жылдан бастап Көлалық ауылдық округі болып өзгертілді.

Көлалық аталған арықтың ізі қазіргі уақытта Мырзабек учаскесінің Қазалы-Әлсейіт тас жолына қараған бетінде 50-60 метр ұзындықта сақталған.

Күйікқала – көне қала орны. Жаңадария мен Қуандария өзендерінің аралығында, Жанкент қаласынан 18-20 км жерде орналасқан. Күйікқала археологиялық ескерткіштер қатарына жатады. 1946 жылы С.П.Толстов басқарған Хорезм экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Кубин – төбе. Жуанқұм өңірінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 71 м.

Қазалы – ауыл. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 57 км жерде. 1943 жылы «Комсомол» және «Бірлік» колхозы бірігіп, «Қазалы» асыл тұқымды қой совхозы болған. 1958 жылы «Қазалы» совхозы Арал маңындағы биязы жүнді қой өсіру жөніндегі көп жылдық ғылыми жұмыстардың қорытындысы бойынша асыл тұқымды мал совхозына жатқызылды.

Қазалы каналдары – Қызылорда облысындағы ірі суармалы-суландыру жүйелері. Сырдарияның оң жағалауында орналасқан «оң жаға» каналы, сол жағалауындағысы «сол жаға» каналы деп аталады. «Оң жаға» каналы 1943 жылы іске қосылды. Жалпы ұзындығы – 120 км, табан ені – 10-26 м, тереңдігі – 2,5-6 м, секундына 23-30 куб метр су өткізе алады. «Сол жаға» каналы 1941-43 жылдары қазылып, 1957 жылы техника күшімен кеңейтілді. Оның ұзындығы – 80 км, ені - 20-25 м, су ағымы жоғарғы бөлігінде секундына 34 куб метр.

Қалқабай – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қалтөбе – артезиандық құдық. Жуанқұм өңірінде, Сырдария өзенінің аңғарында. «Беткейінде ойдым-ойдым тандақ жері бар төбе» мәніндегі атау.

Қандыөзек – көл. Әйтеке би кентінен солтүстік-шығысқа қарай 5 км жерде.

Қаншықкөл – сор. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде.

Қапшық – төбе. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 71 м. Ұқсастыру жолымен қойылған атау.

Қарабайбұлақ – артезиандық құдық. Тұран ойпатының оңтүстігінде, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Қарабайдың бұлағы» мәніндегі атау.

Қарадүзген – құдық. Арал Қарақұмының солтүстігінде. Өсімдік атынан қойылған атау.

Қаракөз – көл. Сырдария алабында, Әйтеке би кентінен солтүстік-батысқа қарай 16 км жерде. Әйел кісі есімінен қойылған атау.

Қарақуыс – темір жол бекеті, ауыл. Әйтеке би кентінен солтүстік-батысқа қарай 15 км жерде. «Қара сай» мағынасындағы атау.

Қарақыз – құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі – 10 м, шығымы – 210 л/с. Ру атынан қойылған атау.

Қараманәуіт – бөген. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Су жинайтын шұңқыр» мағынасындағы атау.

Қарамолда – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қаратазқұдық – құдық. Арал Қарақұмының солтүстігінде. Ру атынан қойылған атау.

Қаратамақ – сор. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде. «Қара аңғар» мағынасындағы атау.

Қарашеңгел ауылдық округі – 1934 жылы Қарашеңгел ауылдық кеңесі болып аталған. Оған Басықара, Ленин, Қызылту ұжымшарлары қараған. 1934-1939 жылдары №3 ауылдық кеңесі болып құрылған. 1977 жылға дейін Қарашеңгел ауылдық кеңесі болып, бұл кеңеске Басықара,

Құмжиек, Қызылту ауылдары қараған. 1977 жылы Қызылту кеңшарының орталығынан кеңсе салынып, 5 елді мекеннен тұратын (Үйрек, Водокачка, Алтай, Ойынды, Көбек) өз алдына Қызылту кеңшарының ауылдық кеңесі болып ашылған. 76 жылдық тарихы бар ауылдық кеңес 1991 жылдан Қарашенгел ауылдық округі болып жұмыс жасауда. Ауылдық округ аудан орталығынан 12 шақырым қашықтықта орналасқан.

Қарбұлақ – қыстау. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында. «Терең бұлақ» мағынасындағы атау.

Қасқа – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Қаттыағар – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Қаттыкөл – ауыл орны. Әйтеке би кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 8 км жерде.

Қожаахмет – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қожабақы – ауыл, Аранды ауылдық округінің орталығы. Әйтеке би кентінен оңтүстік-батысқа қарай 45 км жерде. Ауыл 1977-97 жылдары мал бордақылау бірлестігі бөлімшесінің орталығы болып келді. Қазіргі уақытта Қожабақыда және округке қарасты Бірлік, Аранды ауылдарында «Қожабақы» ӨК мен АҚ, 11 шағын кәсіпкерлік, 6 шаруа қожалығы жұмыс істейді.

Қожабек – бейіт. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Қожақ – бейіт. Тұран ойпатында, Арал Қарақұмында. Кісі есімінен қойылған атау.

Қожақазған ауылы – Арал қарақұмдарының оңтүстігінде Қожа деген бір кісі құдық қазады. Тұрғындар сол құдықтан су ішіп, тіршілік етеді. Уақыт өте келе ол жерді халық «Қожаның қазған құдығы» мәнінде Қожақазған деп атап кетеді.

Қожақазған – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. «Қожаның қазған құдығы» мәніндегі атау.

Қожан – артезиандық құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында, Қазалы ауданында. Кісі есімінен қойылған атау.

Қожатақыр – қоныс. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Қожа руының атынан қойылған атау.

Қойындық – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. «Аңғардағы құдық» мәніндегі атау.

Қолдас – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қонысбайқұм – құм. Тұран ойпатында, Арал Қарақұмында. «Қонысбай руының құмы» мәніндегі атау.

Қосқұдық – құдық. Тұран ойпатының шығыс бөлігінде, Арал Қарақұмында.

Қосмола – артезиандық құдық. Әйтеке би қаласының оңтүстік-шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Қатар тұрған екі мола жанындағы құдық болғандықтан осылай аталып кеткен.

Қосшеген – ауыл орны. Шеңгелді ауылынан солтүстік-батысқа қарай 27 км жерде. «Қатарынан қазылып шегенделген екі құдық» мәніндегі атау.

Қосшеген – құдық. Тұран ойпатында, Арал Қарақұмында.

Қосшыңырау – жайлау. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. Екі терең құдығы бар болғандықтан осылай аталып кетсе керек.

Қосым қожа қорымы – Басықара су тоспасынан оңтүстікке қарай 60 шақырым қашықтықтағы Адам Атадан шығысқа қарай 6-7 шақырым жерде орналасқан. Қосым Қожа Мүсірәлі сопы әзіз Жәдікұлының кеже баласы.

Мүсірәлі үш жүзге пір болып, Түркістанға хан сарайына келгенде баласы Қосымды Әлімнің Қаракесек тайпасының ішіне өзінің орнына пір қойып кетеді. Қосым да әкесі сияқты аруақты адам. Осы қорымға жерленген келесі бір тұлға – Дәулет бақсы. Қорымда «Мені атам Қосымның әруағы қолдады. Өлгенде де сол кісінің қасына, жақын жерге қойыңдар» - деген өсиетімен жерленген тағы бір тарихи тұлға – Сартай батыр.

Қуанбай – бейіт. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қуандық – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қуандария - өзен. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. «Кеуіп қалған суы жоқ үлкен өзен» мәніндегі атау.

Қубек – темір жол бекеті. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 20 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Құлдан – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. Кісі есімінен қойылған атау.

Құлқұдық – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. Тереңдігі – 3 м, шығымы – 400 л/с. Ру атынан қойылған атау.

Құлқын – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Өте терең құдық» мағынасындағы атау.

Құмжиек ауылдық округінің орталығы – Қ.Пірімов ауылы. Аудан орталығынан 16 шақырым қашықтықта орналасқан. Құмжиек ауылының тарихы 1929 жылы Құмарық ұжымшары болып құрылғаннан басталады. 1950 жылы Жамбыл, Бірлік, 15 жылдық Қазақстан, Бірлік, Комсомол, Кентүп аталатын майда ұжымшарлар біріктіріліп, алғашында Сталин кейін Ленин атындағы ұжымшар болып іріленген. 1973 жылы Ленин және Қызылту кеңшарлары біріктіріліп, Қызылту кеңшары болып аталды. 1974 жылы шаруашылықтарды мамандандырылған Құмжиек мал, егін шаруашылығы болып құрылды. Содан бері Құмжиек ауылы болып аталып келеді.

Құмжолқұдық – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде.

Құттыбай күмбезі – сәулет өнері ескерткіші. 18-19 ғасырлар аралығында қазіргі Өркендеу ауылы маңында тұрғызылған. Ескерткіш шаршы пішіндес, биік күмбезді құрылыс. Күйдірілген кірпіштен өрілген. Сыртық ауданы – 11 x 9 м, жалпы биіктігі – 9 м. Үлкен бөлме мен дәліз ретінде соғылған шағын бөліктен тұрады. Орталық Азия аймағына тараған пештақты құрылыс үлгісіне ұқсағанмен, олардан өзіндік композициялық

нышанмен ерекшеленеді. 1982 жылдан мемлекеттік маңызды тарихи-мәдени мұралар тізіміне енгізілген.

Қызыләскер – темір жол бекеті. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 28 км жерде. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Қызылқұдық – құдық. Арал Қаракұмының оңтүстігінде. Құдық басындағы тас топырақтардың қызғылт түсі бойынша қойылған атау.

Қызылқұм ауылдық округі – Кеңес үкіметі кезінде Қазақстанда мал азығы дайындалмай, ел көп шығынға ұшырап отырған. Осыған байланысты екінші тың игеру мақсатында мал шаруашылығын дамыту үшін Қызылқұм беткейінен 1964 жылы Қызылқұм кеңшары ашылды. Жердің құмы қызыл түсті болғасын Қызылқұм деп аталған. Қызылқұм – Түркіменстанға дейін созылып жатырған шөлді аймақ.

Лақалы – ауыл. Қазалы қаласынан оңтүстікке ұрай 43 км қашықтықта. Балық атынан қойылған атау.

Майдакөл – ауыл, Алға ауылдық округінің орталығы. Әйтеке би кентінен батысқа қарай 53 км жерде, Сырдарияның атырауындағы шөлді белдемде орналасқан. Ауыл 1973-96 жылдары күріш өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы болған.

Майлыаяқ – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Құнарлы, үлкен құдық» мағынасындағы атау.

Майлыбас – темір жол бекеті. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 36 км жерде. «Шұрайлы жердегі бекет» мәніндегі атау.

Майлыбас – ауыл, өзімен аттас ауылдық округ орталығы. Аудан орталығынан 45 км қашықтықта орналасқан. Майлыбас ауылдық округі құрамында 8 елді мекен, оның ішінде – 2 темір жол стансасы және 4 темір жол бекеті бар. Тұрғындар саны – 188.

Матай – төбе. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде. Абс. биіктігі - 72 м. Ру атынан не кісі есімінен қойылған атау.

Мәдениет ауылы – 1930-1940 жылдар аралығында Кеңес үкіметі тұсында алғашқы ұжымдастыру кезінде құрылған.

Мәдениет – қыстау. Жуанқұмның солтүстігінде, Сырдария өзеннің аңғарында.

Мәлік – құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Ру атынан қойылған не кісі есімінен қойылған атау.

Мелбике – артезиандық құдық. Әйтеке би қаласының оңтүстік – шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Мералы – ауыл орны. Қазалы қаласынан оңтүстік – батысқа қарай 37 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Молдыман – бейіт. Арал Қаракұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. Кісі есімінен қойылған атау.

Моншак – қыстау. Тұран ойпатында, Сырдария өзеннің аңғарында. «Моншак тектес ұсақ тас табылған (жер)» мағынасындағы атау.

Мортық – қыстау. Жуанқұмның солтүстігінде, Сырдария өзеннің аңғарында. Қыстауда мортық қалың өсетіндіктен қойылған атау.

Мұқат – артезиандық құдық. Жуанқұм өңірінде, Сырдария өзеннің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Мұрат – бейіт. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Мұратбаев – ауыл, округ орталығы. Әйтеке би кентінен оңтүстік–батысқа қарай 10 км жерде, Сырдария өзеннің атырауында орналасқан. Іргесі 20-ғасырдың 30-жылдары ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінде қаланып, 1928-1996 жылы күріш өсіретін өзімен аттас ұжымшардың орталығы болды. Кісі есімінен қойылған атау.

Мұса – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Мырзақан – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Мырзалы – артезиандық құдық. Жаңадария өзеннің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Нарымбай – бейіт. Әйтеке би қаласының оңтүстік–шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Нарымбай – құдық. Арал Қарақұмының солтүстігінде. Тереңдігі - 2 м, шығымы - 200 л/с.

Науқанай – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Нысанқуат – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Оңтүстік Майлыаяқ – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Оңтүстіктегі құнарлы үлкен құдық» мағынасындағы атау.

Оразбай – қыстау. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Отгон ауылы – Тасарық ауылдық округі орталығынан 11 шақырым қашықтықта, солтүстік-шығыс жағында, Қуандария арнасының бойында орналасқан. Отгон ауылының бұрынғы атауы – Тасөткел деп аталған. Отгонның жоғарғы шығыс жағында 4-5 шақырым жерде көлік өтетін тас аралас тайыз көл болған. Сол өткелдің атымен Тасөткел болып аталған.

Өгізбөгет - қыстау. Әйтеке би кентінен оңтүстікке қарай 19 км жерде. «Үлкен бөгет» мағынасындағы атау.

Өзекбай – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Өркендеу – ауыл, өзімен аттас ауылдық округ орталығы. Қазалы қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 25 км жерде. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Өтебас – қоныс. Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Пірімов – ауыл. Әйтеке би кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 13 км жерде. Бұрынғы атауы – Құмжиек, Ленин ауылы. Кісі есімінен қойылған атау.

Сағыр - өзен. Жуанқұмның солтүстігінде, Сырдария алабында. Кісі есімінен қойылған атау болса керек.

Сағыр – ауыл. Қазалы қаласынан оңтүстікке қарай 17 км жерде.

Садырбай – (Жуан Садырбай) – ағынды көл. Сырдария алабында, Қазалы қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 13 км жерде орналасқан. Көлдің ауданы – 46,6 шаршы км, ұзындығы – 10,1 км, ені – 6,9 км, тереңдігі – 1,0-1,5 м. Кісі есімінен қойылған атау.

Сайлыбай – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Сандал – көл. Қазалы қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 110 км жерде, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Сандық – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Ру атынан қойылған атау.

Саралжыңқусай – бейіт. Әйтеке би қаласының оңтүстік-шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Сартымбет – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Сарыбайкөл – ауыл. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 40 км жерде. «Сарыбайдың көлі» мәніндегі атау.

Сарыбұлақ – ауыл. Әйтеке би кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 105 км жерде.

Сарыжан – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Сарыкөл – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Сарымбет – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Сарымбет – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Сортүбек ауылы - Майлыбас ауылдық округіне жақын орналасқан елді мекен. Сортүбек атауы сол жердің географиялық түріне байланыстырып қойылған. Түбек сөзінің мағынасы теңізге немесе көлге сұғына орналасқан құрлықтың бөлігі болып табылады. Яғни, түбектің іші сор болып кеткендіктен тұрғындар Сортүбек деп атап кеткен.

Сулама – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. Тереңдігі – 3 м, шығымы – 200 л/с. «Суы өте мол құдық» мәніндегі атау.

Сұлу – төбе. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 81 м.

Сұлуахай – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Сұлуқасқа – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 100 м.

Сұңқарбұлақ – артезианды құдық. Әйтеке би қаласының оңтүстік-шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Сүттібек – ауыл орны. Қазалы қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 46 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Сыйубай – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Сырлыбай кесенесі – 19-ғасырда салынған сәулет өнері ескерткіші. Бозкөл ауылы аумағында орналасқан. Халық аңызы бойынша мұнда атақты «Қыз Жібек» лиро-эпосындағы Төлегеннің әкесі Сырлыбай жерленген. Сырлыбай кесенесін 1979 жылы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы, 1980 жылы «Қазақ жобалау – қалпына келтіру» институтының сәулетшілер тобы зерттеген. Тік бұрышты, күйдірілген саз кірпіштен қаланған. Жалпы ауданы – 11 x 9 м, биіктігі – 9 м.

Табандықайнар - бұлақ. Арал теңізінің солтүстік-шығысында, Баршақұм өңірінде.

Таймола – бейіт. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Тақырқұдық – құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында. «Айналасында ештеңе шықпайтын, қуаң тақыр жердегі құдық» деген ұғымды білдіретін топоним.

Тақыртабан – құдық. Арал Қаракұмында. «Тақыр ойпаң жердегі құдық» мәніндегі атау.

Талас – артезиандық құдық. Жуанқұм өңірінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Сөз түбірі түркі-монғол тілдерінде *далай*, *талай* тұлғаларында айтылып, «*теңіз*», «*өзен*», «*мұхит*» деген мағыналарды білдірген. Яғни, «жазық жердегі су (құдық)» деген мағынаны береді.

Тапа ауылы – құрылғаннан бері Мұратбаев ұжымшарына қараған. 1943 жылы егін шаруашылығын дамытуға байланысты Құмжиек ұжымшарының қарамағына ауыстырылған.

Тапа сөзінің шығу тарихы, аңыз бойынша, сол маңайда биік төбе болған көрінеді. Сол төбенің басы қазақ пен қалмақ соғысқан кезде аттың тұяғымен тапталған жерге айналған. Сол себептен Тапа деп аталып кетсе керек.

Екінші бір аңызда – ертерек заманда сол жерде хандық құрған қалмақ ханының әйелінің аты Туфа болған деседі. Жердің аты осы әйелдің атына байланысты қазақша Тапа аталып кеткен сыңайлы.

Тасарық – ауыл. Қазалы қаласынан оңтүстікке қарай 60 км жерде.

Тасқарамола – бейіт. Тұран ойпатында, Арал Қаракұмында.

Тасқасқа – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 101 м.

Таукеткен – құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында.

Таушан – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Тебіз – артезиандық құдық. Қазалы қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 26 км жерде. «Шөбі қалың ойпаң жердегі құдық» мәніндегі атау.

Тегіс – сор. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында. «Жер бедері тегіс, тегістік, жазық» мағынасындағы атау.

Текеш – құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Темірқазған – құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Томайкөл – көл. Әйтеке би кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 25 км жерде, Сырдарияның сол жағасындағы Жуанқұм жазығында орналасқан. Ұзындығы – 7,5 км, ені – 1,0 км, терең жері – 3,5 м, ауданы – 2,6 шаршы км. Көл бірімен-бірі тіркес үш бөліктен тұрады. Жағалауы жазық, кей телімдерде құм шоқаттар кездеседі, шығанақтармен тілімделген. Көлдің деңгейі құбылмалы. Көктемде Сырдария тасығанда көтеріледі, жаз ортасында көлдің деңгейі төмендеп, жағадан алыстайды. Суы ашқылтым. «Томайдың көлі» мәніндегі атау.

Төртмолда – бейіт. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Тұрымқазған – құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде. Тереңдігі – 6 м, шығымы – 100 л/с. «Тұрым деген кісі қазған құдық» мәніндегі атау.

Түбек – темір жол бекеті. Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 53 км жерде. Атау *түб* (түп) + *ек* (қосымша) сөздерінің негізінен жасалған. Моңғол тілінде тов – «түп, орталық» ұғымын береді. Атаудың мағынасы: «негізгі, орталық, кіндік» дегенді білдіреді.

Түйте – артезиандық құдық. Жуанқұм өңірінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Ру не кісі есімінен қойылған атау.

Түктібаев – ауыл, Алға ауылдық округінің орталығы. Әйтеке би кентінен батысқа қарай 55 км жерде, Сырдарияның сол аңғарының жайылымында, Түктібаев каналының жағасында орналасқан. 1985 жылға дейін Октябрь, одан кейін Майдакөл деп аталды. 1966 жылы күріш өсіретін «Октябрь» кеңшарының орталығы болды. Ауылға 1985 жылы осы өңірде туып-өскен Кеңес Одағының батыры Ү. Түктібаев есімі берілді.

Түктібаев каналы – жасанды су арнасы. Сырдарияның сол жағалық аңғарында орналасқан. Бастауын Басықара бөгенінен алады. 1957 жылы салынған. Ұзындығы – 88,7 км, су өткізгіштігі – секундына 100 текше метр, бойында 52 гидротехникалық құрылыстар бар.

Тігіндіқос – құдық. Тұран ойпатында, Арал Қаракұмында. «Басында қос тігілген құдық» мағынасындағы атау.

Ұзақбай – құдық. Арал Қаракұмының солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ұзынмола – бейіт. Шеңгелді ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 55 км жерде.

Ұзынтам белгісі – 11-12 ғасыр сәулет өнерінің ескерткіші. Қазалы қаласынан батысқа қарай 55 км жерде орналасқан. Цилиндр тәрізді жасалып, шикі кірпіш пен күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Мұнараның диаметрі – 7 м, биіктігі – 10 м, көлемі – шамамен 300 шаршы км.

Ұялы – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Үйрек – елді мекен атауы, Қарашеңгел ауылдық округінің құрамында. Аудан орталығынан 10 км қашықтықта. Іргесі 1931 жылы құрылған. Елді мекенде 13 отбасы тұрады, тұрғын саны – 86.

Үркінді - ауыл орны. Қазалы қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 30 км жерде.

Үшқызыл – қоныс. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. *Үш* және *қызыл* сөздерінен жасалған атау. «Биіктігі әр түрлі осы өңірдегі үш қызыл түсті тау» мағыналарын береді.

Үштам – қоныс. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Көне түркі тіліндегі *там* – «баспана», «үй», қырғыз тілінде *там* «шымнан тұрғызылған үй». Осыларға сүйенсек, Үштам «әу бастан сол жерде үш там болған, үш там салынған» дегенді білдіреді.

Үштам – бейіт. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Ханқазған – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. «Хан қаздырған құдық» мәніндегі атау.

Ханшыққан – төбе. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 96 м. «Бір кезде басына хан көтерілген төбе» мәніндегі атау.

Шабанқазған – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Шағарақ – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Шағырлы I, II қамалдар – Шағырлы I Қазалы ауданы Жосалы темір жол стансасының оңтүстік-батыс жағында 155 км жерде. 1946, 1957 жылы Хорезм археологиялық - этнографиялық экспедициясы (жетекшісі С.П.Толстов) зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қамал тік төрт бұрыш, аумағы – 55 x 50 м, дуалының биіктігі – 4-5 м. Оның үстінде жасақтар тұратын екі қатар қорғаныс шебі бар. Дуалдың астыңғы жағы пахс пен шикі кірпіштен соғылған.

Шағырлы II қамалы Шағырлы I қамалының оңтүстік-батыс жағында 5 км жерде. Құрылыс жүйесі дөңгелек күмбезге ұқсас. Аумағы – 15 м. Қамалдардан теріп алған қыш-құмыралардың және темір пышақтың сынығына қарағанда Шағырлы б.з.б. I-ғасырдың аяғында салынған.

Шалпақ – ауыл орны. Қазалы қаласынан батысқа қарай 38 км жерде.

Шанқор – қоныс. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Шарқияз – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Шауқар – бейіт. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Шәкен – ауыл, ауылдық округ орталығы. Ауданның Қарақұм беткейін алып жатқан Шәке ауылдық округі Шәкен, Шилі, Шөлқұм, т.б. ұсақ елді мекендерден (Сүлей бұлақ, Абыла, Татанбай, Айбарша, Жақсылық, Тышқанбай, Жанұзақ қазған, Тоғыз құдық, Сахи баз, Әсем, Сапақ, Шоқпар, Шекер, Жетімшағыл) топтастырылып, 2005 жылдың мамыр айында қазіргі Арықбалық ауылдық округінен бөлініп, өз алдына округ болып құрылды. Ауылдың аумағы – 18374 га. Ауылдың негізгі кәсібі – мал, егін шаруашылығы. Аталу себебі, осы жерді мекен еткен Шәкен және Тәпен

деген ағайынды мыңғырған малы бар бір бай кісінің есімімен қойылған деседі. Шәкен екі ағайындының үлкені болған. Осы жерде екі ағайынды жігіттен ұрпақ өрбіп, Шәкеннің ауылы атанып, осы берекелі жерге малшылар қоныс теуіп, бертін келе Шәкен ауылы деп ауызша аталып кеткен.

Шеңгелді – ауыл. Әйтеке би кентінен оңтүстік-батысқа қарай 200 км-дей қашықтықта. Бұрынғы атауы – Қызылқұм ауылы. «Шеңгел қалың өскен жер», «шеңгелі көп» мәніндегі атау.

Шибұлақ – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Шилі өңіріндегі бұлақ» мәніндегі атау.

Шилі – елді мекен, Шәкен ауылдық округінің құрамында. Қалың шилі аумаққа халық көптеп шоғырланып, осы жер ел аузында Шилі ауылы атанған. Кезінде осы жердің шиінен малшылар ағаш үйге ши орып тоқыған екен.

Шөлқұм – ауыл. Арал қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 110 км км жерде, Арал Қарақұмының оңтүстік-батыс бөлігінде.

Шұбартөбе – төбе. Арал Қарақұмының солтүстігінде. Абс. биіктігі – 97 м. *Шұбар* және *төбе* сөздерінен жасалған. «Құмды, тасты, көделі төбе» мағынасындағы атау.

Ысқаққора – қыстау. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Ісбұлақ – артезиандық құдық. Арал теңізінің шығысында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ БОЙЫНША

Қармақшы ауданы – облыстың орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік бөлініс. 1928 жылы құрылған. Жерінің көлемі - 31,0 мың шаршы км. Тұрғыны - 51,409 адам. Аудан халқы көп ұлтты. Халықтың негізін қазақтар (48255 - 97,8%) құрайды. Одан басқа 273 орыс, 296 кәріс, 67 татар, 975 түрік, қалғаны басқа ұлт өкілдері тұрады. Халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы шақырымға шаққанда - 1,6 адамнан келеді. Аудандағы 26 елді мекен 2 кенттік және 12 ауылдық округке біріктірілген. Аудан орталығы - Жосалы кенті. Аудан жерін толығымен Тұран ойпаты алып жатыр. Қиыр солтүстігінен Арал Қарақұмның төбелі келген Жіңішкеқұм және Көлқұдыққұм құмды алабы, орталық тұсында Алақайдың ақтақыры және Жосалы даласы, оңтүстігінде Қызылқұмның төбелі құмдары орналасқан. Ауданның ең биік жері солтүстігінде (Тарғыл тауы, 160 м).

Климаты тым континенттік, қысы біршама суық, жазы ыстық әрі қуаң, аңызакты келеді. Аудан жерінің орта тұсынан Сырдария өзені ағып кетеді. Оңтүстігінде Сырдарияның ежелгі арналары – Жаңадария, Іңкәрдария жатыр. Сырдария өзені балыққа бай. Ауданда 1996 жылға дейін негізінен, күріш пен қаракөл қойы, оған қосымша сүтті-етті мал, жылқы, түйе, мал азықтық дақылдар өсіруге маманданған 3 ұжымшар, 7 кеңшар, 1 мал бордақылау

бірлестігі болған. Аудан шаруашылығына жарамды жердің аумағы - 2,13 млн га, оның ішінде жырттылатыны - 24,9 мың га.

Қармақшы ауданы жерімен Ташкент-Орынбор темір жолының 110 км телімі өтеді. Автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы - 323,0 км, оның 139 км-і республикалық маңызы бар жолдар.

«Қармақшы» атауы 15-ғасырдан бастау алған. Қараөзек арнасының Сырдария өзенімен қиылысқан жерін ежелгі тұрғындар «Қармақшы өткелі» деп атаған. Ресеймен байланыс орныға бастаған жылдардан (шамамен 1850ж) бастап осы өткел «Қармақшы форт-2» деп аталған. 1904 жылы Орынбор-Ташкент темір жолының іске қосылған кезінен жергілікті жерден жоса бояуы алынатын. Бояулы тастардың көптеп шығып жатуына байланысты сол төбелердің атымен стансаны «Жосалы» деп атаған. Аудан аумағында Қорқыт ата мазары, «Жетіасар», «Алтындыасар», «Шірік-Рабат», «Сырлытам», «Қосқала», т.б. көне заманның тарихи-архитектуралық ескерткіштері бар. Ауданда аты аңызға айналған орта ғасыр ойшылы, күй атасы - Қорқыт бабаға, «Рүстем-Дастан» эпосының қазақша нұсқасының авторы ақын Т. Ізтілеуовке, 2-дүниежүзілік соғыс майданында қаза болғандарға арналған ескерткіштер қойылған. Аудан жерінде Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан.

Абыла – ауыл, темір жол айырмасы, ауылдық округ орталығы. Жосалы кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 20 км жерде, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. Іргесі 1936 жылы қаланды. 1956-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Қармақшы» кеңшарының орталығы болған. Кеңшар негізінде Абылада және округке қарасты Анакөл, Қызылтам ауылдарында шаруа қожалықтары құрылған. Абыланың темір жолға таяу тұсында 1941 жылғы 2-дүниежүзілік соғысқа асы ауылдан аттанған ер-азаматтар салған жел диірмені ескерткіш ретінде сақталған.

Адамбай – бейіт. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Айыртабан – құдық. Тұран ойпатының шығыс бөлігінде, Арал Қарақұмында.

Ақай ауылдық округі – орталығы – Ақай ауылы. Төретам кентінің оңтүстік-батысында 3 шақырым қашықтықта. Бұл жер бір кезде Қармақшы ауданы Қармақшы кеңшарының сиыр фермасы (Ахай/Ақай фермасы) атанды. Төретам бекеті жанына өтетін Сырдарияның арғы бетінде Ақай делінетін жер аты бар. Ауыл аты осы жер атауына байланысты қойылған.

Ақай – ауыл, Төретам кенттік әкімдігі аумағында. Жосалы кентінен батысқа қарай 48 км, Төретам кентінен (темір жол стансасынан) 3 км жерде, Сырдария өзенінің жағалауында орналасқан. Іргесі 1959 жылы қаланған. 1959-96 жылдары КСРО Қорғаныс Министрлігінің көкөніс-сүт өндіретін №22 кеңшарының орталығы болған.

Ақжар – ауыл. Жосалы кентінен оңтүстік-батысқа қарай 55 км жерде орналасқан. Іргесі 1929-31 жылдары №8 артель ретінде құрылды. 1935 жылы МТС, 1950 жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» атындағы ұжымшар, одан

кейін «Сталин» ұжымшары болды. 1957 жылы ұжымшар күріш өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығына айналды. 1997 жылы кеңшар негізінде ауылда өндірістік серіктестік құрылды. Бұл атау жар топырағының ақ керіш түсіне, алыстан қарағанда ағарып көрінуіне байланысты қойылған.

Ақсақал тәуіп – жер атауы. Қызылқұм құмды алқабының солтүстік иелігінде орналасқан. Жер бедері бұйрат құмдардан тұрады, олардың аралығында ойпауыт жерлер кездеседі. Ойпауытты жерлерінде бұйырғын, баялыш, тасбұйырғын, теріскен, т.б. шөлге тән өсімдіктер өседі. Бұл өңірге 1600-1920 жылдары Аққыр болысының Кете-Шөмекей қазақтары қоныстанған.

Ақтайлақ – жер атауы қазіргі Тұрмағамбет ауылына жақын орналасқан кезінде қазақтың белгілі ақыны Т. Ізтілеуовтың кіндік қаны тамған жер. №10 темір жол айырмасы жанында орналасқан.

Ақтөбе – ауыл, округ орталығы. Жосалы кентінен оңтүстікке қарай 42 км жерде орналасқан. Іргесі 1928 жылы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінде қаланған. 1932-96 жылдары күріш өсіретін Чапаев атындағы ұжымшардың орталығы болып келді. 1996 жылға дейін Чапаев ауылы деп аталды. 1997 жылы ұжымшар негізінде шаруа қожалықтары ұйымдастырылды. Ауыл арқылы Қызылорда – Ақтөбе автомобиль жолы өтеді.

Ақшұқыр – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі – 14 м, шығымы – 400 л/с.

Алақай – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Алақайдың ақтақыры – қоныс. Байқоңыр қаласының оңтүстігінде, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде.

Алдабай – қоныс. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Алдабай – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Алдашбай ахун – ауыл. Жосалы темір жол бекетінен 80 км қашықтықта орналасқан. Іргесі 1929 жылы Карл Маркс атындағы ұжымшар орталығы ретінде қаланып, 1986 жылдан бастап «Майлыөзек» кеңшарының орталығы болып келді. Кісі есімінен қойылған атау.

Алтын асар – көне қала орны. Қуандария өзенінің ескі арнасының бойында орналасқан. Алтын асардың ежелгі аты белгісіз. Алғаш 1948 жылы Хорезм археологиялық экспедициясы (жетекшісі С. П. Толстов) зерттеген. Қала жұртының аумағы - 17 га. Жота басында екі төбенің сұлбасы айқын байқалады. Біріншісі «Үлкен үй» аталады, аумағы 150x150 м, биіктігі – 12-15 м. Мұнда негізінен, тұрғын үйлер болған. Екінші төбе - «Кіші үй». Жүргізілген қазба жұмыстары қаланың төменгі қабаты I-ҮІІІ ғасырларда салынғанын анықтады. Жоғары қабаты VI-ҮІІІ ғасырларға жатады. Жоғары қабаттағы тұрғын үйлер орындары қазылды. Бөлмелерде суфалар мен еден үстінде орнатылған ошақтар сақталған. Олардың бөренелермен, қамыспен жабылған төбесі жайпақ болғаны анықталды. Қала халқы егін, мал шаруашылығымен айналысқан. Сырдың төменгі ағысындағы Жеті асар

мәдениетінің басқа қоныстары секілді Алтын асардың да ежелгі тұрғындары қаланы асығыс тастап шыққан.

Алтынқұдық – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. Көне түркі тіліндегі «төменгі құдық» мәніндегі немесе «жақсы құдық» деген мағынадағы атау.

Алтынсатар – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Анакөл – темір жол бекеті. Жосалы кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 6,5 км жерде.

Әбілқайыр – артезиандық құдық. Жосалы даласында.

Әзерынты – құдық. Жосалы кентінен солтүстік-шығысқа қарай 27 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында. «Суы зорға шығатын құдық» мәніндегі атау болса керек.

Бабышмола – қоныс. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Бабыш деген кісінің моласы бар жер» мәніндегі атау.

БАЙҚОҢЫР – қала. Қызылорда қаласынан солтүстік-батысқа қарай 220 км-дей қашықтықта, Сырдарияның оң жағасында орналасқан. Қаланың іргесі 1955 жылы Байқоңыр ғарыш алаңын салуға байланысты қаланған. Жергілікті тұрғындар да, әскери мамандар да қаланы «10-алаң» деп атап келген. Ал қалаға іргелес жатқан «Крайний» әуежайы мен көптеген шаруашылық мекемелері және Төретам темір жол бекеті «9-алаңға» кіреді. *Бай* және *қоңыр* сөздерінің бірігуінен жасалған. Бай: 1.Ауқатты, әлді, мол, көл-көсір; 2.Шексіз көп, ұлан-асыр; 3.Ауыспалы мағынада ұшы-қиыры жоқ, шексіз; Қоңыр: 1.Қоңырқай, сұрғылт (түс); 2.Ауыспалы (мінез жайлы) тыныш, біртоға, жайлы; 4.Ауыспалы (ауа-райы туралы) салқын, Қарасуық қоңыр күз, т.б. Қоңыр сөзі арқылы жасалған топонимдердің де мағыналарының әртүрлі екені сөзсіз. Ол сөздің моңғол тілінде де бірнеше мағынада қолданылатынын көреміз. Мәселен, *Хонхорхой* – «шұңқыр, ойпат, төмен жер, тау үстіндегі қазан тәрізді үлкен шұңқыр, үңгір, сай, жыра» (Хабшай С., Мініс Ә. Моңғолша-қазақша сөздік. 1954, 262). Осы тілдегі *Хонгур* «сарғыш, қоңырқай» мәніндегі сөзден басқа хоңор – 1) төбе, төбешік, қырат; 2) күштіліктің теңеуін меңзейтін сөз. «Қоңыр шөбіне бай жер» мәніндегі атау болуы да мүмкін.

Байқоңыр – ғарыш алаңы. Іргесі 1955 жылы қаланған. Ғарыш алаңын салу үшін Байқоңырды тандап алу кезінде бұл жердің елді мекендерден қашық болуы, экватор жазықтығына жақындығы, ракета ұшырудың қауіпсіздігі, қайтып оралатын ғарыштық нысандар үшін қолайлы қону аймақтарының болуы, т.б. факторлар ескерілді. Байқоңырдың басты және көмекші нысандары мен қызмет ету орындары кең аймаққа орналасқан, олар бір-бірімен автомобиль жолдары және темір жол арқылы байланысқан.

Балажарма – канал. Сырдария алабында.

Баланды күмбезі – б.з.б. 4-2 ғасырлардан сақталған сәулет өнерінің ескерткіші. Баланды мекенінде. Алғаш зерттеген Хорезм экспедициясы (жетекшісі С. П. Толстов). Ғимарат құрылысы дөңгелек, диаметрі – 16 м, сақталған қабырғаларының биіктігі – 4,5 м, іргелігі пахсадан, жоғарғы жағы шикі кірпіштен қаланған. Құрылыс ғибадат етуге арналған болуы керек,

өйткені ешқандай қабір табылған жоқ. Ал, жан-жағындағы шеңбер бөліктері сияқты бөлмелерде ғана қабірлер бар. 20-ғасырдың 50-жылдары қазба жұмыстарын жүргізген профессор С. П. Толстов қабырғаның жоғарғы жағында сақталып қалған кірпіштердің көлбеу қаланғанына қарап, ғимараттың күмбезді болғанын анықтады. Бұл ғимарат сол замандағы әлемдік сәулет өнеріндегі бірден-бір күмбезді құрылыс. Ескерткіш Сырдария бойын мекендеген апасиактардан (су сақтарынан) қалған.

Балшынбұлақ – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Тұран ойпатында. «Балшын есімді кісінің бұлағы» мәніндегі атау.

Барбол – құдық. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Бәбіш молда – б.з.б. 4-2 ғасырлардан сақталған археологиялық ескерткіштер кешені. Сырдарияның көне арнасында орналасқан. 1950 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (жетекшісі С.П.Толстов) зерттеген. Ескерткіштер тобына қала-бекіністер, жерлеу құрылыстары, бірнеше қоныстар және суландыру жүйелерінің қалдықтары жатады. Бәбіш молда ескерткіштер кешеніндегі бекініс-қала қалашығы пахсалы (жасанды) биіктікте орналасқан, күйдірілмеген кірпіштен қаланған камалмен қоршалған.

Бәйбіше – таулы жота. Арал Қарақұмы мен Бетпақдала аралығында солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 25-27 км-ге созылған, абс. биіктігі – 254 м.

Бекалы – бейіт. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. Ру атынан не кісі есімінен қойылған атау.

Бектібай – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. Тереңдігі – 6 м, шығымы – 500 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Белтақыр – темір жол бекеті. Байқоңыр қаласынан оңтүстікке қарай 41 км жерде. «Бел етегіндегі тақыр» мәніндегі атау.

Бестамқала – ортағасырлық қала орны. Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 240 км жерде, Жаңадарияның құрғап қалған арнасының бойында. 12-13 ғасырларда өркендеген қаланың ауданы – 390 x 300 м, айнала екі қатар дуалмен, терең ормен қоршалған. Қала ішінде төртбұрышты үйлердің орындары сақталған. Қорғанға сырттан солтүстік және оңтүстік қабырғалардағы дарбазалар арқылы кіретін болған. Аршылған екі үйдің орны мен ошақтың орнынан сырлы қыш ыдыстар, металдан жасалған дөңгелек қалқанның, тас ыдыстардың, көгілдір моншақтың сынықтары, жебе сабы мен ұштары, темір қорытпалары, т.б. табылған.

Борлы – құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Құдық маңының борлы боп жатуына орай қалыптасқан атау.

Бостандық – темір жол бекеті. Байқоңыр қаласынан солтүстік-батысқа қарай 20 км жерде. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Бірлік – елді мекен атауы. III Интернационал ауылдық округінің құрамында. Ауылдық округтен 3 шақырым қашықтықта орналасқан. Елді

мекеннің Бірлік деп аталу себебі, бұл елді мекенде бірлігі, ынтымағы жарасқан 13 ұлттың өкілі еңбек етеді.

Дауылкөл – ауылдық округ атауы. Орталығы – Тұрмағамбет ауылы. Аудан орталығынан 70-75 шақырым қашықтықта орналасқан. Дауылкөл деп аталу себебі, ауылдан 4-5 шақырым жерде Дауылкөл деген көл бар, сол атауға байланысты берілген.

Диірментөбе – теміржол бекеті, Жосалы кенті әкімшілігіне қарайды, аудан орталығынан батысқа қарай 51 шақырым жерде орналасқан.

Ерте замандарда Түркісіб теміржолы салынғанға дейін сол жерде алыстан қарағанда диірменнің тасындай екі төбе болған, соған байланысты аталса керек.

Дүр Оңғар – ауыл, Жаңажол ауылдық округінің орталығы. Аудан орталығынан 35 шақырым қашықтықта орналасқан.

Егізқақ – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Елшібай – жолайрық. Байқоңыр қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 9 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Емталы – қыстау. Жосалы ауылының оңтүстік-шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында.

Ерімбет - қыстау. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Қуандария өзенінің бойында. Кісі есімінен қойылған атау.

Есентөбе – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Есеннің төбесі» мәніндегі атау.

Жалпақасар – қорған (б.з.б. 3 ғ.- б.з. 3 ғ. ежелгі қала орны. Жосалы темір жол бекетінен оңтүстік-батысқа қарай 45 км жерде, Жосалы даласында орналасқан. Қорғанның абс. биіктігі – 113 м. Жалпақасарды 1946-48 жылдары Хорезм археологиялық экспедициясы (жетекшісі С. П. Толстов) зерттеген. 1949-66 жылдары Л. М. Левина зерттеу жұмысын жүргізді. Қала үйлері мен қорғандары сабан араластырып құйған күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылған. Қазба барысында әр түрлі пішіндегі көзе, құмыралар, мал сүйектері табылды. Қоныстан табылған заттарға қарағанда, Жалпақасардың халқы мал шаруашылығымен айналысып, егін еккен. «Көсіліп жатқан кең сар дала, иен (ен) дала (жайлау)» мағынасындағы атау.

Жаманқоныс – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 128 м.

Жаңадария – құрғақ арна. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Жаңажол – ауыл. Жосалы кентінен оңтүстікке қарай 30 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан. Іргесі 1928 жылы ұсақ артельдердің бірігіп, «Энгельс» күріш өсіру ұжымшарын құруға байланысты қаланып, ұжымшар атымен аталды. Ауыл жанын жаңадан үлкен жол түскендіктен қалыптасып кеткен атау не кеңес дәуірінде қойылған әлеуметтік топоним.

Жаңақола – қыстау. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Жауымбайбұлақ – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Жауымбайдың бұлағы» мәніндегі атау.

Желдібай – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жетіасар – б.з.б. 3-1 ғасырлардағы қаңлы тайпалары қоныстарының орны. Жосалы темір жол бекетінің маңындағы бір-біріне жақын бірнеше қоныстардан тұрады. Осы қоныстың бірі көлемі жағынан үлкен, орташа қоныс болып, онда тайпа ақсүйектері тұрғанға ұқсайды. Сірғи жылдары оның орнын қазғанда, сол кезде салынған үйлердің қабырғаларынан әдемі ою-өрнекті әшекейлер табылды. Осы аймақты мекендеген қаңлылар Қаратау мен Сырдарияның орта саласында да тұрған. Ертедегі қытай деректеріне қарағанда, олардың тайпалық бірлестігі бес «кіші иеліктен» құрылған. Қоныстарда 120 мыңдай түтін болған.

Жиделі – құдық. Арал Қаракұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. Тереңдігі – 4 м, шығымы – 300 л/с.

Жосалы – дала. Қызылқұм мен Сырдарияның қазіргі атырауы аралығында жатқан батпақты жазық. Дала Сырдарияның төменгі ағысының сол жағалауында, оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 60 км-ге созылып жатыр. «Жоса көп өскен жер» мәніндегі атау.

Жосалы – ауыл, Жосалы ауылдық округінің орталығы болып саналады. Аудан орталығынан 24 шақырым қашықтықта орналасқан.

Жуантөбе – тау. Байқоңыр қаласынан солтүстікке қарай 135 км қашықтықта, Арал Қаракұмында. Абс. биіктігі – 136 м. *Жуан* және *төбе* сөздерінен жасалған. «Бас жағы үшкір емес, доғал біткен, жалпақ үлкен төбе, тау, адырлар» мәніндегі атау.

Жусандала – көне қамал орны. Жусалы кентінен оңтүстік-батысқа қарай 12 км жерде орналасқан. 1946 жылы ғалым Н. И. Суворов қамал орнынан археологиялық заттар жинады. Ошақ орындары мен көмбелерден алынған бұйымдардың ішінде арпа, тары секілді дәнді дақылдардың барлығы анықталды. «Жусан өсімдігі өсетін жер, дала» мағынасындағы атау.

Жусанды – Қызылқұм құмы мен Сырдарияның қазіргі атырауы аралығында жатқан батпақты жазық. Сырдарияның төменгі ағысының сол жағалауында, оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 60 км-ге созылып жатыр. Абс. биіктігі – 102 м. Жазық беті сәл ғана тілімденген, Сырдарияның ежелгі Қуандария және Ескідария арналарына бойлай түзілген. Жусандының біраз бөлігінде күріш өсіріледі.

Жылқаш – бейіт. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ііркөл – ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің орталығы. Жосалы кентінен оңтүстікке қарай 17 км жерде орналасқан. Іргесі 1950 жылы «Молотов» атындағы мал және егін шаруашылығымен айналысатын ұжымшар болып құрылған. 1988 жылға дейін Байқоңыр полигонына бағынышты «Октябрь» әскери кеңшары болып келді. Ауыл 1973-96 жылдары қой өсіруге маманданған өзімен аттас кеңшардың орталығы боған.

Калинин – ауыл. Жосалы кентінен батысқа қарай 10 км жерде, Сырдарияның оң жағасында. Бұрынғы атауы – Кеңтоғай ауылы. Кеңес өкіметінің қоғам қайраткері М.И.Калининнің фамилиясынан қойылған атау.

Кәмектің сайы – құрғақ арна. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Кекірелі – жер, елді мекен атауы. Байқоңыр қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 196 км жерде, Қызылқұмның қиыр солтүстік бөлігінде, Көмекбаев ауылдық округінің оңтүстігінде 140 км жерде жатыр. Шағын елді мекенде 3 шақты адам ғана тұрады. Кезінде Кекірелі «Жаңақала» кеңшарының қой фермасы және жазғы жайлау, қысқы қыстау орны болған. Осы жерден солтүстік-шығысқа қарай 18 км жерде сексеуіл тоғайы орналасқан. Төңірегінде бірнеше артезиан құдықтары бар. Құмды өңірдің Кекірелі аталуы, мұнда кекіре өсімдігінің ерекше көп өсетін орны болған. Сырдарияның сол жағалық тармағы – Жаңадария өзенінің суы 20-ғасырдың орта кезінде осы Кекіреліге жететін.

Келте – құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Келіншек – төбе. Тұран ойпатында, Байқоңыр қаласынан солтүстікке қарай 29 км жерде. Абс. биіктігі – 132 м. Атау төбенің сырт көрінісіне қарап қойылған болса керек.

Келіншек – қоныс. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Кемесалған – Диірмен төбе темір жол бекетінің шығысындағы жер аты. Байқоңыр қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 35,5 км жерде. Жер бетін ұлы топан су басқанда Нұр Пайғамбардың осы жерде кеме жасап, өзінің бала-шағасымен және әрбір тіршілік иесі – мақұлықтардың бір-бір жұбын алып, кемеге отырғызып, ұлы топан су апатынан аман алып қалған мейірімді ағаш ұсташысы.

Кеуек – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. «Өте кең қуыс құдық» мәніндегі атау.

Киікші – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында.

Көкұйық – төбе. Тұран ойпатының шығыс бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 159 м. «Етегі мол батпақты көк төбе» мәніндегі атау.

Көкшоқы – төбе. Жосалы даласының шығыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 106 м. «Жасыл шоқы» мәніндегі атау.

Көмекбаев – ауыл, ауылдық әкімшілік округтің орталығы. Жосалы кентінен оңтүстік-батысқа қарай 145 км қашықтықта, шөлде орналасқан. Ауыл 1964 жылы «Жаңақала» атты қаракөл шаруашылығымен айналысатын кеңшар болып құрылды. 1983 жылдан Кеңес Одағының батыры, осы жерде туып-өскен Тәйімбет Көмекбаевтың құрметіне берілген атау.

Қамысты – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Қамыс көп, мол өсетін жер» мәніндегі атау.

Қарабаскөпірі – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Қарабастың көпірі» мәніндегі атау болуы мүмкін. Кісі атына байланысты қойылған атау.

Қарайқуандық – құдық. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатында. Ру атынан қойылған атау.

Қаракөл – көл. Жосалы кентінен солтүстік-шығысқа қарай 18 км жерде, Сырдария алабында.

Қара асар – ежелгі қалашық орны. Жусалы темір жол бекетінен оңтүстікке қарай 45 км жерде. Қара асарды 1946 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (жетекшісі С. П. Толстов) ашып, жоспарын қағазға түсірген. Жинастырылған көзе, саптаяқ, құмыра, т.б. тұрмыстық және шаруашылық заттарға қарағанда, Қара асарды адамдар б.з.б. 3 және б.з. 3-ғасырларда мекен еткен. Олар егін өсірумен және мал шаруашылығымен айналысқан.

Қарақ тауы, Қарақ жалы – төбе, жер атауы, тарихи мекен. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Қуандария өзенінің бойында, Қармақшы ауданынан 150-160 шақырым жерде орналасқан (қазіргі Т. Көмекбаев атындағы ауылдан 10-15 шақырым, Қуандарияның арғы бетінде) биік төбе. Басында және төмен жағында Қара ата атты әулиенің бейіті және қойтастан қалаған бейіттер бар. Үлкен Қарақ, Кіші Қарақ деп аталады. Басында 1824-50 жылдары бұлақ болған. Көне Үргеніш пен Бұхараға барар жол Қарақ арқылы өткен. Қарақта 18-19 ғасырларда бірнеше шайқастар болған. «Қара төбе» мәніндегі атау.

Қарашоқат – төбе. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 146 м. «Қара төбешік» мәніндегі атау.

Қармақшы ата мазары – сәулет өнері ескерткіші. 14-15 ғасырларда күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Аудан орталығынан 1-2 км қашықтықта. Жалпы жобасы шаршыланып келген, төбесі күмбезді. Қабырға қалауы мен күмбездінде өрнек жоқ. Іші-сырты әктелген. Орта ғасырлық мазар салу дәстүрінің бір белгісі – ескерткіш сыртының лайына аттың қылы қосылған. Мазарға алғаш назар аударған И. Кастанье оның күйдірілген қыштан тұрғызылғанын, Қармақшы атаны әулие тұтқан жергілікті халық күмбезді ақ матамен жабулап қоятынын, осы матаға әулиенің өмірбаяны жазылғанын айтқан.

Қаттақырда – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Қожагелқұдық – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында. «Қожагелдінің құдығы» мәніндегі атау.

Қожатай арал – арал. Дариялық Тақыр жазығының батыс бөлігінде, Қаракөл көлінде. Қожатай деген кісінің атымен аталған арал.

Қожахмет – бейіт. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатында. Кісі есімінен қойылған атау.

Қойшы – құдық. Тұран ойпатының шығыс бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Қоныс – төбе. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 106 м. Малды ауыл жылда қонатын жайлы орын болғандықтан қойылған атау.

Қоныс – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Қоңыртау – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қорғаншы – ортағасырлық қала орны. Т.Ізтілеуов атындағы ауылдан оңтүстік-батысқа қарай 45 км жерде орналасқан.

Қорқыт – темір жол бекеті. Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 19 км жерде.

Қорқыт ата ескерткіші - Жосалы кентінен солтүстік-батысқа қарай 16 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында, Қорқыт стансасының түбінде (1980). Авторлары – Б. Ыбыраев, С. Исатаев. Ескерткіш темір бетоннан жасалған биіктігі – 8 м, 4 тік стеладан тұрады. Әрбір стела әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі ортаңғы тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Ескерткіштің ішкі жағы мәңгілік өмір сырын іздеген Қорқыт атаның киелі желмаясының шартарапқа жол тарқан ізін ишаралайтын «түйе табан» өрнегімен безендірілген. 1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2000 жылы кешен жанынан мұражай ашылды. Оның қорында 700-ге жуық экспонат сақталған. Қорқыт ата өмір сүрген дәуірдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәліметтер береді.

Қорқыт ата мазары – сәулет өнерінің ескерткіші. Шамамен 9-10 ғасырларда қазіргі Қорқыт стансасынан 3 км жерде қорқыт әулиеге тұрғызылған. 1925 жылдан опырыла бастап, 1952 жылы Сырдария өзені шайып кеткен. Қазір орны белгісіз. Мазар 19-ғасырдың соңында Ә. Диваев, И. А. Кастанье, П. И. Лерх зерттеулеріне негіз болған. Диваев пен Кастаньенің жазуы бойынша, құрылымы шикі кірпіштен қаланған дөңгелек пішінді 6-8 қырлы күмбезді құрылыс. Ішкі көрінісі биік, қабырғалары кереге өрнегімен нақышталған. Исламға дейінгі түрік сәулет құрылысы үлгісімен салынған. Мазардың бұрынғы орнына қазіргі заманғы мемориалдық ескерткіш орнатылған.

Қосасар – артезиандық құдық. Жосалы даласында. «Қосқорған» мәніндегі атау.

Қосасар – Тұрмағамбет ақын ауылынан 4 шақырымдай жерде, Құрайлы және Мәдениет каналдары аралығында орналасқан. Екі белестен (асардан) тұрады. Белестердің орта тұсында өзімен аттас артезиан құдығы бар. Батысында Жосалы даласы жатыр. Б.з.б. 4 және б.з. 1-ғасырларда болған Қосқорған ұғымындағы ежелгі шағын қаланың орны сақталған.

Қосәуіт – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Екі су жиналған жер» мағынасындағы атау.

Қоскөл – қыстау. Дариялық Тақыр жазығының батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. «Бір-біріне жақын қатар жатқан екі көл» мәніндегі атау.

Қосқара – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Екі тау, екі төбе» мағынасындағы атау.

Қосқорған, Қышқорған – 19-ғасырдың бірінші жартысында қокандықтар салған бекініс. Қосқорған Қараөзек арнасының Сырдарияға құяр тұсында орналасқан. Ресей офицері Романовтың Орынбор басшылығына жазған сипаттамасында: Қосқорғанның саз балшықтан соғылған ұзын екі қабырғасы биік екендігі, бекіністің аумағы үлкен, төрт бұрышында қарауыл мұнаралары мен күзет төбелеріне зеңбірек қойылғандығы, қорған сырты терең канал-арықтармен қоршалып, су жіберілгендігі айтылады. Қосқорғанда тұрған Қокан әскерлері жергілікті қазақтарға билігін жүргізіп, зорлық-зомбылық жасап, малдарын тонап отырған. 1852 жылы И. Ф. Бларамбергтің әскері шабуылдап, талқандады.

Қосқұдық – құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Қостөбе – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Қуандария өзенінің аңғарында. «Арасы жақын, қатар тұрған екі төбе» мәніндегі атау.

Қосшың – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Құдық екі биіктің жанында болғандықтан берілген атау.

Қуандария – ауыл, ауылдық округтің орталығы. Жосалы кентінен оңтүстік-батысқа қарай 125 км жерде, Қуандария өзенінің бойында орналасқан. Ауыл 1963 жылы «Қаракөл» қой кеңшары болып құрылған. 1997 жылдан «Шалғасқат» АҚ, 2000 жылдан «Таңатар» ЖШС болып аталады.

Қуандария – құрғақ арна. Қармақшы, Қазалы аудандары жерімен өтеді. Сырдария өзенімен тікелей байланысы жоқ. 1880-1907 жылдардағы картада басын Сырдария өзенінің сол жағындағы батпақты көлдерден алғаны көрсетілген. Қуандарияның бойында көне заманнан қалған ирригация жүйесінің құрылыстары жиі кездеседі.

Құланкеткен – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Белгілі бір оқиғаға байланысты қойылған атау.

Құрайлы – канал. Жосалы даласында. Жағасында қалың құрай көп өскендіктен берілген атау.

Қызған – тау. Тұран ойпатындағы Дарбас құмының солтүстігінде, Қазалы және Қармақшы аудандары шекарасында. Абс. биіктігі – 142 м.

Қызылжарма – канал. Сырдария алабында, Жосалы ауылының батысында.

Қызылтам – темір жол бекеті. Жосалы кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 27 км жерде.

Қырқұдық – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Қыр жерден қазылған құдық» мағынасындағы атау.

Қырсарыбұлақ – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында.

Қырық мешіт – Жосалы кентінің шығыс жағында 14 км жерде, Қараөзек өзені бойында. 1929-30 жылдарға дейін бұл мешіттер Марал ишан ұрпақтарының атымен жұмыс істеп тұрды. Қазір тек үйме топырақ боп біразының орны ғана жатыр.

Қыстау – қыстау. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында.

Майнарқан – бейіт. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Макан – артезиандық құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік-батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Мұрсай – құдық. Арал Қаракұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. Тереңдігі – 6 м, шығымы – 2500 л/с. *Мұр* сөзі қазақ тіліндегі мор, морлау сөздерімен бір түбірлі төркіндес болуы әбден мүмкін. Ал *мор*, *морлау* сөздерінің мағынасы: «қойдың қиын тұтатып, үстіне дымқыл көң, қи үйіп, бықсытып жаққан оты бар, қазылған шұңқыр жер». Демек, «терең қазылған шұңқыр, сай» мәніндегі атау.

Мыңарал – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. *Мың* және *арал* сөздерінен жасалған атау. «Көп, өте көп ірілі-ұсақты аралдар» деген мағынаны білдіреді.

Моншақты асар – көне қоныс орны. Қармақшы ауданында Сырдария өзені бойында орналасқан. Жетіасар өңіріндегі қалалық қоныстардың бірі. Қаңлы мемлекеті кезеңіндегі қала мәдениеті ескерткіштеріне жатады. Екі – үш қабатты төбе. Ескерткіш қалдықтарының биіктігі – 8 м, 18 га жерді алып жатыр. Бекінісі ирек жоспарлы. Б.з.д. 7 ғ – б.з. 8 ғ. аралығын қамтиды. Бірнеше мәдени қабаттардан тұрады. Моншақты асар жан-жақты зерттелмеген.

Наурызбай – канал. Жосалы даласында. Кісі есімінен қойылған атау.

Наурызбай – канал. Сырдария өзенінен Жосалы даласына дейін созылған.

Омартамы – ауыл орны. Жосалы кентінен оңтүстікке қарай 30 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында. Бұл жерде Омар деген кісінің үйі болғандықтан берілген атау.

Сақтаған – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Сарыапан – қоныс. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатында. *Сары* және *апан* сөздерінен жасалған. «Аумақты, үлкен, кең шұқыр, ор» деген мағынадағы атау.

Сарытабан – құдық. Тұран ойпатында, Арал Қаракұмында.

Сарытоғай – темір жол бекеті. Байқоңыр қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 17 км жерде. «Қалың, ну тоғай» мәніндегі атау.

Сеңгіртам – төбе. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 104 м. «Биік тамның жанындағы төбе» мәніндегі атау.

Смайлтамы – ауыл, Аудан орталығынан 63, Жаңажол ауылдық округінің орталығы Дүр Оңғар ауылынан 25 шақырым қашықтықта, ауылдың шығысында орналасқан. Осы жерде кезінде Смайл деген молда кісінің үйі

болған, кейінен ол құлап қалса да халық ол жерді Смайлтамы деп атап кеткен.

Суық – құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында. Құдық суы салқын болғандықтан қойылған атау.

Суықбет – қырат. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Қыраттың (теріскей) суықтау жағы» мәніндегі атау.

Сүгретбай – бейіт. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатында. Кісі есімінен қойылған атау.

Сырлытам кесенесі – сәулет өнері ескерткіші. XII-XIII ғасырларда салынған. Тағай ауылының солтүстік-шығысынан 16 км жерде орналасқан. Зерттеу жұмыстарын 1962 жылы Хорезм археологиялық экспедициясы (жетекшісі С.П.Толстов), 1971 және 1976 жылдары Қазақ КСР Мәдениет Министрінің экспедициясы жүргізген. Сырлытам кесенесі порталды-күмбезді құрылысқа жатады. Күйдірілген кірпіштен қаланған, ауданы 10 x 11 м, бүлінгеннен кейінгі биіктігі - 9 м. 1982 жылы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген.

Талас – құдық. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатында. Тереңдігі – 2 м, шығымы – 1000 л/с.

Таң шапағы – ауыл. Жусалы кентінен батысқа қарай 45 км жерде, Сырдария өзенінің сол аңғарында.

Тапайбұлақ – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған бұлақ атауы.

Тарғыл – төбе. Байқоңыр қаласынан солтүстікке қарай 77 км жерде, Тұран ойпатында. Абс. биіктігі – 160 м. Төбенің түсіне байланысты қойылған атау.

Тартаркөл – көл. Дариялық Тақыр жазығының батыс бөлігінде, Сырдария алабында. «Түбі батпақты, тартып кететін көл» мағынасындағы атау.

Тасқұдық – құдық. Тұран ойпатында, Сырдария өзенінің аңғарында.

Тектұрмас – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Тұран ойпатында.

Тоғай – ауыл. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Қазақстанда ірілі-ұсақты жыңғыл, бұта аралас өскен өзен жағалауларын тоғай дейді.

Томпақасар – төбе, көне қала орны. Байқоңыр қаласынан оңтүстікке қарай 60 км жерде, Тұран ойпатында. Абс. биіктігі – 106 м. Ертедегі Томпақасар қаласы үш бөліктен тұрады. Мәдени қабатының аумағы 7-10 м-ге жетеді. Алып жатқан алаңының аумағы 2 гектардай. Томпақасар - тік бұрышты құрылыс. Зерттеу жұмыстарын 1946-48, 1950 жылдары С. П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы жүргізген. Қазбадан қызыл кірпіш түстес қыш ыдыстар, шағын құмыралар, шыны моншақтар, т.б. заттар табылған. 1983-91 жылдары Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының (жетекшісі Л. М. Левина) қазба жұмыстары нәтижесінде 40 бөлме мен дуал қабырғалары, кіреберістері ашылды. Зерттеу барысында садақ оғы, керамика өнімдері, әшекей

бұйымдары табылған. Үстіңгі құрылыс қабаты б.з.б. 3-2 ғасырларға жатқызылған. Бөлмелерінің қабырғалары саз қам кірпіштен тұрғызылған. Ішкі құрылымы суфа (тапшан) , ошақ және шаруашылық шұңқырлардан тұрады.

Төлеген – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Тұран ойпатында. Кісі есімінен қойылған атау.

Төрөбай би – ауыл, Жосалы ауылдық округінің орталығы. Жосалы кентінен батысқа қарай 20 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағалық жайылмасында орналасқан. Ауыл 1997 жылға дейін «Қызылжұлдыз» деп аталып келген. Ауыл 1964-96 жылдары күріш өсіретін «Жосалы» кеңшарының орталығы болған. Кісі есімінен қойылған атау.

Төретағам – кент, темір жол бекеті, кенттік әкімдіктің орталығы. Қызылорда – Арал темір жолы бойында, Байқоңыр қаласының тұсында., Жосалы кентінен батысқа қарай 80 км жерде, Сырдария өзенінің бойында орналасқан. Іргесі 1905 жылы темір жол бекеті ретінде қаланды. «Төренің тамы» мәніндегі атау.

Тұрған тамы – елді мекен атауы. Қуаңдария ауылдық округінің құрамында. Елді мекен Қуаңдария ауылынан 100 шақырым қашықтықта орналасқан. Тұрған деген кісі атымен аталған.

Тұрмағанбет Ізтілеуов – ауыл, Дауылкөл ауылдық округінің орталығы. Жосалы кентінен оңтүстік-батысқа қарай 70 км жерде, Қурайлы каналының аңғарында орналасқан. Іргесі 1928 жылы «Талап», «Алға», «Екпін», «Ұмтыл», «Жұлдыз» атты серіктестіктері негізінде құрылған. 1930 жылы Ленин атындағы ұжымшар болып аталды. 1933 жылы ТОЗ құрылды. Олар «Қалықбас», «Қабанбай», «Өндіріс», «Ленин», «Шеңгелді» деп аталды. 1937-38 жылдары олар іріленіп, «Ление» ұжымшарын қайта құрды. 1957 жылы ұжымшар күріш өсіретін Ленин атындағы кеңшар болып өзгертілді. 1996 жылы кеңшар таратылды, ал 1997 жылы серіктестік «Тұрмағанбет» ӨК болып аталды. Кісі есімінен қойылған атау.

Түгіскен ескерткіштері – соңғы қола және ерте темір дәуірлерінен сақталған жерлеу ескерткіштері. Қармақшы ауданындағы Іңкәрдарияның құрғақ арнасының сол жағалауында, Қызылордадан 300 км жерде орналасқан. 1959 жылы Хорезм археологиялық экспедициясының ұшақпен барлау жұмыстары нәтижесінде ашылып, негізгі зерттеулер 1959-63 жылдары жүргізілген.

Түлкілі – төбе. Байқоңыр қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 90 км жерде, Тұран ойпатында. Абс. биіктігі – 215 м. Осы маңда түлкі аңының бар екендігін білдіру мақсатында қойылған атау.

Ұрақұдық – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. «Шұңқырдан қазылған құдық» мәніндегі атау.

Ұштағантөбе – тау. Байқоңыр қаласынан солтүстікке қарай 150 км қашықтықта, Арал Қарақұмында. Абс. биіктігі – 118м.

Ұялы – құдық. Тұран ойпатының шығыс бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында.

III Интернационал – ауыл, өзімен аттас ауылдық округ орталығы. Жосалы кентінен оңтүстікке қарай 35 км жерде, Қурайлы каналының аңғарында орналасқан. Іргесі 1928 жылы қаланған. 1928-96 жылдары күріш өсіретін ұжымшарлардың орталығы болған. Интернационалистердің құрметіне берілген атау.

Ханқазған – құдық. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. Тереңдігі – 6 м, шығымы – 700 л/с.

Шалқар – ауыл, аудан орталығынан оңтүстікке қарай 27 шақырым, Дүр Оңғар ауылының батысына қарай 12 шақырым қашықтықта орналасқан. Ертеректе бұл жерде айдын шалқар көл болған. Қазіргі кезде көл болмаса да, сол атау халық ауызында қалған.

Шарабай – құм. Жосалы ауылының шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Шобанқазған – елді мекен атауы. Көмекбаев ауылдық округінің құрамында. Елді мекен Көмекбаев ауылынан 150 шақырым қашықтықта орналасқан. Шобан қазған - Әлім руының бір аталығы.

Шошқакөл – жолайрық, Жосалы кенті әкімшілігіне қарайды, аудан орталығынан батысқа қарай 9 шақырым жерде орналасқан.

Бұдан жүз жылдай бұрын сол маңайда жабайы қабандар мекен еткен көл болған. Сондықтан халық сол жерді Шошқакөл деп атап кеткен.

Шұқырқазған – артезиандық құдық. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Шұқыр руы қазған құдық» мәніндегі атау.

Шірік-Рабат – көне қала орны. Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 200 км жердегі Жаңадария өзенінің ескі арнасында орналасқан. Оны алғаш 1867 жылы археолог П.И.Лерх ашқан. 1946-49 жылдары Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы зерттеген. Шірік-Рабатты зерттеуде ғалым-археологтар С.П.Толстов, Л.М.Левина, Б.И.Вайнберг бес жерден қазба жұмыстарын жүргізді. Ұзындығы – 800 м, ені – 600 м болып келген жазық төбеде орналасқан қала 42 га жерді алып жатыр. Төбе бірнеше қатар дуалдармен, екі қатар бекініс жүйесімен күшейтілген. Алғашында қала тайпа көсемдері өмір сүріп және жерленіп отыратын бекініс қызметін атқарып, кейіннен тұрақты үлкен мекенге айналған. Бекініс қамалда барлығы төрт қорған болған.

Ізтелеу – құдық. Арал Қаракұмының оңтүстігінде, Тұран ойпатында. Кісі есімінен қойылған атау.

Ізтілеуов Тұрмағамбет ескерткіші – сегізбұрышты күмбезді құрылыс. Тұрмағамбет ауылында орнатылған. Сегізбұрыштың әр қыры үш қырлы етіп бедерленген. Төменгі бөлікте екі жаққа ашылатын есікке арналған ойық дәстүрлі қазақ оюларымен өрнектелген. Жоғары жағы бағаналар арасындағы үшбұрышты аркалармен безендірілген. Бағаналардың алдыңғы беті мен аркалардың үшкір басы бик тәріздес мозаикалық өрнек. Дөңгелек күмбез қазақтың киіз үйін еске түсіреді. Күмбездің жоғары жағы геометриялық тұлғалармен бейнеленіп, мозаикалық өрнекпен безендірілген. Сегізқырлы ескерткіштің биіктігі – 4,8 м. Күмбездің биіктігі – 2 м. Бір бұрыштың ені – 1,29 м.

Глесбай – артезиандық құдық. Тұран ойпатының оңтүстік-шығыс бөлігінде, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Іңкәрдария – құрғақ арна. Солтүстік Қызылқұмның оңтүстігінде орналасқан ескі Жаңадария каналының оң жағынан айырылатын өзек. Сырдария өзенімен байланысы жоқ. Іңкәрдарияның ұзындығы – 138 км. Ол екі телімге бөлінеді: біріншісі – сағасынан бастап 71 км-ге дейін, ені – 20-30 м, тереңдігі – 0,7-1,0 м; екіншісі – 71 км-ден 138 км-ге дейін, ені 40 м-ден 20 м-ге дейін, тереңдігі – 2,0 метрдей. Өзен төмен қарай бірте-бірте жайпауыттанып, жоғалады. Өзектің бас жағы мен Сырдария өзенінің арасында ауқымды кеңістікті лай басып қалған. Сол себепті екеуінің арасында байланыс жоқ. Қызылқұм қойнауын мекен еткен тұрғындар 1908-16 жылдар аралығында егін егумен айналысқан.

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ БОЙЫНША

Жалағаш ауданы – облыстың орталық бөлігіндегі әкімшілік бөлініс. 1934 жылы құрылған. Ауданның жалпы жер көлемі - 27 мың 156 шаршы километр немесе 28847789 гектар. Аудан жеріндегі 17 елді мекен 11 ауылдық округ пен 1 кенттік округке біріктірілген. Аудан бойынша – 41698 тұрғын тұрады. Оның 41565-і қазақ, 85-і орыс, 172-сі кәріс, қалғаны басқа ұлт өкілдері. Халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы шақырымға шаққанда 1,8 адамнан келеді. Аудан орталығы – Жалағаш кенті.

Жалағаш кенті облыс орталығы Қызылорда қаласының батысында 75 шақырымдай, Сырдария өзенінен 4-5 шақырымдай қашықтықта орналасқан.

Аудан батысында Қармақшы, шығысында Сырдария аудандарымен шектеседі. Теріскейде Қарағанды /Жезқазған, Жезді) облысы, түстікте Өзбекстан Республикасы жатыр.

Жалағаш ауданының жері, негізінен, жазық. Солтүстік тақыр (Дариялықтақыр жазығы), сор, сортаң, Сыр бойындағы жері шалғынды-батпақты, оңтүстікке қарай (Қызылқұм) құмды келеді. Ең биік жері – ауданның солтүстігінде орналасқан *Егізқара* тауы (288 м). Климаты тым континенттік, қысы суық, жазы ыстық, аңызак. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері – 100-150 мм. Аудан жерімен Сырдария және оның тармақтары Жаңадария, Қараөзек ағып өтеді. Бақаш, Шеңгелдікөл, Сарыкөл, Қаракөл, т.б. көлдер бар.

Аудан жерімен Ташкент – Орынбор темір жолы (ұзындығы – 40 шақырым) және мемлекеттік маңызы бар автомобиль жолдары өтеді. Автомобиль жолдарының ұзындығы – 279 шақырым, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдың ұзындығы – 135 шақырым. Жалағаш ауданында тарихи және мәдени ескерткіш орындары көптеп кездеседі. Олар - «Сары асар», «Қараасар», «Орқала», «Жаңақала», «Құмқала», т.б.

Аудан бойынша 58 тарихи-мәдени ескерткіштер мемлекеттік есепке алынған. Аталған ескерткіштердің көпшілігі Сырдарияның бұрынғы арналары Іңкәрдария, Жаңадария және Қуандария бойында орналасқан.

Түрлі дәрежедегі тарих және мәдениет ескерткіштерінің ішіндегі бірегейі - ортағасырлық Жент қаласы. Кезінде өте көрікті елді мекен, мәдениет орталығы болған.

Жалағаш топырағында туып-өскен тарихи тұлғалар шыққан. Келмембет, Сәрке, Бұқарбай, Бәйтік, Тоғанас батырлар ел қорғаны болса, қазақ әдебиетінде Нысанбай ақынның орны ерекше.

Сонымен қатар есте жоқ ескі замандардан аты жеткен Көктонды, Баба-Ғайып әулиелер, бабаларымыз Сырман қожа, Түмен, Мәмбет әулиелер, Мырзабай, Дәулетназар, Тоқсанбай, Шаймағамбет ахун, Беркімбаи қалпе өмір сүрген, әруақ қонған киелі өлке.

Абылтайқұдық – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстік-шығысында, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. «Абылтайдың құдығы» мәніндегі атау.

Айдар – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ақарық – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 30 км жерде, Жаңадария өзенінің аңғарында.

Аққолқа – елді мекен атауы, Жаңадария ауылдық округіне қарайды. Жаңадария ауылының оңтүстік-батыс жағында 48 шақырым жерде орналасқан. Іргесі 1968 жылы құрылған. Елді мекенде бастауыш мектеп, медпункт, дүкен, кітапхана ашылған. Кейіннен 8 жылдық мектеп болды. Мектеп жанынан малшы балаларына арнап 25 балаға интернат ашылды. Бұл кейіннен орта мектеп болды.

Аққорғанболтық – төбе. Арал Қарақұмының оңтүстік-шығысында, Байқоңыр қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 134 км жерде. Абс. биіктігі – 211 м.

Аққұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Аққұм – ауыл, округ орталығы. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 30 км жерде. *Ақ* және *құм* сөздерінің бірігуінен жасалған. Құмның ақ шағыл түсіне байланысты аталса керек.

Аққыр – ауыл, округ орталығы. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 70 км жерде, сексеуіл, селеу, жыңғыл, жантақ өскен шөлді белдемде орналасқан. Іргесі 1964 жылы қаракөл қой кеңшары ретінде қаланды. Ауыл бұрын Көкшоқы деп аталған. «Ақ отты қыр» мәніндегі атау. Ақдала атауымен мәндес.

Ақсу – ауыл, округ орталығы. Жалағаш кентінен 4 км жерде, Сырдария өзенінің оң жағалауына орналасқан. 1950-60 жылдары Сталин, 1979-96 жылдары күріш өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы болып келді. 1999 жылға дейін ауыл 22-партсъезд деп аталған.

Ақшал – ауыл. Жосалы кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 34,5 км жерде, Дариялық жазығының батыс бөлігінде. Сырт тұлғасына қарағанда

кісі атынан қойылған жер аты деп те қарауға болады. Бірақ құрамында шал (чал) сөздері бар топонимдер басқа да облыстарда кездеседі. Э.Мурзаевтың пікірінше, «чал әзербайжан диалектісінде «тастақ жер», көне түркі тілінде – «жота, қырат» мағыналарын береді. Яғни, ақ тасты қырат, жота» мәніндегі атау болуы да мүмкін.

Ақшолақ – канал. Жалағаш ауылының оңтүстігінде, Сырдария өзеннің бойында. Кісі есімінен қойылған атау.

Аламесек – ауыл орны. Жалағаш кентінен 45 км қашықтықта, Аламесек көлінің жағасында орналасқан. Іргесі 19-ғасырдың аяқ кезінде қаланып, 1928-1930 жылдары аудан орталығы болды. Жері құнарлы, шөбі шүйгін, балық, аң құсы мол болғандықтан бұл аймақтың халқы ашаршылыққа ұрынбаған. Шымбай, Төрткүл, Қазалы уездерінің саудагерлері Аламесекте сауда жәрмеңкелерін өткізіп, «Жаңа базар» аталып кеткен. 1900 жылдары Аламесекте 220 үйдей қазақ, 50-60 үй өзбек, 20-30 үй ноғай тұрған. 2 сыныптық орыс-қазақ түземдік мектебі (1898 ж), кірпіш зауыты (1903 ж), қасапхана жұмыс істеді. 1925 жылы Аламесек болысына 44 ауылдық кеңес қарады. Аламесек көліне құятын сулар бөгеліп, көл табаны құрғаған соң, Аламесектен ел еріксіз көшіп кетті. Аламасақ (өсімдік) сөзінің бұрмаланған тұлғасы болса керек.

Аламесек – ауыл, ауылдық округ орталығы. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 40 км жерде, Алама есек көлінің жағасында орналасқан. Іргесі 19-ғасырдың соңында қаланған. 1928-30 жылдары аудан орталығы болды. 1996 жылға дейін күріш өсіретін «Ақарық» кеңшарының орталығы болып келді. Ауылда 1902 жылы алты болысты қамтитын алғашқы мектеп (қазіргі №124 мектеп) ашылған.

Алтықұлаш – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Атау құдық тереңдігін білдіруге орай қалыптасқан.

Алтынқатын – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Ахмет – ауыл орны. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 5 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Әли – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Әлментай шоқысы – жер атауы. Қарақұм көтерілісінің (1930- 31) бас мергені Әлментайдың атымен аталған. Ертеде жалағаштықтардың (табын тайпасының) Қарақұм көш жолындағы жайылым да Әлментай шоқысы деп аталған.

Байболат – құдық. Дариялық жазығының солтүстік-батыс бөлігінде. Тереңдігі – 4 м, шығымы – 1000 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Байсиық – төбе. Арал Қарақұмының оңтүстік-шығысында, Байқоңыр қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 112 км жерде. Абс. биіктігі – 201 м. Ру атынан қойылған атау.

Балапан – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 157 м. Ру атынан не кісі атынан қойылған атау.

Балғынбай – төбе. Дариялық жазығының солтүстік-батыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 160 м. Кісі есімінен қойылған атау.

Басықара – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі – 20 м, шығымы – 800 л/с.

Бегінкөл – көл. Дариялық жазығының оңтүстік-батыс бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Бекей – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 120 км жерде, Жаңадария өзенінің жағасында. Кісі есімінен қойылған атау.

Бел – құдық. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. «Бел етегіндегі құдық» мәніндегі атау.

Белқұрал – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Бесмола – көл. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 34,5 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында. Көл жағалауында бес моланың кездесуіне қарай қалыптасқан атау болса керек.

Бестам – елді мекен атауы. Жаңадария ауылының батыс жағында 9 шақырым жерде орналасқан. Жаңадария өзенінің бойында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Іргесі 1968 жылы құрылған. Бестам мал бордақылау фермасының орталығы болған.

Бисембай – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Боза – ауыл орны. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 5,5 км жерде. Ру атынан қойылған атау.

Боздақ – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Бозтай – ауыл орны. Жалағаш кентінен шығысқа қарай 8 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Бозымбай – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 131 м.

Босаға – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Топонимдік мағынасы: «биік тау не жоталардың қысаң жері, босағаға ұқсаған төменгі жері». Артезиандық құдық осындай жерде орналасқандықтан қойылған атау болуы мүмкін.

Босағым – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Бос шапшып ағып жатқан құдық» мәніндегі атау.

Бөріойнақ – жота (төрткілді қырат). Арал Қаракұмының оңтүстік-шығысында орналасқан. Жота солтүстіктен оңтүстікке қарай 37 км-ге созылған, енді жері 15 км, абс. биіктігі – 217 м. *Бөрі* және *ойнақ* сөздерінен жасалған. «Ойнақ салатын, ойнақтайтын жер» мәнінде, бөрілердің осы тауда жиналып асыр салып ойнақтағанын байқаумен байланысты қойылған атау болса керек.

Бөшібай – құдық. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Буровая – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Бұқарбай батыр – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 13 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан. 1930 жылдан Калинин ұжымшары болып келіп, кейін Ақсай ауылы болды. 1993 жылы қазіргі аты берілді. Кісі есімінен қойылған атау.

Далдабай – ауыл. Жалағаш кентінен солтүстік-батысқа қарай 25 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында. Бұрынғы атауы – Актив ауылы. Кісі есімінен қойылған атау.

Далдабай – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Дали – бейіт. Арал Қарақұмының оңтүстік бөлігінде.

Досжан – құдық. Мойынқұм құмының оңтүстік-шығысында. Кісі есімінен қойылған атау.

Егізқара – қырат (тау жұрнағы). Арал Қарақұмының оңтүстік-шығысында орналасқан. Қырат батыстан шығысқа қарай 40 км-ге созылған, ені – 10-13 км, абс. биіктігі – 288 м. Н.А. Баскаков *егіз* сөзін көне түркі тіліндегі эес (егис) егиз «биік» деп қараса, Э. Мурзаев қырғыз тіліндегі эгиз – «биік», «биік таудағы жайлау» сөздерімен байланыстырады. Яғни, атау «биік төбе, биік шоқы» мағынасына жуық келеді. Дегенмен, атаудың бірінші сыңарындағы егіз «екі, қос» мәнінде де айтылатынын ескерсек, Егізқара – тіліміздегі «Қостөбе, Қосшоқы» атауларымен мәндес келетіні байқалады.

Егізқара – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстік-шығысында, Тұран ойпатының шығыс бөлігінде. Тереңдігі – 5 м, шығымы – 2000 л/с.

Егімбай – құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Еңбек – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 30 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан. 1930 жылы Мыңсай, Бозарқаш, Аққошқар қоныстары біріктіріліп, «Еңбек» ұжымшары құрылған. 1967 жылдан күріш өсіруге мамандандырылған «Қазақстанның Ленин комсомолы» атындағы кеңшар орталығы болды. «Еңбекті құрмет тұту» мәніндегі атау.

Ершебай – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жайна – құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жалаңаш – төбе атауы. Жалағаш кентінің шығысында 8,5 шақырым жерде орналасқан. Ол жерде ешқандай өсімдік атаулы өспейтіндіктен «Жалаңаш төбе» аталып кеткен. Төбе Қаңлы дәуірінен қалған қаланың орны. Бұл төбені Сырдария өзенінің бір арнасы – Қуандария бойындағы Жетіасар қалаларының шығыстағы сілемі десе де болады. Қаланың нақты атауы мен тарихы әзірге белгісіз.

Жалғызқұм – төбе. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 106 м. «Жеке, оқшау, оңаша тұрған құмдауыт төбе» мәніндегі атау.

Жанаркөл – көл. Жалағаш кентінен батысқа қарай 17 км жерде, Сырдария өзенінің бойында. Кісі есімінен қойылған атау.

Жаңадария - өзен. Қызылқұмның солтүстік етегінде, Сырдария алабында. «Жаңа арна» мәніндегі атау.

Жаңадария – ауыл, Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 65 км жерде, Торанғысай өзенінің сол жағалық аңғарында орналасқан. Іргесі 1933 жылы осы өңірде ауыл шаруашылығын ұйымдастыруға байланысты бірнеше шағын ұжымшар бірігіп, «Жаңадария» ұжымшарын қаруға байланысты қаланды. 1963 жылы ұжымшар кеңшар болып құрылды.

Жаңақоныс – ауыл. Жалағаш кентінен батысқа қарай 20 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында.

Жаңаталап – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 55 км, Мақпалкөл ауылынан 6 км жерде, Ақтөбе құмының шығыс бөлігінде орналасқан. Іргесі 1932 жылы № 16 ауылдық кеңеске қарайтын ұсақ артельдер ұйымдасып, «Жаңаталап» ұжымшары болып құрылды. 1963 жылы Ленин және «Жаңаталап ұжымшарлары бірігіп өзімен аттас кеңшарды құрды. *Жаңа* және *талап* сөздерінің бірігуі арқылы жасалып, «жаңа өмірге ұмтылыс, зор мақсат» мәніндегі кеңестік дәуірде қойылған атау.

Жент – Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы ортағасырлық қала орны. Қалада мұсылман дінін ұстанған түркі тайпалары қоныстанған. Жент 10-12 ғасырларда Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы негізгі үлкен қала болған. Осы маңда орналасқан Жанкент, Баршынкент, Ашанас (Асанас), Хувар (Жувар) қалалары бірігіп, Жент өлкесінің қалалар тобын құрады. Қала көркейіп, үлкен беделге ие болғаны сондай, кейбір деректерде Арал теңізін Жент көлі деп жазған. Сырдың төменгі ағысындағы басқа қалалар секілді Женттің де 14-ғасырдан кейінгі тағдыры белгісіз.

Иманқұл мешіті – 1909 жылдан бастап елге рухани нұрын сепкен қасиетті орындарының бірі. 1930 жылға дейін Иманқұл мешітінде балалар оқытылып келген. Мешітті Иманқұл Жалмағамбетов өз қаржысына салдырған. 1930-91 жылдар арасында Иманқұл мешіті күрделі жөндеуден өтіп, жұмыс істей бастады.

Кеңгішқұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Кең құдық» мәніндегі атау.

Көктонды – ежелгі дәуірден сақталған көне оба. Орыс армиясының офицері, зерттеуші А. И. Макшеев Сыр бойынан жазған еңбектерінде Көктонды туралы мағлұматтар келтірген. Оның «Описание низовья Сырдарьи» (1910) кітабында: «...Көктонды обасы Жамандарияның оң жағалауына жақын жерде № 3 форттан № 2 фортқа барар жолда жатыр, қазақтардың айтуынша, бұл жерде қарақалпақтар дәуірінде бекініс болған», - деп көрсетеді. «сазды, тегістеу келген жазықты құмтөбеде Көктонды жерленген», - деп нақтылайды. Академик Ә Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» атты зерттеу кітабында: «... Қаңлылар ол кезде жетісу, Іледен бастап Арал теңізіне дейін, солтүстікте Қарақұрымға дейін қоныстанған. Қаңлылар хандарының аты ол кезде Көктонды деп аталатын», - деп жазады.

Кішкене ойлар – қоныс. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Күзембай – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Күйікқала – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Күштоқы – төбе. Дариялық жазығының солтүстік-батыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 128 м.

Қайыршақты – темір жол бекеті. Жосалы кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 40 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында.

Қарабөгет – көл. Дариялық жазығының батыс бөлігінде, Сырдария алабында.

Қараиірім – темір жол бекеті. Жалағаш кентінен батысқа қарай 5 км жерде.

Қаракеткен – ауыл, темір жол стансасы, Шәменов атындағы ауылдық округтің құрамында. Жалағаш кентінен солтүстік-батысқа қарай 21 км жерде, Сырдария өзенінің оң аңғарында, камыс, құрақ, ши басым, сораң шөптесіндер өскен өзен аңғарының шалғынды сұр топырақты жерінде орналасқан. Іргесі 1905 жылы Ташкент – Орынбор темір жол магистралін салуға байланысты қаланған. 1943-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Жалағаш» кеңшарының орталығы болған.

Қаракеткен деп аталу себебі, ілгері уақытта бұл жерді су басып, тұрғындардың ірі қара малдары көктемде суға кетіп қалатын болған. Елді мекеннің Қаракеткен аталу себебін осы оқиғамен байланыстырады.

Қаракөз – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында.

Қаракұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Қарасары – төбе. Жалағаш кентінен батысқа қарай 29 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 107 м. Ру атынан қойылған атау.

Қарғалық – төбе. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Қатын тамы – сәулет өнерінің ескерткіші. Жалағаш ауданы, Аққыр мен Жаңаталап ауылдарының ортасындағы дөңестеу жерде орналасқан. Көнекөз қариялардың айтуынша, осы өңірді жайлаған бір бидің ақылды, парасатты әйеліне ескерткіш ретінде тұрғызылған. Кезінде ұйтам әсем безендіріліп, қазақ ауылы көшінің бейнесі өрнектелген. Уақыт өте суреттер өшіп қалған.

Қожанияз, Қатынқала – 19 ғасырдағы бекініс қорғаны. Қожанияз Қызылорда қаласынан 150 км жердегі ортағасырлық Жент қаласының солтүстік-батысында, Майлыөзек жағасында болған. Оны 1961 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы (жетекшісі С.П.Толстов) зерттеген. Кейбір деректер бойынша, 1830 жылы Аққыр тауы маңындағы және Жаңадария мен Қуаңдария өзені бойындағы елді басқару үшін салынған. Оны Хиуа бегі Қожанияз басқарып тұрғандықтан бекініс те соның атымен аталса керек.

Қосарық – қыстау. Жаңадария өзенінің жағасында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде

Құлжан – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 27 км жерде, Дариялық жазығының батыс бөлігінде. Кісі не ру атынан қойылған атау.

Құмбұлақ – құдық. Мойынқұм құмының оңтүстік-шығысында. «Құмды жердегі суы мол құдық» мәніндегі атау.

Қызылқұдық – құдық. Мойынқұм құмының оңтүстік-шығысында. Тереңдігі – 3 м, шығымы – 300 л/с.

Қызылой – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Топырағы қызыл түсті, ойпаң жер» мәніндегі атау.

Қылқылдақ – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Қышбөгет – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 75 км жерде, Жаңадария өзенінің жағасында. Бұрынғы атауы – Жаңадариялық ауылы. «Қыштан жасалған бөгет» мәнінде қалыптасқан атау.

Лақылдақ – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Лақ ете қалған, лақ етіп аққан» (құдық) мәніндегі атау.

Майбұлақ – бұлақ. Мойынқұм құмының оңтүстік-шығысында. «Суы малға майдай жағатын салқын, таза бұлақ» деген мағынамен қатар, сол бұлақтың өзіндік ерекшелік қасиетіне орай «қасиетті, киелі бұлақ» деген мән-мағынаға да ие болуы мүмкін.

Мақпалкөл – ауыл, округ орталығы. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 35 км жерде орналасқан. Іргесі 20 ғасырдың 30-жылдары қаланған. Алғашында «Қыша», «Тоз» артельдері болып ұйымдасқан. 1938 жылы «Еңбекші» және «Бозарық» серіктестіктері бірігіп, «Мақпалкөл» ұжымшарын құрды. 1963 жылы «Жаңаталап» және «Ленин» ұжымшарлары негізінде «Жаңаталап» кеңшары құрылды.

Маманкөл – көл. Жалағаш ауылының батысында, Сырдария өзенінің бойында. «Маманның көлі» мәніндегі атау болуы мүмкін.

Манақай – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Басында қалқасы бар құдық» мәніндегі атау.

Мәдениет – канал. Жалағаш ауылының оңтүстігінде, Сырдарияның сол аңғарында орналасқан. Қызылжарма ауылы тұсынан солға бөлінетін канал 1961 жылы салынған. Су өткізгіштігі – секундына 44 м, ұзындығы – 87,2 км, бойындағы гидротехникалық құрылыстардың жалпы саны – 44. Канал суы Мәдениет ауылының 27872 га егістігін, бау-бақшасын және шабындық жерлерін суғарады және суландырады. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Мәдениет – ауыл, ауылдық округ орталығы. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 40 км жерде орналасқан. Іргесі 1929 жылы «Кедей бірлігі» артелі ретінде қаланды. 1950 жылы «Қызыл жұлдыз», «Жамбыл», «Қызыл диқан» және «Бірлік» ұжымдары бірігіп, Жамбыл атындағы ұжымшар болып құрылды. 1963 жылы Қазақстанның 20 жылдығы атындағы ұжымшарымен бірігіп, «Мәдениет» кеңшары болып ұйымдасты.

Мортық – қыстау. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында.

Мырзабай ахун – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 25 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағалық аңғарында орналасқан. Ауыл 1966

жылға дейін Қазақстанның 20 жылдығы атындағы ауыл деп аталған. 1956-96 жылдары күріш өсіретін «Мәдениет» кеңшарының орталығы болып келді. Кісі есімінен қойылған атау.

Мырзақазған – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Мырза деген кісі қазған құдық» мәніндегі атау.

Омарғали – канал. Жаңадария өзенінің алабында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Саракеткен – қыстау. Дариялық жазығының батыс бөлігінде, Жалағаш ауданында. Кісі есімінен қойылған атау.

Сарыкөл – ауыл. Жалағаш кентінен батысқа қарай 25 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында. *Сары* және *көл* сөздерінен жасалған. «Кең немесе суы мөлдір, таза емес, реңі сары үлкен көл» мағынасындағы атау.

Сарылыасар – төбе. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 12 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 123 м. «Сарылы төбе» мәніндегі атау.

Сәрке батыр – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 3 км жерде орналасқан. Бұрынғы атауы – Ақсу ауылы. Ауыл 1950-60 жылдары Сталин атындағы ұжымшар аталып, 1979 жылдан Ақсу кеңшары болып келді. Кісі есімінен қойылған атау

Сәркеқұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Сәтбай кесенесі – сәулет өнерінің ескерткіші. Жаңадария өзені бойында, Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 115-120 км жерде орналасқан. Кесене Жент қаласының ескі орнына таяу жерде 1887 жылы салынған. Ежелгі Жаңақаланың күйдірілген кірпішін Ақмешіттің ұстасы қырғыз Мәмбетбет пен Құба Сарғасқа Аман қалаған. Ұйтамда Сәтбайдың барлық балаларының суреті, қазақ ауылының көші, тұрмыс-салты бейнеленген көріністер (кілем, өрмек тоқу, ши өру, киіз басу, аң аулау, қыз ұзату, құдаларды күту, бүркіттің қасқырға түсуі, күйме, аттың үстіндегі жігіт, т.б.) ою-өрнектермен безендірілген. Сәтбай кесенесінің биіктігі – 5,7 м, ауданы – 8,2 x 8,0 м. Сәтбай кесенесі жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде мемлекеттік қорғауына алынған.

Созақбай – бейіт. Сырдария өзенінің аңғарында, Тұран ойпатында. Кісі есімінен қойылған атау.

Созықтабан – төбе. Арал Қарақұмының оңтүстік-шығысында, Байқоңыр қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 120 км жерде. Абс. биіктігі – 235 м. «Табаны, етегі созылып жатқан төбе» мәніндегі атау.

Сорқұдық – құдық. Арысқұм құмының батысында. «Тұзды, батпақты жердегі құдық» мәніндегі атау.

Табакқалған – құдық. Арал Қарақұмының оңтүстік-шығысында, Тұран ойпатында. Белгілі бір оқиғаға байланысты қойылған атау.

Тайлақкеткен – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Ру не кісі атынан қойылған атау.

Таң – ауыл. Жалағаш кентінен батысқа қарай 34 км жерде, Сырдария өзенінің сол аңғарында. «Атқан таң, нұр шапақты таң» мәнінде кеңес дәуірінде қойылған атау.

Тасшоқы – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстікке қарай 50 км жерде, Жаңадария өзенінің жағасында. «Тасты шоқы, тасы көп шоқы» мәніндегі атау.

Татен – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Тектұрмас – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 146 м. Кісі есімінен қойылған атау.

Теңізбай – қоныс. Дариялық жазығының солтүстік-батыс бөлігінде. Ру не кісі есімінен қойылған атау.

Тобыр – темір жол бекеті. Жалағаш кентінен шығысқа қарай 9 км жерде. Ру атынан қойылған атау болуы мүмкін.

Тоғайқұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Тоғай ішіндегі құдық» мәніндегі атау.

Тоқта – төбе. Дариялық жазығының солтүстік-батыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 140 м. Тоқтай, Тоқтас, Тоқтар деген ру не кісі аттарының бұрмаланған тұлғасы болуы мүмкін.

Төрешқұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Төрештің құдығы» мәніндегі атау.

Тұрсынбек – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Түбекбұлақ – құдық. Дариялық жазығының батыс бөлігінде. «Түбектегі суы мол құдық» мәніндегі атау.

Түйекеткен – көл. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-батысында, Қараөзек тарамының бойында. Көлге түйенің батып кету оқиғасына орай қалыптасқан атау.

Тыштықбай – құдық. Арысқұм құмының батысында. Кісі есімінен қойылған атау.

Шалғынбай – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Шаменов – ауыл. Жалағаш кентінен батысқа қарай 18 км жерде, Сырдария өзенінің оң жағасында. Бұрынғы атауы – Айнакөл ауылы. Кісі есімінен қойылған атау.

Шәкімқазған – артезиандық құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Құдықты Шәкім деген кісі қазғандығын аңғартатын атау.

Шәуек құмы – төбе. Мақпалкөл ауылының Жаңадария бетінде 10-15 шақырымдай жерде орналасқан. Шәуек деген Қарақалпақтың адамы болған. Ол осы жерге келіп ел тұрғындарына бидай ектіреді. Бидайы жоғарыда аталған құмның биіктігімен бірдей болады. Сондықтан ауыл тұрғындары бұл жерді Шәуек құмы деп атаған. Осы ауылдың барлық жерін су басып кеткенде ауыл халқы осы Шәуек құмының төбесіне орналасқан екен.

Шергелтай – ауыл. Жалағаш кентінен оңтүстік-батысқа қарай 100 км жерде, Қуандария өзенінің сол аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Шымқорған – Жамандария өзені бойындағы қорған. Жалағаш ауданы жеріне жақын. 1818-1814 жылдары салынған. Дуалының биіктігі – 8 м. Бекіністің төрт бұрышында мұнаралар орнатылған, айналасы екі қатар ормен және сумен қоршалған. Бекіністің оқ-дәрі, қару-жарақ сақтайтын ұңғыма орны сақталынған.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫ БОЙЫНША

Облыстың орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. Жер аумағы – 4067949 га. Ауданда 39 897 тұрғын тұрады. Оның 39374-і қазақ, 263-і орыс, 71-і кәріс, 92-сі шешен, қалғаны басқа ұлт өкілдері. Аудан халқының басым бөлігін (98,2%) осы өңірдің байырғы тұрғындары – қазақтар құрайды. Халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы км-ге шаққанда 0,9 адамнан келеді. Аудан аумағындағы елді мекендер 1 кенттік, 14 ауылдық округтерге біріктірілген. Әкімшілік орталығы – Тереңөзек кенті.

Сырдария ауданы 1938 жылы құрылған. Оның аумағында 1936-40 жылдары аралығында жалпы саны 25 ұжымшар болған. 1967 жылы Сырдария, Тереңөзек аудандары негізінде жаңа Сырдария ауданы бөлініп шықты. 1997 жылы облыс аумағында әкімшілік аумақтарды оңтайландыру саясатына байланысты Сырдария және Тереңөзек аудандары негізінде қазіргі Сырдария ауданы құрылды.

Аудан аумағы толығымен Тұран ойпатында жатыр. Сондықтан оның жер бедері, негізінен жазық келген. Тек ауданның солтүстігі мен оңтүстік бөліктерінде бірнеше шағын қырат, аласа таулар мен құмды төбелер кездеседі. Солтүстігінде Арысқұм құмды алқабы, батыстан шығысқа қарай созылып жатқан құмды-саздақты келген *Дариялықтақыр* жазығы бар. Бұлар ауданның солтүстік бөлігін (Сырдарияның оң жағалаулық аңғарын) алып жатыр. Шартты түрде алынған Сырдария ауданының оңтүстік бөлігі Сырдарияның сол жағалық аңғарын қамтиды. Бұл өңірде Сырдарияның Жайылмасы, Заңғартөбе тауы, одан әрі құмды-төбелі Қызылқұм құмды алқабына ұласып кетеді. Құм төбелер мен төбелі-белесті келген аудан өңірінде мал жайылымына қолайлы көптеген қоныстар (Іңкәрдария, Айдарлы, Қараойсор, т.б.) қыстаулар мен құдықтар (Көшеген, Тасқұдық, Табаққабыл, Айдарлы, Қараойсор, т.б.) орналасқан. Ауданның жер қойнауынан құрылысқа қажетті материалдардың (құм, саз, қиыршықтас, т.б.) қоры барланған. Олардың кейбіреуі өндіріледі. Мұнай мен газ-кен орындарына барлау жүргізілуде. Сырдария ауданының климаты тым континенттік. Аудан жерімен Сырдария және оның тармақтары (Шіркейлі, Қараөзек, т.б.) ағып өтеді. Ауданның солтүстігінде Арыс, Телікөл көлдері жатыр. Олардан басқа осы өңірде көптеген сор (Арыс, Тораңғылтүбек, Қараойсор, т.б.) кездеседі.

Сырдария ауданы аумағымен Орынбор – Ташкент темір жолының 40 шақырым бөлігі өтеді. Автомобиль жолдарымен Қызылорда – Жосалы, Тасбөгет – Жосалы трассасы кесіп өтеді. Автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 338 шақырым, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдың ұзындығы – 90 шақырым.

Сырдария ауданында қазақтың белгілі классик ақыны А. Тоқмағамбетов туып-өсті.

Аудан жерінде тарихи-археологиялық ескерткіштердің саны – 40, оның ішінде археологиялық ескерткіштер – 20, тарихи – 5, сәулетті – 14, монументті – 1 ескерткіш бар. Олардың ішінде тарих пен сырға толы XII ғасырдың ескерткіштері саналатын «Сырлытам», «Мүлқалан әулие мазары», т.б. тарихи-сәулет ескерткіштері бар.

Ағынбай – артезиандық құдық. Арысқұм құмының солтүстік-шығысында. Кісі есімінен қойылған атау.

Айдарлы – ауыл, ауылдық округ орталығы. Тереңөзек кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 115 км жерде, Сырдарияның сол жағалық аңғарында орналасқан. Іргесі 1932 жылы осы өңірдегі Әудек, Құмшығанақ, Сарықұм, 1934 жылы Ақарық, Мақпалкөл жерлерінің тұрғындары бірігіп, алғашқы мойынсерік (ТОЗ) құрды. Ол 1935 жылы ірілендіріліп «Айдарлы» ұжымшары болды. 1958 жылы ұжымшар «Бірінші Мамыр» ұжымшарына, 1963 жылдан «Амангелді» кеңшарына біріктірілді.

Айзада – қыстау. Қызылорда қаласының оңтүстігінде, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Әйел кісі есімінен қойылған атау.

Айнакөл – жер атауы. Сырдария ауданы мен Қызылорда қаласының шекарасында орналасқан. Шеңгелді, жыңғылды айналасында құрғап қалған көл-сайлардың орны бар. 1868 жылы осы жердегі ауылда болыстық құрылып, ол «Айнакөл болысы» аталған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін (1920) құрылған болыстық та осылай аталған. 1930-50 жылдары осы жерде «Айнакөл» ұжымшары болды.

Айман – құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік-шығыс бөлігінде. Әйел кісі есімінен қойылған атау.

Ақарық – канал. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Арық маңының топырағы ағарып, сортаңданып кетуіне байланысты қойылған атау.

Ақжарма - ауыл, округ орталығы. Тереңөзек кентінен оңтүстік-батысқа қарай 18 км жерде, Ақжарма каналы жағалауында, шөл белдемінде орналасқан. Іргесі 1930 жылы ұсақ артельдерді ұйымдастыру кезінде шағын «Қаратөбе», «Көптің көлі», «Қарабөгет», «Жаңаөріс», «Шандайкөл», «Түкөл» ұжымшарлары негізінде құрылған. 1950 жылы ұжымшарлар біріктіріліп, 1957 жылы Абай атындағы ұжымшар, 1963 жылы Ленин, ал 1967 жылдан Ильич атындағы кеңшардың орталығы болды. 1995 жылы Ақжарма болып өзгертілді.

Ақтоған – қыстау. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. «Үлкен тоған» мағынасындағы атау.

Ақтөбе – төбе. Қызылорда қаласынан оңтүстікке қарай 38 км жерде, Қызылқұмның солтүстік етегінде. Абс. биіктігі – 141 м. *Ақ* және *төбе* сөздерінің бірігуінен жасалған. Жота, төбелердегі ақ тас, кварцтардың түсіне қарай қойылған атау.

Ақтүбек – ауыл. Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 30 км жерде. *Ақ* және *түбек* сөздерінен жасалған атау. Түбектің үлкендігіне, аумағының кеңдігіне, түсіне байланысты қойылған атау.

Аманкелді – ауыл, ауылдық округ орталығы. Тереңөзек кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 77 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан. 1997 жылға дейін Аманкелді атындағы қаракөл қой кеңшарының орталығы болған. Бұрынғы кеңшар негізінде шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Аңламас – жер атауы. Жаңадария каналының жағасында, Іңкәрдария қой кеңшарының аумағында орналасқан. Осы өңірде өмір сүрген Аңламас әулиенің есімімен аталған. Аңламас туралы халық ақыны Қ. Баймағанбетов тарихи дастан шығарған.

Аралқұм – құдық. Дариялық Тақыр жазығының шығыс бөлігінде.

Арбек – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Артық ата, Артық төбе – орта ғасырлардан сақталған көне қала орны. Сырдарияның сол жағалауында, Ақкөл деген жерде орналасқан. Алғаш 1900 жылы Н.В.Рудаев, 1947 жылы А.Н.Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. Соңғы рет 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы толық зерттеді. Қала орнының батыс және оңтүстік-батыс қабырғалары ұзынша келген төртбұрышты төбе. Үш бөліктен: цитатель, шахристан және рабадтан тұрады. Қалашықтың үстіңгі қабатынан табылған қыш ыдыстардың сынықтары Қаңлы-Хорезм дәуірінен бастап, Әмір Темір билік құрған кезең мүліктеріне сай келеді. Зерттеушілер арасында Артық ата көне Артуқ қаланың орны болуы керек деген пікір бар.

Арыс – тұзды көл (сор). Бетпақдала шөлінің батысында орналасқан. Көл табанын қалыңдығы 15 см-ден 50 см-ге дейін тұз қабаты басып жатыр, ауданы – 124,5 шаршы км, ұзындығы – 21,1 км, ені – 9,5 км. Атау *ар* және *ыс* деген екі компоненттен жасалған. Оның бірінші сыңары иран және орал-алтай тілдерінде *ар* – «өзен» мағынасын білдірсе, екінші компоненті де сол көне тілдерде *ыс* < *ус* < *ос* – «өзен». Сонда Арыс мағынасы: «өзен-өзен» болады. Екінші бір пікір бойынша, атау көлдің арысқа ұқсас, созылып жатуына байланысты дейді.

Арысқазған – артезиандық құдық. Арысқұмның шығысында.

Арысқұм – Тұран ойпатының солтүстігіндегі құмды алқап. Сырдария ауданының солтүстігінде, Бетпақдала шөлінің оңтүстік-батысындағы Арыс көлінің қазаншұңқырында жайласқан. Теңіз деңгейінен ең биік жері – 170 м, ұзындығы – 95 км, ауданы – 2,26 мың шаршы км. Жер бедерінде ұзындығы 5-

6 км болатын қырқалы құмды төбелер қалыптасқан. *Арыс* және *құм* сөздерінен бірігіп жасалған. Құмның арыс сияқты созылып жатуымен байланысты қалыптасқан атау.

Арыснұра – қоныс. Дариялық Тақыр жазығының солтүстігінде. «Үлкен аңғар, сай» мәніндегі атау.

Асанас – орта ғасырлардан сақталған көне қала орны. Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 48 км жерде, Айдарлы ауылының маңында, Асанас өзенінің құрғақ арнасы бойында орналасқан. Асанас қаласының аумағы – 60 x 800 м, дөңгелек төбе, мұнаралар бар, дуалмен қоршалған. Осы қаланың қасында Асанас ата мазары салынған. Мұнда Асанас-1, Асанас-2 деп те аталатын тұрақтар бар. Қала орны жазба деректерде монғол шапқыншылығынан бастап (1220 ж) белгілі.

Асқар Тоқмағанбетов ауылы - Сырдария ауданындағы ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің орталығы. Аудан орт. – Теренөзек кентінен батысқа қарай 8 км жерде, Сырдарияның оң жағалық аңғарында орналасқан. Іргесі 1943 жылы «Ақтүйе» ұжымшары болып құрылды. 1949 жылы 18-партсъезд атындағы ұжымшардың орталығы болды. 1950 жылы «Майлықұм», «Бидайкөл», «Қызылорақ» ұжымшарлары бірікті. 1960 жылы ұжымшар орталығы Қопакөлге көшірілді. 1962 жылы ұжымшар кеңшар болып өзгерді. Ауыл 1992 жылдан осы ауылдан шыққан белгілі қазақ ақыны, жазушысы А.Тоқмағанбетовтің есімімен аталады.

Ахмет – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Әйтек – темір жол бекеті. Қызылорда қаласынан солтүстік-батысқа қарай 29 км жерде. Ру атынан қойылған атау.

Баршынкент (Қызқала, Қышқала) – ортағасырлық қала орны. Сырдария өзенінің төменгі ағысы маңында, Қызылорда қаласынан оңтүстік – батысқа қарай 25 км-дей жерде орналасқан. Қала орнына өткен ғасырда П.И.Лерх, В.А.Каллаур, 1946 жылы С.П.Толстов бастаған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы зерттеу жүргізген. Академик Ә.Марғұлан Баршынкентті Алпамыс батыр жырындағы Гүлбаршынның есімімен байланыстырады. Баршынкент Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін оғыздар мен қыпшақтардың арасындағы шекаралық аймақтағы үлкен маңызды стратегиялық бекініс және мәдени-сауда орталығы болған. Баршынкентте теңге соғатын сарай болғаны да белгілі. Осының бәрі оның Алтын Орда тұсында да ірі саяси, мәдени және білім ордасы болғандығын көрсетеді. Қаланың аты 15-ғасырдан бастап жазба деректерде кездеспейді. Оның күйреуіне не себеп болғаны әлі зерттелмеген.

Бейбіт – құдық. Дариялық жазығының батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Белқұдық – құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстігінде. Бел және құдық сөздерінен жасалған. «Кезең астындағы асудың ар жағындағы құдық» немесе «орта тұстағы құдық» мәніндегі атау.

Бесарық – ауыл, өзімен аттас ауылдың округ орталығы. Теренөзек кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 56 км жерде, Жаңадария каналының жағалауында, шөлді белдемде орналасқан. Іргесі 1948 жылы ескі

«Тораңғылсай» арнасы бойында қаланды. Ауыл 1993 жылға дейін Жамбыл атындағы қаракөл қой кеңшарының орталығы болып келді.

Дариятам – құдық. Дариялық Тақыр жазығының шығыс бөлігінде.

Докилан – құдық. Бетпақдаланың солтүстік-батысында.

Еспе – сор. Арыскұм құмының солтүстігінде. Жағалауы құмдауыт келген борпылдақ, бостау, жазда құрғап қалатын жер болғандықтан қойылған атау болса керек.

Жайлыбай – жайлау. Арыскұм құмының солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жайсан – қыстау. Арыскұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жамансу – артезиандық құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстігінде.

Жаңаталап – қыстау. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында.

Жартықұм – ауыл орны. Тереңөзек кентінен оңтүстікке қарай 12 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарында.

Жасқайрат – канал. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария алабында.

Желді – артезиандық құдық. Арыскұмның оңтүстік-шығыс бөлігінде.

Жетікөл – ауыл, Аманкелді ауылдық округі құрамында болған. 2004 жылы Жетікөл елді мекені Аманкелді ауылдық округінен бөлініп, өз бетінше ауылдық округ болып қайта құрылды. Тереңөзек кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 78 км жерде орналасқан. Іргесі 1957 жылы қаракөл қойын өсіретін Аманкелді атындағы кеңшар бөлімшесінің орталығы ретінде қаланған.

Жетікөлжарма – канал. Қызылорда қаласының оңтүстігінде, Сырдария өзенінің аңғарында.

Жидебай – көл. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Исақұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Исаның құдығы мәніндегі атау».

Келдібай – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария ауданында. Кісі есімінен қойылған атау.

Кенжебай – құдық. Арыскұм құмының солтүстік-батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Керкелмес – темір жол бекеті. Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 38 км жерде.

Кетеқазған – құдық. Арыскұмның оңтүстік-батыс бөлігінде. Кете есімді кісінің қазған құдығы болғандықтан қойылған атау.

Көкирім – артезиандық құдық. Арыскұмның шығысында.

Көксеңгір – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 171 м. Көк және сеңгір сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Иран тіліндегі сангяр – «биік тау». Сонда атаудың мағынасы: «көк, көкшіл биік тау» дегенді білдіреді.

Көксеңгір – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында.

Көшеген – құдық. Арысқұм құмының солтүстік-батыс бөлігінде. Тереңдігі – 4 м, шығымы – 250 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Көшен – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Күмісқорған – қоқандықтар қорғаны. Қоқандықтар мен Хиуалықтар шекарасында 1818 жылы салынған. Күмісқорған қалдығы Сырдария (Тереңөзек) ауданының Ақжарма мен Шаған ауылының шекарасында «Шіркейлі» каналының жағасында сақталған.

Қорғанның Күмісқорған аталуы туралы түрлі аңыз-әңгімелерде сақталған. Соның бірі – зорлықпен келген Күміс атты қазақ қызының қазақ ауылдарына астыртын көмектесуіне байланысты сол қыздың есімімен аталған деседі.

Кілемжайған – ұсақ көлдер аты, ежелгі қоныс орны. Аудандағы Қараөзек ауылына жақын жерде, Қызылжарма (11-темір жол айырмасы) ауылының солтүстік-шығысында орналасқан. Романовтар патшалығының 300 жылдығында Перовский шаңырағын патша әулеті қонаққа қоңыраулы күймен саяхаттап келе жатып, осы Кілемжайған жеріне тоқтаған. Жергілікті болыс, билер көл жағасына 300 кілем жайып, 3-4 қатар ақ үй тігіп, патша әулетін қонақ еткен. Сол жер кейін Кілемжайған аталған.

Қабылкөл – темір жол бекеті. Жалағаш кентінен шығысқа қарай 16 км жерде. «Қабылдың көлі» деген мағынадағы атау.

Қазансынған – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында. Құдық басында болған белгілі бір оқиғаға байланысты қойылған атау.

Қазымбеткөл – көл. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-батысында, Қараөзек тарамының бойында. «Қазымбеттің көлі» мәніндегі атау.

Қалғандария – елді мекен. *Қалғандария* атауының мағынасы: «Сырдария өзенінің бөлініп қалған тармағы, бөлігі», сол себептен Қалғансу, Қалғандария деп аталса керек.

Қалжан ахун – ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің орталығы. Тереңөзек кентінен оңтүстік-батысқа қарай 37 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағалауында, сарсазан, қарабарак, бұйырғын, баялыш, т.б. сораң шөптесін өскен қуаң шөлді белдемде орналасқан. 1967-97 жылдары күріш өсіретін Ильич атындағы кеңшардың орталығы болып келді. 1997 жылдан бастап Мәлібаев атындағы кеңшардан бөлініп шықты.

Қалжан ахун мешіті – сәулет өнерінің ескерткіші. Діни ғұлама Қалжан ахун Бөлекбайұлы салдырған. Іргетасы 1902 жылы қаланған. 1922-30 жылдары алғашқыда «Ақжол» мектеп-интернаты, кейін жеті жылдық мектеп болды. 1937 жылы кеңес белсенділері бұзған. 1989 жылы мешіт облыстық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының есебіне алынған. Қазір Жалағаш пен Сырдария аудандарының тұрғындары қамқорлыққа алған.

Қалмас – құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік-шығыс бөлігінде.

Қамысбұлақ – бұлақ. Арысқұмның оңтүстік-шығыс бөлігінде. Бұлақ маңында қамыс көп өскендіктен қалыптасқан атау.

Каналықұдық – құдық. Дариялық Тақыр жазығында, Сырдария өзенінің аңғарында.

Қарабұлақ – құдық. Арысқұмның оңтүстік-шығыс бөлігінде. Бұлақ қыста да қатпай, алыстан қарағанда жағалауындағы аппақ қардан ерекше боп қарайып ағып жатқандықтан осылай аталса керек.

Қарадария – құрғақ арна. Жаңадария өзенінің алабында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Түркі-иран тілдеріндегі «үлкен өзен» мәніндегі атау.

Қаракемпір, Қаракемер – жер атауы, қоныс. Дариялық Тақыр жазығының солтүстігіндегі қыратты жазық дала. Даланың солтүстігін плейстоценбор кезеңдерінен түзілген (Саралаң, Сарыалаң) қыратты өңірі және Телікөл көлі аралығындағы жазық далаға ұласады. Дала Қызылорда қаласынан 65 км жерде жатыр. Бұрын малшылар мал жайылымына пайдаланған. Атаудың бірінші сыңарындағы *қара* сөзі бұл жерде «үлкен», «зор» мәнінде қолданылып тұрса, екінші сыңарындағы иран тіліндегі *кемер* – «бір жақ қабағы биік су орған арна» мағынасындағы сөз. Яғни, атау мағынасы: «су орын кеткен үлкен, кең арна, қарайып жатқан тік қабақ» дегенді білдіргендей.

Қаракөл – көл. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-батысында, Қараөзек тарамының бойында.

Қарақасқа – қыстау. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Өсімдігі өте сирек, қарайып жататын жер болғандықтан берілген атау.

Қарамола – артезиандық құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік-шығыс бөлігінде. «Қалың мола» мағынасындағы атау.

Қаязды – көл атауы. Сырдария ауданы жерінде, Жалағаш кентінен солтүстікке қарай 22 км жерде, Сырдарияның тармағы – Қараөзектің аңғары бойында теңіз деңгейінен 50,3 м жоғарыда жатыр. Аумағы – 2,3 шаршы км, ұзындығы – 2,9 км, ені – 1,3 км, ең терең жері – 5,0 м, суының көлемі – 12,4 млн. текше метр. Көлде қамыс, қоға көп өскен, әсіресе, оңтүстігі ну тоғай. Жаз айларында су деңгейі түскен кезде көлдің шығысы мен батысы екіге бөлініп қалады.

Қоғалыкөл – ауыл, ауылдық округ орталығы. Тереңөзек кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 45 км жерде, сарсазан, қамыс, құрақ, т.б. шөптесін өскен Сырдария аңғарының бозғылт сұр, шалғынды сұр топырақты шөлдік белдемінде орналасқан. 1957-72 жылдары Октябрь ұжымшарының, 1972-95 жылдары күріш өсіретін Жамбыл кеңшарының орталығы болып келді. Көл маңында қоға көп өсетін болғандықтан қойылған атау.

Қожақазған – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Жаңадария өзенінің аңғарында.

Қоныстөбе – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 134 м. «Маңына жылда ел қонатын төбе» мәніндегі атау.

Қосқақ – артезиандық құдық. Арысқұм құмының солтүстігінде. Ғ.Қоңқашбаевтың айтуынша, қақ – «көктемгі жаңбырдың суының не қар ерігеннен пайда болған су негізінде тоқтаған кішігірім көлшіктер».

Қосқұдық – құдық. Арысқұм құмының батыс бөлігінде.

Құламбай – құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қызқұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Тереңдігі – 5 м, шығымы – 150 л/с.

Қызылқия – қоныс. Арысқұм құмының солтүстік-батысында. Бұл қиялау жердің топырағы жоса сияқты қызарып жатқандықтан осылай аталса керек.

Қылы – артезиандық құдық. Арысқұмның оңтүстік-шығыс бөлігінде. «Қылы – екі алапты қосып тұрған ені тар, қысталаң жер, қылта» (ҚТТС).

Лайкөл – көл. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-батысында, Қараөзек тарамының бойында.

Майжарма – канал. Тереңөзек кентінің ортасымен ағады. 1939-40 жылдары салынған. Ұзындығы – 20 км. бастауын Сырдария өзенінен алып, бірнеше тармақтарға бөлінеді. Тереңдігі – 2 м, 1-6 м. Канал суы Тереңөзек кенті шаруашылықтарына және егістік алқаптарды суару үшін пайдаланылады.

Майлықұм – темір жол бекеті. Тереңөзек кентінен шығысқа қарай 8 км жерде.

Мақсұт – құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Масақұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі – 6 м, шығымы – 220 л/с.

Мәлібаев – ауыл, Тереңөзек кенттік округі құрамында. Тереңөзек кентінен батысқа қарай 4 км жерде орналасқан. Іргесі 1929 жылы қаланып, 1964 жылы кеңшар орталығы болды. 1939-92 жылдары «Қызыл диқан» деп аталып, 1992 жылдан Мәлібаев ауылы деп аталады. Кісі есімінен қойылған атау.

Мемлекет – канал. Қызылорда қаласының оңтүстігінде, Сырдария алабында.

Моторлы – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі – 9 м, шығымы – 300 л/с. «Су көтеретін моторы бар құдық» мағынасындағы атау.

Мүлкалан күмбезі, Молда Калан мазары – 16-ғасырда жеткен сәулет өнері ескерткіші. Сырдария ауданына қарасты Іңкәрдария ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 3 км жерде, Жаңадария өзенінің жағасында орналасқан. Мүлкалан күмбезі маңдайшалы-күмбезді құрылыс қатарына жатады. Шаршы пішіндес, ауданы – 9,23 x 9,23 м, биіктігі – 5 м, күйдірілген кірпіштен өрілген. Күмбез құрылысында аркалы желкендер және импостар салу әдісі қолданылған. Ескерткіштің ішкі қабырғалары гипспен сыланған. Мазардың іргесіне қамыс төселіп, ішіне алты кісінің қабірі орналастырылған.

1982 жылы республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілді.

Нағанай – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Ру атынан қойылған атау.

Ноғайқара – қыстау. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Нұрасор – құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстігінде. «Соры бар аңғардағы құдық» мағынасындағы атау.

Нұржан – артезиандық құдық. Арысқұм құмының солтүстігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ортатұтқын – құрғақ арна. Арысқұм құмының солтүстік шығысында. *Орта* және *тұтқын* сөздерінен жасалған. Оның құрамындағы *тұтқын* сөзі тұт (етістіктің бұйрық рай тұлғасы) – қын (қосымша). Тілімізде тұт «ұста, тос, тоқта, қарма» мағыналарын білдіреді. Демек, Ортатұтқын «орта тұста тоқтап, тосылып, бөгеліп қалған арна» дегенге саяды.

Ошақты – көл. Ошақты көл аталуы көлдің айналасын Ошақты тайпасының иеленіп, көл жағалауына қыстау салып, қыс қыстап, шөбін шауып, суын пайдаланып, ұзақ уақыт атажұрт етуіне байланысты болған.

Пішмөнтай – артезиандық құдық. Бетпақдаланың солтүстік-батысында. Кісі есімінен қойылған атау.

Сайқон – қыстау. Қызылорда қаласының оңтүстігінде, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Сайдағы қыстау» мәніндегі атау.

Сайқұдық – құдық. Жаңадария өзенінің аңғарында, Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Сарыапан – қоныс. Арысқұмның шығысында.

Сарыапан – құдық. Арысқұмның шығысында.

Сарыбұлақ – бұлақ. Арысқұм құмының солтүстік-шығысында. «Үлкен бұлақ, суы мол бұлақ» мәніндегі атау.

Сарықамыс – көл. Қызылорда қаласының оңтүстігінде, Сырдария алабында. *Сары* және *қамыс* сөздерінен жасалған. «Үлкен алқапты, көп жерді алып жатқан қалың қамыс» мәніндегі атау болса керек.

С. Сейфуллин – ауыл, ауылдық округ орталығы. Тереңөзек кентінен солтүстік-батысқа қарай 7 км жерде. Ауылдың іргетасы ХХ ғасырдың басындағы 1929-1933 жылдар аралығындағы күштеп ұжымдастыру кезеңінде қаланды. 1975 жылы «С. Сейфуллин» атындағы совхоз болып құрылды. Совхоз негізінен күріш өсірумен және мал шаруашылығымен айналысты. Кісі есімінен қойылған атау.

Сенгірлек – құдық. Бетпақдаланың солтүстік-батысында. «Сенгірлек қалың өскен жердегі құдық» мәніндегі атау.

Сордың – артезиандық құдық. Бетпақдаланың солтүстік-батысында.

Сырлытам – ХІІІ ғасырдың аяғында қабір басына тұрғызылған мемориалды белгі, архитектуралық ескерткіш. Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 105 шақырым, Іңкәрдария ауылынан 30 шақырым жерде. Сырлытам тарихы сонау ХІІІ ғасырдан басталады. Бұл кезең Жанкент түркімендер Мервке ауысып, Дәуқара аймағына қазақ пен қарақалпақтар ірге

тебе бастаған. 1800 жылға дейін Сыр бойындағы дария бойын, ондағы қалаларды қарақалпақтар басқарған. Сырлытам аталып келген Баршын-қыз мазары XIII ғасырдың туындысы. Ескерткіш портал күмбезді, шаршы үлгімен қызыл кірпіштен тұрғызылған. Биіктігі 10 метр шамасында. Текшеленіп келген астыңғы негізі шеңберлі барабан арқылы күмбез орналасқан. Қасбеті босағасында монументі бағанасы бар еңселі порталмен нақышталған.

Тасқара – артезиандық құдық. Арыскұм құмының солтүстігінде. Атаудың топонимдік мағынасы: «қарайған, биіктеу тас жынысты төбе» немесе кісі есімінен қойылған атау.

Тасқұдық – құдық. Арыскұмның оңтүстігінде, Сырдария.

Тектұрмас – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 135 м.

Телікөл – көл атауы. Сырдария және Шиелі аудандары жерінде. *Дариялықтақыр* жазығы мен *Ащыкөл* ойысы аралығында, теңіз деңгейінен 128 м биіктікте жатыр. Көлдің ауданы – 8,0 шаршы км, ені – 1,1 км. Су жинайтын алабының аумағы – 81,0 шаршы км. Жағалауы жайпақ және ашық. Батыс жағалауының біраз бөлігін қамыс, құрақ басқан. Түбі тегіс, саз балшықты, тұнбалы. Көл қазаншұңқырын өзімен аттас қоныс қоршап жатыр. Шығысындағы Ащыкөл сазды-батпақты ойысқа және Телікөлге, кейбір жылдары Сарысу өзеніне құяды. Сырдариядан Телікөл (Шиелі-Телікөл) каналы тартылған. Көл жағалауы шабындық және жайылым. «Бір заманда екі өзен құйған (Шу мен Сарысу) ортақ көл» мәніндегі атау.

Тереңөзек – Сырдария ауданының әкімшілік орталығы, (1997 жылдан) кент. Облыс орталығы – Қызылорда қаласынан солтүстік-батысқа қарай 52 км жерде, Сырдария өзенінің жағалауында орналасқан. Іргесі 1906 жылы Орынбор-Ташкент темір жолының салынуына байланысты қаланған. Кент 1995 жылға дейін өзімен аттас мал бордақылайтын кеңшардың орталығы болған. Одан басқа Жаңадария орман шаруашылығы аудандық тұрмыстық қызмет көрсету №10 кәсіптік-техникалық мектебінің орталығы болған. Кенттегі темір жол стансасының ғимараты архитектуралық ескерткіштер тізіміне енгізілген.

Тоғызбай – көл. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-шығысында, Сырдария алабында. Ру атынан не кісі есімінен қойылған атау.

Тораңғыл – ауыл орны. Қызылорда қаласынан оңтүстікке қарай 26 км жерде.

Тораңғылсай – өзен. Сырдария өзені бойында, ұзындығы – 92 км. Қарашоқы ауылынан басталып, Құрайлы ауылының оңтүстігінде 44 км жерде тартылып қалады. Қар, жаңбыр суымен арнасы толығады. Жазда суы тартылып қалады. Айналасында сораң шөп өседі.

Тораңғылытүпкен – қоныс. Арыскұмның шығыс бөлігінде.

Төбекорған – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Абс. биіктігі – 142 м.

Тұшықұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі – 15 м, шығымы – 450 л/с.

Шаған – ауыл, өзімен аттас ауылдық округ орталығы, Қызылорда облысындағы ең ірі елді мекендер қатарына жатады. Ауыл облыс орталығынан 60 шақырым, аудан орталығынан 20 шақырым және темір жолдан 20 шақырым қашықтықта орналасқан. Іргесі 1928 жылы қаланған. 1937 жылы «Контонская коммуна», 1939 жылы К.Маркс ұжымшары болып құрылды. 1950 жылы «Красная Заря» ұжымшары аталды және оған 1958 жылы Жамбыл мен Ворошилов атындағы ұжымшарлар қосылды. 1961-96 жылдары күріш өсіретін «Тереңөзек» кеңшарының орталығы болған. Жерінің көлемі 24 279 га, оның ішінде елді мекен жері – 326 га. Моңғолдың *чагаан* – «ақ» мәніндегі сөзі екенін, ал оның қазақ тіліндегі *шаңқан* – «аппақ», «ақ түс» мәні де бар екені де белгілі.

Шоқыбұлақ – артезиандық құдық. Арысқұм құмының солтүстігінде. «Шоқы етегіндегі бұлақ» мәніндегі атау.

Шіркейлі – ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің орталығы. Тереңөзек кентінен шығысқа қарай 4 км жерде орналасқан. Ауыл 1997 жылға дейін Қызылту деп аталып келген. 1967-96 жылдары күріш өсіретін кеңшардың орталығы болған.

Шіркейлі - өзен. Ұзындығы – 94,2 км. Сырдария өзенінің алабында, Қызылжарма бекеті тұсында Сырдариядан екі тармақ болып бөлініп, Сарыкөлден солтүстікке қарай 0,3 км жерде тартылады. Жағалауында қамыс өседі, мал жайылады.

Илиясов.Н. – ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің орталығы. Қызылорда қаласынан батысқа қарай 50 км, Тереңөзек кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде, Мәдениет каналының бойында орналасқан. Ауыл 1966-96 жылдары бұрынғы Тереңөзек ауданының күріш өсіретін Қазақ КСР-не 50 жыл атындағы кеңшардың орталығы болып келген. Кісі есімінен қойылған атау.

Іңкәрдария – ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің орталығы. Тереңөзек кентінен оңтүстікке қарай 58 км жерде, Жаңадария өзенінің сол аңғарында. 1964 жылы ҚСССР Министрлер кеңесі қаулысының негізінде қаракөл қой шаруашылығын дамыту мақсатында Іңкәрдария қаракөл қой совхозы болып құрылған. 1963-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы болған. Ауыл Қызылқұм қойнауында, аудан орталы Тереңөзек қыстағынан 70 шақырым қашықтықта орналасқан. Шаруашылықтың алғашқы тұрағы Мүлкілән әулие мазары жанына орналасуы жобаланған.

ШИЕЛІ АУДАНЫ БОЙЫНША

ШИЕЛІ – облыстың шығысында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. 1938 жылы құрылған. Жер аумағы – 34,3 мың шаршы шақырым. Тұрғыны – 76 445 адам. Оның 73555-і қазақ, 1478-і орыс, 889-ы кәріс, қалғаны өзге ұлт өкілдері. Халықтың орташа тығыздығы – 1 шаршы шақырымға шаққанда 2,2 адамнан келеді. Аудандағы 40 елді мекен 1 кенттік

және 14 ауылдық округке біріктірілген. Аудан орталығы – Шиелі кенті. Аудан орталығынан Қызылорда қаласына дейінгі ара қашықтық – 128 шақырым.

Ауданның жер бедері, негізінен, жазық дала. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 345 шақырымға, батыстан шығысқа қарай 115 шақырымға созылып жатыр. Оңтүстігін Қызылқұм құмды алқабы, солтүстік-шығысына Қаратау жотасының қиыр солтүстік-батыс бөлігі кіреді. Ауданның ең биік жері де (873) осында. Жота аласа келген бірнеше сілемдерден (*Қарамұрын, Дәуіт, т.б.*) тұрады. Жотаның солтүстігіне батпақты-сазды Ащыкөл ойысының батыс бөлігі кіріп жатыр. Оның қиыр батысында *Қатыншоқай құмы* орналасқан. Қызылқұм атырабында мал жайылымына қолайлы қыстаулар (*Қарақшытөбе, Әмірбек, Үрмеқұм, т.б.*) мен құдықтар (*Әбдірахман, Әндіжан, Шекара, Ноғайқұдық, т.б.*) бар. Жер қойнауынан алтын, ванадий, уран кентастары және құрылыс материалдарының кен орындары барланған. Климаты тым континенттік. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері – 130-200 мм. Аудан жерімен Сырдария өзені және оның тармақтары ағып өтеді. Сырдариядан Телікөлге дейін *Шиелі – Телікөл* каналы тартылған. Телікөл көлі мен Ащыкөл ойысы аралығында бірнеше артезиан (*Жайылхан, Жындытөбе, Тұрсынбай, Сайқұдық, т.б.*) және жай құдықтар (*Қарақазған, Қызылжар, т.б.*) бар. Қарамұрын тауының солтүстік баурайында суы емге шипа *Ақжарбұлақ* бастауы (бұлағы) орналасқан. Ащыкөл ойысының батысында *Злиха* метеорологиялық стансасы жұмыс істейді.

Аудан жерімен Орынбор – Ташкент темір жолының 120 шақырым бөлігі, Қызылорда – Шымкент автомобильді магистралі өтеді.

Шиелі ауданында ХІҮ-ХҮ ғасырларда Қожаберген жырау мен Айша қыз өмір сүрген. Көненің көзі саналатын Мортық, Оқшы ата, Асан ата, Ес абыз, Қабыл ата, Бақты ата кесенелері мен «Ақ бикеш», «Жүніс әулие», «Дәуіт», «Бес қыз», «Жаппасбай» сияқты мешіттері, т.б. тарихи-археологиялық ескерткіштер бар. Өңірден Бала би, Досбол, Торғай, Тұрсынбай сынды датқалар мен Жаназар батыр сияқты тарихи тұлғалар шыққан.

Ақдала - көл. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде, Сырдария өзеннің бойында. *Ақ* – «тап-таза тақыр», «кең, үлкен», ал *дала* – «кең байтақ, шексіз жер, құла дүз» мағыналарын береді. Яғни «орманы, тау-тасы, қыр-қыраты не бұталы өсімдігі жоқ ашық кең дала, құла дүз» мәніндегі атау.

Ақжарбұлақ – бұлақ. Қаратау жотасының солтүстік–батыс бөлігінде. Бұлақ ақ керіш топырақты жер етегінде орналасқандықтан берілген атау.

Аққұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде.

Ақмая – ауыл, округ орталығы. Шиелі кентінен оңтүстік–шығысқа қарай 15 км жерде, Төлікөл арнасының батыс жақ жағасындағы шөл белдемінде орналасқан. 1973 жылға дейін ұжымшар орталығы, 1997 жылға дейін «Авангард» күріш кеңшары мен Ақмая ауылдық кеңесінің орталығы болып келді. Мұнда күріш және мал өсірумен айналысатын шаруа

кожалықтары ұйымдастырылған. Бұл атау ақ түйенің атынан қойылған атау болса керек.

Ақмая – темір жол бекеті. Шиелі кентінен оңтүстік–шығысқа қарай 8 км жерде. Ауыл атынан қойылған атау.

Ақөзек – арық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде, Сырдария өзеннің аңғарында. Топонимдік мағынасы: «ақ, таза сай», «ақ тасты аңғар», «құрғақ арна» деген мағынаға сәйкес.

Ақтай кесенесі – сәулет өнері ескерткіші. Сарысу өзенінің төменгі жағында, Телікөлдің маңайында, Жезқазған – Қызылорда автомобиль жолынан 40 км жерде 1928 жылы күйдірілген кірпіштен салынған. Кесененің композициясы 19 ғасырдағы Сарысу бойындағы сәулет ғимараттары сияқты бір-біріне жалғастыра салынған күмбезді екі бөлме түрінде. Екі бөлік те шаршы жобада, үлкені көрхана, екібелдеу түрінде қаланған және әр белдеу кемерлене шығарылған. Ортасында маңдайшасын әшекейлеген кіретін ойығы бар кіші бөлік екі деңгейде салынған. Төменгі деңгей көрханаға баратын жол есепті, жоғарғы деңгей зияратхана. Бөлмелер әктелмеген.

Ақтам – ауыл. Шиелі кентінен оңтүстікке қарай 25 км жерде. Атаудың топонимдік мағынасы: «сырттан әкпен сылаған ақ үй», яғни бұл жерде ақ тамның болуымен байланысты аталғаны байқалады.

Ақтау – жота. Қаратау жотасының батысында, Сырдария өзеннің аңғарында. Тау жыныстарының ағарған түр-түсіне қарай қойылған атау.

Алғабас – ауыл, Жуантөбе ауылдық округінің орталығы. Шиелі кентінен солтүстікке қарай 11 км жерде, Телікөл каналының бойында орналасқан. Іргесі 1928 жылы бірнеше шағын артельдер ретінде қаланған. 1936-96 жылдары күріш өсіретін ұжымшардың орталығы болған. «Ілгері ұмтыл, алға қарай жүр, талаптанып еңбек ет» мәнінде кеңес дәуірінде қойылған атау.

Алмалы – ауыл, өзімен аттас ауылдық округ орталығы. Шиелі кентінен батысқа қарай 30 км жерде, Сырдарияның оң жағалық аңғарында орналасқан. Іргесі 1952 жылы алма, жүзім көшеттерін жергілікті жерде өндіретін «питомник» ретінде қаланған. 1992 жылға дейін «Плодогодное ауылы деп аталған. 1976-96 жылдары «Шиелі» жеміс-жидек кеңшарының орталығы болып келді. «Алмасы көп, алма мол өскен жер» мәніндегі атау.

Алтықұдық – артезиандық құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік–шығысында, Ащыкөл ойпаңының батыс бөлігінде.

Арыслан – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Асан ата – кесене. «Бәйгеқұм» кеңшарынан 5 км жердегі «Жеті әулие» қорымында орналасқан. Жергілікті халық оны Асан Қайғы есімімен байланыстырады. «Жеті әулие» қорымында Оқшы ата, Абыз ата, Қыш ата, Қайып ата кесенелерімен қатар орналасқан. Асан ата кесенесін «Іңкәрдария» ұжымшарының жанындағы Сырлытам ескерткішімен салыстыруға болады. Бұл порталды-күмбезді құрылыс, қызыл кірпіштен шаршы үлгіде (9,5x10,5) салынған. Кесене күйдірілген тақта кірпіштен қаланған. Шаршы үлгіде, аумағы – 11,5x7,30, биіктігі – 7,60 м. Іргеліктен 3 м жоғары кірпіштерді

тігінен өріп, белдеу жасаған. Асан ата кесенесін 1982 жылы мемлекеттік қорғауға алынған.

Ашыкөл – сор. Бетпақдаланың батыс бөлігінде.

Ашықұдық – қыстау. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік –шығыс бөлігінде.

Әбілда Тәжібаев – ауыл, Телікөл ауылдық округінің орталығы. Шиелі кентінен солтүстік-батысқа қарай 12 км жерде орналасқан. Ауыл 2000 жылға дейін «Қызыл диқан» деп аталған. 1975-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Телікөл» кеңшарының орталығы болған. Ақын, қоғам қайраткері Әбілда Тәжібаевтың құрметіне берілген атау.

Әбдіраман – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі - 6 м, шығымы - 160 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Әлиев – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Әлімхан – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Әмірбек – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде. Тереңдігі - 5 м, шығымы - 800 л/с. Кісі есімінен қойылған атау болса керек.

Әндіжан – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі - 34 м, шығымы - 500 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Байсын – ауыл, Иіркөл ауылдық округі құрамында. Шиелі кентінен оңтүстікке қарай 4 км жерде, Сырдария өзенінің Шилі тармағы жағалауында орналасқан. Іргесі 1928 жылы «Жаңатұрмыс» ұжымшары негізінде қаланған. 1996 жылға дейін Жаңатұрмыс ауылы деп аталып, ЫВ.Жақаев атындағы ұжымшар бөлімшесінің орталығы болған. Кісі есімінен қойылған атау.

Бала би – ауыл, Талаптан ауылдық округінің орталығы. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 31 км жерде орналасқан. Ауыл 1997 жылға дейін Талаптан ауылы деп аталады. 1973-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін Қазақстанның 30 жылдығы атындағы кеңшардың орталығы болған. Кісі есімінен қойылған атау.

Бала би кесенесі – Оқшы ата қорымының қасында. Кесене 6 қырлы етіп күйген кірпіштен өрілген, биіктігі – 6 метр. Бала би шешен ойға жүйрік, тілге шебер, тапқыр, маңызды мәселелер шешуде адамгершілігімен көптің көкейінен шығып отырған. Шешендік сөздерінің әсерлі де ұлағатты, ұтымдылығы мен тапқырлығы тыңдаушыларын таң қалдырған. Осындай үлгілі істерімен би Сыр елінің құрмет-мақтанышына айналған.

Бала би Түркістан мен Сыр бойындағы қазақ руларын билеп-төстеген Қоқан хандығына, одан кейін Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы Досбол бимен бір ниетте, бір тілекте болды.

Бақтысай – темір жол бекеті. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 41 км жерде.

Баштан – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде. Шығымы - 180 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Бәйгеқұм – ауыл, темір жол бекеті, ауылдық округ орталығы. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 28 км жерде, Сырдария өзенінің оң

жағалауында орналасқан. Ауыл 1978-96 жылдары көкөніс-бақша өсіру бағытындағы өзімен аттас кеңшардың орталығы болған. Бәйгекүм арқылы Шымкент – Қызылорда темір жолы өтеді.

Бәтеш қыстауы – архитектуралық ескерткіш. Қызылорда қаласының солтүстік-шығысында, Сарысу өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Кесе-көлденең қабырғалармен бөлінген, бір-бірімен өзара қатынасатын үш бөлмеден тұратын тікбұрышты құрылыс. Кіреп есік ортаңғы бөлмеден шығарылған, оң жағында пештің қираған орны бар. Құрылыс жазық шатырмен жабылған. Терезе ойығының үстіне аркалы қалқан салынған. Қабырға ернеуі өрнектелген. Жерасты қабаты бар. Құрылыс күйдірілген кірпіштен 1902-04 жылдары тұрғызылған, қазір жартылай қираған. Оны атақты құрылыс шебері Бәтеш Бәйменов салған.

Бәтеш төртқұлағы – шамамен 20-ғасырдың бас кезінде салынған ескерткіш. Сарысу өзенінің төменгі сағасында, Қызылорда қаласының солтүстік-шығысында, Бәтеш қыстауының маңайында орналасқан. Құрылыс шығыңқы бедерлермен бөлінген төртбұрышты дуал. Табаны айнала қоршалған, ал дуалдың сырт ернеуі әшекейленген. Есігі оңтүстік-шығысқа қарайды, бұрыштарында кірпіштен қаланған бағаналар, ішінде батыс жақ қабырғасына жанастырыла тұрғызылған қабір бар. Бәтеш төртқұлағы күйдірілген кірпіштен тұрғызылған.

Бегішлі – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде.

Бекежанов Нартай ауылы – ауыл, Керделі әкімшілік округінің орталығы. Шиелі кентінен солтүстік–шығысқа қарай 6 км жерде, Телікөл каналының жусан, баялыш, ши аралас өскен құрақты-қамысты аңғарында орналасқан. 1997 жылға дейін Коммунизм ауылы деп аталып келген. Іргесі 1928 жылы қаланды. Күріш өсіруге маманданған бұрынғы «Коммунизм» кеңшары негізінде ауылда бірнеше шаруа қожалықтары құрылған. Ауылға белгілі ақын әрі әнші – Нартай Бекежановтың есімі берілген.

Бектас – ауыл. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 50 км жерде, Сырдария өзеннің оң жағасында. Бұрынғы атауы – Тартоғай ауылы. Кісі есімінен қойылған атау.

Бекі кесенесі – сәулет өнерінің ескерткіші. 19-ғасырдың аяғында тұрғызылған. Телікөл көлінен солтүстік-батысқа қарай 20 км жердегі Құланбай қорымының солтүстік-шығыс бөлігінде. 1981 жылы Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының экспедициясы (жетекшісі Ә.Оспанов) зерттеген. Кесене бір бөлмелі. Ауданы 7,55 x 8,15 м. Төртбұрышты жобамен салынған кесененің параболикалық күмбезді мойындыққа орнатылған, жоғары жағы кірпіш арасына қаланған сырғауылдармен белдеуленген. Кесененің сыртқы бұрыштары мұнараланып шығарылған. Оңтүстік-батысында аркалы ойығы, оның екі жағындағы кесене тұғырының төбесіне шығатын баспалдақ белгілері сақталған. Кесене бөлмесі дөңгелек жобалы, төменгі жағы арка тәрізді сегіз қуысқа бөлінген, күмбезі тұғырдан бастап құламалы қалаумен шығарылған. Күмбездің мойындықтан жоғары бөлігінде жарық түсетін төрт ойық бар.

Белгітөбе – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі - 225 м. Бұл төбеде белгі, таңба болғандықтан қойылған атау болса керек.

Белеңана – Қыпшақ мемлекет тұсында салынған хан сарайының орны. Сарысу өзеннің сағасында, Сіңіртеқ, Телікөл алабына жақын.

Бестам – канал. Қаратау жотасының батысында, Сырдария алабында. Бұл жерде алғашқы кезде бес қана там болғандықтан қойылған атау.

Бестам – ауыл, Жуантөбе ауылдық округі құрамында. Шиелі кентінен солтүстікке қарай 3 км жерде орналасқан. Ауыл 1997 жылға дейін Ленин ауылы деп аталған. Іргесі 20 ғасырдың 20-жылдары ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінде қаланған. 1928-96 жылдары күріш өсіретін Ленин атындағы ұжымшар бөлімшесінің орталығы болған

Бидайкөл – ауыл, Гигант ауылдық округінің орталығы. Шиелі кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 10 км жерде, Телікөл каналының батыс жағындағы шөлді белдемде орналасқан. 1997 жылға дейін Гигант ауылы деп аталып келеді. Іргесі 1928 жылы осы маңда ұсақ серіктестіктердің бірігуіне байланысты қаланды. «Төңірегінде бидай егілген көл» мәніндегі атау.

Биіксарықұм – қоныс. Қаратау жотасының солтүстік–батысында, Сырдария өзеннің аңғарында.

Ботабай – ауыл, Тартоғай ауылдық округі құрамында. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 57 км, округ орталығы – Тартоғай ауылынан 3 км жерде орналасқан. Іргесі 1928 жылы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезінде қаланды. 1928-96 жылдары күріш өсіретін «Гигант» ұжымшары бөлімшесінің орталығы болған. Ауыл жанынан Орынбор – Ташкент темір жолы өтеді. Кісі есімінен қойылған атау.

Бөрібай кесенесі – 18 ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Сырдария, Шиелі аудандарының шекарасындағы Телікөлдің маңайында. 1988 жылы Алматы сәулет және құрылыс институтының экспедициясы (жетекшісі Е.Бәйтенов) зерттеген. Бөрібай кесенесі – 6x19x33 см шикі кірпіштен тұрғызылған порталды құрылыс. М.Тынышпаевтың айтуынша, кесене Бөрібай батырға арнап салынған болуы керек. Құрылыс сыланбаған. Солтүстік қабырғасы жағындағы бөлмеде жартылай көміліп қалған сағана бар.

Бөрітескен – бұлақ. Қаратау жотасының солтүстік-батыс бөлігінде.

Бұлақтыкөл – қыстау. Қызылқұмның солтүстік–шығысқа өңірінде, Сырдария өзеннің аңғарында. «Бұлағы бар, бұлағы көп көл» мәніндегі атау.

Бұланбай бауы – ауыл, Қарғалы ауылдық округінің орталығы. Шиелі кентінен оңтүстікке қарай 45 км жерде, Қызылқұм құмының қиыр солтүстігінде орналасқан. Ауыл 1997 жылға дейін Қарғалы деп аталған. 1973-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Қарғалы» кеңшарының орталығы болған. Кісі есімінен қойылған атау.

Бірлестік – ауыл, Сұлутөбе ауылдық округі құрамында. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 85 км жерде орналасқан. Іргесі 1928 жылы қаланған. 1928-96 жылдары күріш өсіретін «Гигант» ұжымшары бөлімшесінің орталығы болған. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Бірінші мамыр – ауыл. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 70 км жерде. 1 мамыр мерекесіне байланысты қойылған атау.

Гигант - ауылдық округі, аудан орталығынан оңтүстікке қарай – 3, Сырдария өзенінен теріскейге қарай 22 шақырым қашықтықта орналасқан.

1905 жылы Орынбор-Ташкент теміржол құрылысы жүргізілгеннен кейін бұл жерге орыс халқы көшіп келіп орналасқан, осы жерде орыс шіркеуі, базары, жетім балалар үйі орын тепкен.

Еңбек Қызыл Ту орденді Гигант колхозының іргетасы 1926 жылы 4 орыс пен 4 қазақ отбасылары бірігіп кооператив құрудан басталған.

Гигант ауылдық округі 1976 жылы Ақмая ауылдық кеңесінен бөлініп, дербес Гигант ауылдық кеңесі болып құрылды. Осыған дейін ауылдық кеңес Ақмая ауылында орналасқан.

Далақұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде. Тереңдігі - 24 м, шығымы - 1080 л/с. «Жапан тұз, ен даладағы құдық» мәніндегі атау.

Дәуіт – төбе. Шиелі кентінен солтүстікке қарай 71 км жерде, Ақтау жотасында. Абс. биіктігі - 272 м. Кісі есімінен қойылған атау.

Досбол би – ауыл, Ақтоған ауылдық округінің орталығы. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 10 км жерде. 1929 жылдары алдымен «ТОЗ», кейіннен ауыл шаруашылығы артелі болып құрылған. Алғашқы жылдары Телікөл селолық округі болса, 2002 жылдың 26 қаңтарынан бастап өз алдына Ақтоған ауылдық округі болып құрылды. Кісі есімінен қойылған атау.

Ділдан – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде. Тереңдігі – 4 м, шығымы - 900 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Еңбекші - ауыл, ауылдық округ орталығы. Шиелі кентінен солтүстік–шығысқа қарай 10 км жерде. 1929 жылы Еңбекші «ТОЗ» шаруашылығы болып құрылды. 1933 жылы Еңбекшіге «Колхоз» деген атақ берілді. 1950 жылы Еңбекші, Жиделі, Үлгілі колхоздары бірігіп, ірілендірілді. Жаңа колхоздың атын «Молотов» деп атады. 1975 жылы аудан шаруашылықтарында мамандандыру саясаты жүргізілді. «Коммунизм» колхозынан «Еңбекші» бөлімшесі өз алдына отау тігіп, мал шаруашылығымен айналысатын «Еңбекші» қаракөл қой совхозы болды. «Еңбек сүйгіш, еңбекшіл, бейнетқор» мәніндегі атау.

Ережепай – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде. Тереңдігі - 11 м, шығымы - 600 л/с.

Ерман – құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік–шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жағанбай – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жайылхан – артезиандық құдық. Ащыкөл ойпатының солтүстік – батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жақаев – ауыл, Иіркөл ауылдық округі орталығы. Шиелі кентінен батысқа қарай 5 км жерде, Сырдарияның оң саласы – Шиелі өзенінің жағалауындағы жусан, сораң, ши өскен құмдақты шалғынды сортаң

топарықты шөлді белдемде орналасқан. 1928 жылдан «Қызылту», ал 1997 жылдан Ы.Жақаевтың есімімен аталады.

Жақсықұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. *Жақсы* және *құдық* сөздерінен жасалған. «Суы мол да тұщы құдық» мәніндегі атау.

Жансейіт – ауыл. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 10 км жерде, Сырдария өзеннің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Жаңабай – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзеннің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Жаңақұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзеннің аңғарында. *Жаңа* және *құдық* сөздерінен жасалған. «Суы мол, таза, жаңа қазылған құдық» мәніндегі атау.

Жаңғызжар – қыстау. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік–шығыс бөлігінде. Бұл жерде жалғыз жар бар екендігін білдіретін атау.

Жарты казарма – елді мекен атауы. Ақмая ауылдық округіне қарасты Ақмая елді мекенінің солтүстік беткейінде 1 шақырым қашықтықта орналасқан. Атау ресми берілмеген, шешімі жоқ. Бұрын сол жерде әскерилердің жататын казармасы орналасқан. Өткен жылы тұрғындардың сұрауымен «Жайлытоғай» деген атау сұралып, оң шешімін тапқан. Алайда еліміздің өңірлеріндегі белгілі бір объектілерге, елді мекендерге атау беру жөніндегі жұмыстардың уақытша тоқтатылуына байланысты бекітілмеуде.

Жаспек – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Жегілгенді – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзеннің аңғарында.

Жетімтау – қоныс. Қаратау жотасының солтүстік – батыс бөлігінде. «Жеке, онаша тұрған тау» не ру атынан қойылған атау.

Жиделіарық - ауыл, Керделі ауылдық округі құрамында. Шиелі кентінен солтүстікке қарай 12 км, Н.Бекежанов ауылынан 8 км жерде, Шиелі – Телікөл каналы бойында орналасқан. Іргесі 1828 жылы қаланды. 1928-96 жылдары күріш өсіретін «Коммунизм» ұжымшары бөлімшесінің орталығы болған.

Жиделі – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Жозоай – құдық. Қаратау жотасының солтүстік–батыс етегінде.

Жорабек – құдық. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік–шығысында, Ащыкөл ойпатының батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Жөлек – 19-ғасырдың 1-жартысында Сырдарияның оң жағасында салынған қорған. Қазіргі Шиелі ауданы, Бәйгеқұм темір жол стансасының маңында. Қоқан ханы Омардың тұсында (1809-22) Сырдарияның төменгі ағысы бойын жаулап алу мақсатында іргесі қаланған. Ресей әскерлерінің шабуылынан соң, 1856 жылы бейбіт тұрғындар қорғанды тастап кетуге мәжбүр болды. Жөлекті Ресей әскерлері 1861 жылы жаулап алды. Сол жылы Сырдарияның оң жақ жағалауынан, қорғаннан 1,5 шақырымдай жерден №3 флотия, пошта бөлімі, т.б. құрылыстар бой көтере бастады, бірақ су тасқынының салдарынан құрылыстар аяқталмай қалған.

Жөлек – ауыл, ауылдық округтің орталығы. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 30 км жерде, Сырдария өзенінің аңғарындағы қамыс, әр түрлі сораң шөптер өскен шалғынды, саздақ топырақты шөлді белдемде орналасқан. Іргесі 1943 жылы қаракөл қойың өсіретін Сырдария кеңшарының орталығы ретінде қаланған. Оның негізінде 1997 жылдан «Жөлек» акционерлік қоғамы, шаруа қожалықтары жұмыс істейді. «Жылға» деген сөзден бұрмаланып қалыптасқан атау.

Жуантөбе – ауыл. Шиелі кентінен солтүстік–батысқа қарай 40 км жерде, Сырдарияның сол аңғарында.

Жұматайашы – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде, Шиелі ауданында. «Жұматайдың ащы құдығы» мәніндегі атау.

Жүсіпназар – құдық. Бетпақдаланың батысында. Кісі есімінен қойылған атау.

Жындытөбе – артезиандық құдық. Ащыкөл ойпатының солтүстік–батыс бөлігінде.

Кірпіш зауыты – Тартоғай ауылдық округі аумағында 1943 жылы Тартоғай қаракөл қой совхозы құрылды. Сол уақыттан бастап, батыс жақ беттен кірпіш шығаратын үлкен зауыт болған. Сол себепті «Кірпіш зауыт» деп аталған. Қазіргі уақытта ЗК 169/4 мекемесі орналасқан.

Қаңтару – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде. «Суы құрыған, су шықпайтын құдық» мәніндегі атау.

Қапақұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде.

Қарабай – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қарабек – бейіт. Қаратау жотасының солтүстік–батыс етегінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қарақазған – құдық. Қаратау жотасының солтүстік–батысында. «Қара халық қазған құдық» мәніндегі атау болса керек.

Қарақұм – қоныс. Қызылқұмның солтүстік–шығыс бөлігінде. «Құмды жер» мәніндегі атау.

Қарақшытөбе – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі - 223 м. «Қарауыл қарайтын төбе» мағынасындағы атау.

Қараманбелгісі – бұлақ. Қаратау жотасының солтүстік–батыс етегінде. Ру атынан қойылған атау.

Қарамұрын – жота. Қаратау жотасының солтүстік–батысында, Сырдария өзеннің аңғарында. Абс. биіктігі - 498 м. Ұқсастыру жолымен қойылған атау, яғни жотаның сырт көрінісіне қарап қойылған.

Қаратай – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қарғалы – көл. Дариялық Тақыр жазығының шығысында, Ащыкөл ойпатының батыс бөлігінде. Атауды кейбір ғалымдар қарғамен байланыстырып, көл жағалауындағы қарғаның көп болуына орай қойылған десе, түркі тілдерінде *харге* – «тастақ, тасты өзен» деген мағынаны береді деуші ғалымдар да бар (Э. Мурзаев).

Қарғалы – ауыл, өзімен аттас ауылдық округ орталығы. 1973 жылы «Қарғалы» деген атпен қаракөл қой совхозы құрылды. Қарғалы қаракөл қой совхозына аудан, облыс аумағынан келіп қоныстанып, 30 мыңнан аса қаракөл қойын өсіру мақсатында жұмыстар атқарылды.

Қатынкұдық – құдық. Қаратау жотасының солтүстік–батысында.

Қатыншоқай – құм. Қаратау жотасының солтүстік–батысында. «Аласа құм төбе» мәніндегі атау.

Қойкұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Қосүйеңкі – елді мекен атауы. Еңбекші ауылдық округінің құрамында. Елді мекеннің бұрынғы атауы – Қазанбай. Ол жер 1922-23 жылдары орта жүздің ішіндегі Тарақты руының жайлауы болған. Кейіннен сол жердегі бұлақ басына 2 үйеңкі ағашы егіліп, сол себепті 1930 жылдан бері «Қосүйеңкі» аталып кеткен.

Куром – бейіт. Қаратау жотасының солтүстік-батыс етегінде.

Ишанбану – қыстау. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-шығыс бөлігінде. «Ишанның бағы» мәніндегі атау.

Иірқұдық – артезиандық құдық. Бетпақдаланың батысында.

Келдігүл – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Киікатқан – артезиандық құдық. Ащыкөл ойпаңының оңтүстік-батысында.

Киікмола – қоныс. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-шығыс бөлігінде. «Киік қырылған жер» мәніндегі атау.

Коммунизм – қыстау. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында.

Көксеңгір – артезиандық құдық. Қаратау жотасының солтүстік-батысында.

Қодаманов – ауыл, Төңкеріс ауылдық округінің орталығы. Шиелі кентінен шығысқа қарай 14 км жерде, бозжусан, баялыш, көкпек, т.б. шөптесіндер өскен бозғылт сұр, шалғынды сұр топырақты шөлдік белдемде орналасқан. Ауыл 1997 жылға дейін «Төңкеріс» деп аталып келді. 1928-96 жылдары күріш өсіретін «Төңкеріс» ұжымшарының орталығы болған. Кісі есімінен қойылған атау.

Қосқарақұм – темір жол бекеті. Шиелі кентінен солтүстік-батысқа қарай 32 км жерде. «Екі Қарақұмның маңындағы бекет» мағынасындағы атау.

Қосқұдық – құдық. Қаратау жотасының солтүстік-батысында.

Қосқұдық – жер атауы. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде.

Қоспа - өзен. Қаратау жотасының солтүстік-батыс бөлігінде. «Басқа бір өзенге құятын өзен» мәніндегі атау болса керек.

Қоспақбек – құдық. Қаратау жотасы мен Дариялық Тақыр жазығы аралығында. Кісі есімінен қойылған атау.

Қотанқамыс – қоныс. Бетпақдаланың батыс бөлігінде. «Дөңгелене өскен қамысы бар қоныс» мәніндегі атау.

Қошқарбай – қыстау. Қаратау жотасының солтүстік-батысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Қоянды – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Бұл жерде қоян көп болғандықтан осы атау берілген.

Құдайберген – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Құмсуат – қыстау. Дариялық Тақыр жазығының оңтүстік-шығыс бөлігінде.

Құружайлау – қоныс. Дариялық Тақыр жазығының шығыс бөлігінде. «Сусыз жердегі жайлау» мәніндегі атау.

Қызыл – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Түспен байланысты атау.

Қызылдиқан – ауыл. Шиелі кентінен солтүстік-батысқа қарай 15 км жерде, Телікөл каналының жағасында орналасқан. Ауыл 1975-97 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Телікөл» кеңшарының орталығы болып келді.

Қызылжар – құдық. Қаратау жотасының солтүстік-батысында. Тереңдігі – 3 м, шығымы – 150 л/с.

Қызылқайың – ауыл. Шиелі кентінен батысқа қарай 55 км жерде, Сырдария өзенінің жағасында. Бұрынғы атауы – Сырдария ауылы. Сол жерде қайыңның бір түрі «қызылқайыңның» өсуімен байланысты аталуы мүмкін.

Қызылқала – ортағасырлық қалашық орны. Бәйгекұм темір жол бекетінен 17 км жерде орналасқан. 20 ғасырдың басында Қызылқаланы зерттеген И.А.Кастанье «Мертвые города» деген мақаласында құнды деректер келтіреді. Қалашықта күйдірілген кірпіштен, балшықтан тұрғызылған түрлі ғимарат орындары сақталған.

Қызылқұдық – құдық. Қаратау жотасының солтүстік-батыс етегінде.

Қыпшақадыр – қоныс. Қаратау жотасының солтүстік-батыс етегінде. Ру атынан қойылған атау.

Лесхоз – елді мекен атауы. Алмалы ауылдық округінің құрамында. 1946 жылы аудандық орман шаруашылығы есебінен құрылған. Қазіргі таңда ол елді мекенде 19 жанұя тұрады.

Майлытоғай – ауыл, темір жол бекеті, өзімен аттас ауылдық округ орталығы. Шиелі кентінен солтүстік-батысқа қарай 66 км жерде, Орынбор – Ташкент темір жолы бойында орналасқан. Ауыл 1962-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Первомайский» кеңшары бөлімшесінің орталығы болған.

Махан – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі – 3 м, шығымы – 160 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Молдатбелгі – төбе. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Абс. биіктігі – 224 м. «Молдат есімді кісі белгі салған төбе» мағынасындағы атау.

Мұстафа Шоқай – ауыл, Сұлутөбе ауылдық округінің орталығы. Шиелі кентінен солтүстік батысқа қарай 80 км жерде, Сырдария өзенінің оң жақ аңғарында, Ташкент – Орынбор темір жол магистралінің бойында орналасқан. Іргесі осы маңда қаракөл қойын өсіруге арналған кеңшар ретінде 1962 жылы қаланған. Ауыл 2000 жылға дейін Сұлутөбе деп аталып келді.

Қоғам қайраткері М. Шоқайдың құрметіне берілген атау.

Мұстафа Шоқай ескерткіші – монументті өнер туындысы. 1991 жылы Сұлутөбе ауылында (қазіргі М.Шоқай ауылы) Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері М. Шоқайға орнатылды. Ескерткіш гипстен құйылып, сырты мыс қаңылтырмен қапталған. Биіктігі – 2,5 м, тұғырының биіктігі – 2 м.

Мырзабек – құдық. Қаратау жотасының солтүстік-батысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Надалы – құдық. Қаратау жотасы мен Дариялық Тақыр жазығы аралығында.

Назар – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Налбай – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Нарөлген - құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Осы жерде нар түйенің өлуіне байланысты қалыптасқан атау.

Нәнсай - өзен атауы. Ұзындығы – 71 км. Қаратаудың солтүстік-батыс етегінен басталып, Сырдария өзеніне жақындап барып, М.Шоқай ауылы маңында тарылады. Нәнсайдың оң жағы жарлы, сол жағының жайылмасы шабындық, жайылым. Нәнсай суы ақпан-сәуір аяғында молдау болады. Көксу (өзені) арнасы Нәнсайға құяды.

Оқшы ата мазары – көне архитектуралық ескерткіш. Шиелі ауданына қарасты 20-разъезде, Жөлек ауылынан 7 км жердегі темір жол торабында орналасқан. Күмбезі, құрылысы жағынан Қарасопы, Асан ата мазарларына ұқсас, бірақ көлемі шағындау. Соңғы жылдары қайта жөндеуден өткен. Мазарға жерленген кісінің шын аты – Ибрахим шайхы, лақап аты – Көгентүп, Оқшы ата – кейін ел қойған есімі. Ә. Қоңыратбаевтың көрсетуінше, Оқшы ата – қару, оқ жасаған оғыз батыры. Кезінде бұл аймақта үлкен шаһар болса, мазардың тұрған жері көне қорым. Архитектуралық жәдігер тарихы 9-10 ғасырлардан бастау алып, белгі 15-16 ғасырларда салынса керек.

Оңтолағай – төбе. Дариялық Тақыр жазығының шығыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 139 м. «Оң жақтағы төбе» мәніндегі атау.

Орта – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. «Суы орта белінен келетін құдық» мәніндегі атау.

Ортақшыл – ауыл, ауылдық округ орталығы. Шиелі кентінен солтүстік-батысқа қарай 25 км жерде, Сырдария өзенінің оң аңғарында орналасқан. Іргесі 1943 жылы құрылған Сырдария ұжымшары негізінде қаланған. 1975-97 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Телікөл» кеңшары бөлімшесінің орталығы болған. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Өгейлібұлақ - бұлақ. Қаратау жотасының солтүстік-батыс етегінде.

Парнебек – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында. Тереңдігі – 9 м, шығымы – 1000 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Прогресс – ауыл. Шиелі кентінен оңтүстікке қарай 160 км жерде. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Сағатқалған – ауыл орны. Ауыл орны. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Сайқұдық – артезиандық құдық. Арысқұмның шығысында. «Сай табанындағы құдық» деген мағынадағы атау.

Сарыкөл – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде, Сырдария өзенінің аңғарында.

Сарысу – құрғақ арна. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік-шығысында, Ащыкөл ойпаңының батыс бөлігінде. «Кең су» мәніндегі атау (Е. Қойшыбаев, 1985). Э. Мурзаев (1984) сөздігінде сарысу «майлы, сары балшық, сары саз аралас, мөлдір емес су» делінген.

Сасыққара – төбе. Қаратау жотасының солтүстік-батыс бөлігінде. Абс. биіктігі – 264 м. «Сасық руының төбесі» мәніндегі атау.

Сегіз – қоныс. Дариялық Тақыр жазығының шығысында, Ащыкөл ойпаңының батыс бөлігінде.

Сейсенбай – артезиандық құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Соркөл – көл. Дариялық Тақыр жазығының шығысында, Ащыкөл ойпаңының батыс бөлігінде.

Сорқұдық – құдық. Қаратау жотасының солтүстік-батысында.

Сұлутөбе – М. Шоқай ауылының (бұрынғы Сұлутөбе кеншары) шығысындағы биік құм төбе. Ертеде бұл төңірек су табаны болып, су ортасындағы биік арал төбеге құстар қонатын болған. Әсіресе, олардың ішінде аққулар көп болса керек. Сондықтан «Қутөбе» деп те аталған. Кейіннен су тартылып, жер құрғап, айналасына ел қонып көріктенген кезде «Сұлутөбе» аталған. 1905 жылы осы жерден темір жолдың өтуіне байланысты осы аттас темір жол бекеті салынған.

Сүйіндіксай - өзен. Ұзындығы – 66 км, су жинайтын алабы – 666 шаршы км. Қаратаудың батыс бөлігінің солтүстік беткейінен басталып, Ақжайқын көлінің оңтүстігіндегі тақырда тартылып қалады. Арнасы жоғары бөлігінде тар, тік жарлы. Жауын-шашын суымен толығады. Көктемде бір аптадай ғана ағыны болады.

Тағайбектүскен – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Тартоғай – ауыл, темір жол бекеті, өзімен аттас ауылдық округтің орталығы. Шиелі кентінен солтүстік-батысқа қарай 102 км жерде орналасқан. Іргесі 1904 жылы Орынбор – Ташкент темір жолын салуға байланысты қаланған. Тартоғай жанына «Баспақ» каналы өтеді. Атауы осы маңда тораңғыл тоғайының көп өсуіне байланысты аталған

Таштоқ – ауыл. Шиелі кентінен оңтүстік-батысқа қарай 55 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағасында.

Телікөл – канал. Дариялық Тақыр жазығының шығыс бөлігінде.

Телікөл – қоныс. Дариялық Тақыр жазығының солтүстік-шығыс бөлігінде.

Топырақ – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Тұрсынбай – артезиандық құдық. Дариялық Тақыр жазығының шығысында, Ащыкөл ойпаңының батыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Ұзынқұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Үрмекұм – қоныс. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. «Желдің үріп үюінен пайда болған құмдағы қоныс» мағынасындағы атау.

Шейіт – құдық. Қаратау жотасының солтүстік-батысында.

Шекара – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Тереңдігі – 23 м, шығымы – 3000 л/с.

Шепте – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде.

Шиелі - өзен. Сырдарияның тармағы. Сырдария алабында, Шиелі ауданы жерімен ағады. Ұзындығы – 110 шақырым. Сырдариядан Төменарық темір жол стансасы тұсында бөлініп шығып, Жөлек ауылы тұсында қайта құяды. Аңғары кең, көбіне батпақты жазық, арнасы құмайтты болғандықтан тез өзгеріп отырады. Қар суымен деңгейі көтеріледі. Алабы – шабындық, жайылым. Суымен егістік алқап суарылады. Бастауын Қаратау жотасының батыс етегінен алады. Өзен жағасында шиенің қалың өсуіне байланысты қойылған атау.

Шиелі-Телікөл – канал. Жалпы ұзындығы – 90 км-ден астам, ені – 6-10 м. Тереңдігі – 3-4 м. Шиелі-Телікөл каналының орташа су ағымы – секундына 12 шекше метр, ең көбі – секундына 14,5 текше метр. Сырдария, Шиелі аудандарының 54 мың га-дан астам жайылым, шабындықтарын суландырады.

Шошқалы – құдық. Қызылқұмның солтүстік бөлігінде. Тереңдігі – 16 м, шығымы – 500 л/с. Құдықтың маңында шошқаның көп кездесуіне байланысты қойылған атау.

Шілмән – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі не ру атынан қойылған атау.

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ БОЙЫНША

Жаңақорған ауданы - Қызылорда облысының оңтүстік-шығысында орналасқан әкімшілік бөлініс. Ол шығысында және оңтүстік-шығысында Оңтүстік Қазақстан облысымен, оңтүстік-батысында Өзбекстанмен, батыс және солтүстік-батысында Шиелі ауданымен шекараласып жатыр.

Аудан 1928 жылғы 17 қаңтарда құрылған. Орталығы – Жаңақорған кенті. Қызылорда қаласынан 178 шақырым жерде орналасқан. 1928 жылы қаңтарда Сырдария губерниясының тарауына және губерния орнына Қызылорда, Сырдария округтерінің құрылуына байланысты Сырдария округіндегі уездер мен болыстықтардан аудандар құрылады. Осы кезде Төменарық, Жаңақорған, Сауран, Өзгент болыстарының ізімен Жаңақорған ауданы болып қайта құрылады. Ауданның жер көлемі - 16,6 мың шаршы шақырым, бұл облыс жер көлемінің 6,8 пайызы. Халықтың орташа

тығыздығы – 1 шаршы шақырымға 4,5 адамнан келеді. Аудан - 2 кент, 24 ауылдық округтерге біріктірілген.

Аудан жерінің солтүстік-шығыс бөлігін Қаратау жотасының аласа келген солтүстік-батыс сілемдері алып жатыр. Ең биік жері – 1419 м (Бесарық өзенінің бойында). Орталық бөлігін Сыр бойы жазығы, оңтүстігін, оңтүстік-батысын Қызылқұм шөлі алып жатыр. Ауданның жер қойнауы кен байлықтарына бай. Қаратаудың Өгізмүйіз тауы етегінде Шалқия карьері орналасқан. Кен орнынан мырыш, қорғасын, күміс, кадмий, т.б. сирек кездесетін металл кентастары кездеседі. Сондай-ақ, ауданда құрылысқа жарамды тас, қиыршықтас, құм, саз (бентонит), т.б. кен қорлары бар. Климаты континенттік. Қысы біршама жұмсақ, жылымық күндері жиі болып тұрады. Жазы ыстық, аңызак. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері – 150-200 мм. Өзен жүйесін Сырдария өзені және оның оң салалары (Бесарық, Ақұйық, Жиделі, т.б.) құрайды. Бортықкөл, Нарсоққан, Бозкөл, Қандыарал, Шұқырой, т.б.көлдері бар.

Жаңақорған кентінде балшықпен емдейтін елімізге белгілі санаторий орналасқан.

Аудандағы автомобиль жолының ұзындығы – 387 шақырым, оның ішінде республикалық маңызы бар жолдың ұзындығы – 100 шақырым. Жаңақорған ауданында *Қарасоны, Қорасан ата, Құрбан ата, Сұнақ ата* кесенелері, *Ақтас* мешіті сияқты тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Ақ Орданың астанасы – *Сызанақ* қалашығының орны сақталған. Құм астында қалған *Сауран, Өзгент, Аққорған, Ордакент* сияқты ежелгі қалалардың орны бар.

Абызтөбе – көне қала орны. Сырдария өзені орталық ағысының сол жағында, Келінтөбе деп аталатын көне қала жұртынан солтүстікке қарай 25 шақырым қашықтықта орналасқан. 1969 жылы Отырар археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.М.Байпақов) зерттеген. Қала жұртының қазіргі көрінісі, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатқан ұзындығы – 105 м, көлденеңі – 30 м, биіктігі – 5 м, ұзын төртбұрышты жота. Төбесі тегіс. Жиналған құмыралардың сынықтары бойынша ғалымдар қаланың б.з. 1-ғасырдағы өркениет орталығы болғанын дәлелдеді.

Айғожа ишан күмбезі (18 - 19 ғ) – сәулет өнер ескерткіші. Жаңақорған ауданындағы Бесарық стансасының оңтүстігінде орналасқан. Күмбезді ишан қабірінің басына үлкен ұлы Ибадулла бұхаралық Хамит деген шеберге орнаттырған, кірпішін жергілікті халық құйған. Айғожа ишан халықты имандылыққа тәрбиелеген. 1778-1858 жылдар аралығында өмір сүрген. Күмбез шаршы пішіндес, ауданы – 9х9 м, биіктігі – 8 м, күйдірілген кірпіштен қаланған. Қабырғалары геометриялық және шырмауықты ою-өрнекпен безендірілген, 8 қырлы барабанды күмбезінде жарық түсетін 4 терезесі бар. Маңдайшасын бөренеден қиған. Ішіне сағана түрінде құлпытас жасалып, үстіне арқардың мүйізі қойылған. Қабырғалары сыртынан тепкішекті қалаумен бекітілген, іргетасының биіктігі – 4 м. 1989 жылы

жергілікті тұрғындардың күшімен қайта жөндеуден өткізілді. Айқожа ишан күмбезіне қатысты құжаттар Алматыдағы «Қазақ жобалау – қалпына келтіру» институты мұражайында сақтаулы. Айқожа ишан кесенесі республикалық маңыздағы тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енгізілген.

Ақбастау – байырғы ауыл орны. Жаңақорған кентінен шығысқа қарай 24 шақырым жерде. «Суы мөлдір, таза ұстау» деген мағынаны білдіретін атау.

Ақбикеш мұнарасы – Қаратаудың батыс сілемдерінен Ақсүмбе кентінен оңтүстікке қарай орналасқан биік жота басындағы тарихи ескерткіш. Мұнара Дешті-Қыпшақ даласын бақылап отыру үшін Қаратау шыңына салынған қарауыл мұнарасы ретінде аталады. Жергілікті тұрғындар мұнараны Ақбикеш арудың есімімен байланыстырады. Мұнара жартас арасын ірі қиыршық тастармен толтырған іргеліктің үстіне шикі кірпіштен тұрығызлған. Пішімі жұмыр. Ішіне кіретін бір, айналаны бақылау үшін жасалған екі ойығы бар. Оның бірі – батысқа, екіншісі – шығысқа қараған.

Ақжол – ауыл, М. Нәлібаев атындағы ауылдық округ орталығы. Жаңақорған кентінен оңтүстік-батысқа қарай 20 шақырым жерде, Сырдарияның сол жағалық аңғарында орналасқан. Ауыл 1996 жылға дейін Политотдел ауылы деп аталған. 1966-96 жылдары күріш өсіретін «Задария» кеңшары бөлімшесінің орталығы болған. Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін тіршілік жасаған тұрғындардың біраз бөлігі «Қырөзгент» маңында соғысқа қажетті оқ-дәрі дайындаған. Сексеуілдік шоғы, ақ кебір, сор тұзды топыраққа тиісті дәрі қосып қайнатып, оқ дәрі жасаған, сол дәріні «Ақжол» (селитра) деп атаған. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында елді мекенге «Ақжол» аты берілді.

Аққорған - ауылдық округ, Түгіскен елді мекенін қамтиды. Ауылдық округ 1993 жылы құрылған. Түгіскен елді мекенінің аумағында тарихтың тылсым сырларын ішіне бүгіп жатқан көне ғасырлардағы қамалды қалалардың бірі болған, зерттеуді қажет ететін Аққорған қалашығы бар. Қалашық аудан орталығынан оңтүстік-батысқа қарай 40 шақырымдай жерде орналасқан. Аққорған қалашығы шамамен ХҮ-ХҮІІ ғасырларда пайда болған. Аққорған қалашығы кезінде сол аймақтың саяси және экономикалық өмірінде үлкен рол атқарған.

Аққорған – орта ғасырлардағы қамалды қала орны. Жаңақорғаннан оңтүстік-батысқа қарай 40 шақырымдай жерде. Сырдарияның сол жағалауындағы қазіргі «Түгіскен» елді мекенінің аумағында болған. Бұл күнде қаланың төбеге айналған орны ғана қалған. Оны алғаш 1970 жылы Отырар археолог экспедициясы зерттеген. Жұрты осы күнге дейін Аққорған болып айтылады. Деңгейі едәуір трапеция тәріздес төбе. Басқа бөлігінен биік орналасқан цитаделінің ұзындығы – 150 м, ені – 110 м, биіктігі – 6 м. Қаланың қорғаныс қабырғасы мен оның сыртындағы ордың іздері анық сақталған. Жинастырылған деректерге қарағанда ХҮ-ХҮІІ ғасырларға тән.

Аққұм – темір жол бекеті, Ақүйік ауылдық округіне қарайды. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 26 шақырым жерде,

Сырдарияның сол жағалық аңғарында орналасқан. Іргесі 1902 жылы ауа райын бақылайтын алғашқы метеорологиялық станса ретінде қаланған.

Ақсуат – ауыл, Өзгент ауылдық округінің құрамында, ертеректе Сырдария өзенінің сол жақ бетінде қазіргі Өзгент ауылының солтүстік-шығыс жағында дариядай үлкен мал су ішетін суат болған. Сол мал су ішетін суатты халық *Ақсуат* деп атаған. Суаттың батыс жақ бетіне қоныстанып отырған ел де *Ақсуат* аталып кеткен.

Ақтас – ауыл орны. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 49 шақырым жерде. Сол жердегі тау не төбе тасының ақшыл, шаңқан түсіне байланысты қойылса керек.

Ақтас қыстағы – ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы мекенжайлар. Жаңақорған ауданының оңтүстік-батысында 5-6 шақырым жерде, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. 1970 жылы археолог С. Жолдасбаев зерттеген. Қыстақ ортасында қызыл кірпіштен бір күмбезді мешіт салынған. Солтүстік-батысында қорым бар. Одан 100 метр жерде кірпіш күйдірген ошақ орны байқалады. Қазба жұмысы кезінде саз балшықтан соғылған екі үйдің орны ашылды. Қора жайлары тұрғын үйлерге жалғас салынған. Әріректе 20-дан астам тұрақжайдың төбе болып жатқан орындары байқалады. Қыстақ тұрғындары мал және егін шаруашылығымен айналысқан. Түрлі темір бұйымдар, табақшалар, кетпен сынықтары, т.б. табылды.

Ақтас мешіті – 1884 жылы салынған сәулет өнері ескерткіші. Бесарық темір жол бекетінен батысқа қарай 7-8 шақырым қашықтықта, Сырдария өзенінің жағалауында орналасқан. Мешіт маңында қазақтардың тұрақты мекенжайлары болғанға ұқсайды (16-19 ғ). Пішіні төрт бұрышты етіп салынған күмбезді мешіттің биіктігі – 10-12 м. Шығысқа қаратылған. Күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Мешіт күмбезіне 4 қырлы, 2 қабатты мойындық арқылы көтерілуге болады. Қабырғалары сәндік өрнектермен әшекейленген. Кіреберіс жағында 3 биік, сәнді аркасы бар, ортаңғы аркадан мешітке кіретін есік жасалған. Мешіттің михрабы батыс жақтағы қабырғаның орта тұсында. Солтүстік іргесіне жүргізілген қазба жұмыстарының барысында төрт бұрышты шағын бөлмелердің іргесі ашылды. Осыған қарағанда, мешіт жанында медресе болған секілді. 1982 жылы Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енгізіліп, мемлекеттік қорғауына алынған.

Ақтөбе – бұлақ атауы. Қосүйеңкі елді мекенінде. Бұл төбенің топырағы ақшыл, түбінде үлкен тастар бар, сол тастардың арасынан шығатын таза мөлдір су.

Ақүйік - өзен. Сырдария алабында, Жаңақорған ауданы жерімен ағады. Қаратау жотасының оңтүстік-батыс етегінен басталып, Сырдарияға жетпей тартылып қалады. Ұзындығы – 70 шақырым, су жиналатын алабы – 670 шаршы шақырым. Суы көктемгі қар, жауын-шашынмен толығады. Өзеннің жоғарғы бөлігінде бөгет салынған. Өзен бойы қыста жылы, жазда салқын құтты мекен болғандықтан «жер ұйығы» атанып, кейіннен «Ақүйық» - «Ақүйік» деп аталған деген әңгімелер бар. «Маңайы ағарып жатқан, ми батпақты ұйығы бар өзен» мәніндегі атау.

Ақүйік – ауылдық округ. Қаратау қойнауларынан бастау алатын Ақүйік өзені бар, осы өзеннің атымен ауылдық округтің аты аталған. Тау төбелерінде ақ тасты үйінділердің көп болуына байланысты «ақ үйік» деп аталған деген жорамал бар. Ақүйік ауылдық округінің жалпы жер көлемі 51801 га жерді алып жатыр. Ауылдық округ Бірлік елді мекенін қамтиды. Кезінде бірнеше елді мекендер қараған «Бірлік» совхозы құрылып, совхоз орталығы Бірлік ауылы болған. 1993 жылы облыс әкімшілігі мен облыстық мәслихаттың біріккен шешімімен Ақүйік ауылдық округі құрылды.

Ақшығанақ көлі – Байкенже ауылынан 7 шақырым жерде, Сырдария өзенінің жағасында орналасқан. Аумағы – 10-14 га.

Апанқак – ауыл. Жаңақорған кентінен оңтүстікке қарай 45 шақырым жерде.

Арыстанбай – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Арыстанды - өзен. Қаратау жотасы Қаратау тауының Күрден асуынан бастау алып, Төменарық ауылы тұсында құмайтты жерге сіңіп кетеді. Ұзындығы – 45 шақырымдай. Ұзындығы 10-15 шақырым болатын бірнеше шағын салалары мен тармақтары бар. Жоғары ағысы тау шатқалымен өтеді, төменде жағалау жазық келеді. Алабы – мал жайылымы. Өзен маңында арыстанның көп кездесуімен байланысты не ру атынан қойылған атау болса керек.

Алғыр – салғыр – бекініс, жер атауы. «Молдақорған» бекінісінің шығыс жақ бетінде 3-4 шақырым қашықтықта орналасқан қорған. Қорған дуалының қалыңдығы 3-4 салт атты қатар жүретіндей, биіктігі ХХ-ғасырдың аяғына дейін 4-5 метрдей болған. Қырғыз пен Алғыр-салғыр бекінісінің арасы – 20 шақырымдай.

Әбдіғаппар – ауыл. Жаңақорған кентінен оңтүстік-батысқа қарай 15 шақырым жерде. Бұрынғы атауы – Қыркеңсе ауылы. Кісі есімінен қойылған атау.

Байғабыл – ауыл орны. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 47 шақырым жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Байкенже – ауыл, ауылдық округтің орталығы. Жаңақорған кентінен батысқа қарай 35 шақырым жерде, Сырдария өзенінің сол жағалық аңғарында орналасқан. Байкенже ауылдық округі 1993 жылы құрылған, Байкенже, Билібай елді мекендерін қамтиды. Елді мекеннің атауы сол жерде туып өскен, ауылдың құрылуына өзіндік үлес қосқан «Қоңқайұлы Байкенже» деген кісінің есімінен аталған. Ауыл 1962-96 жылдары бау-бақша өсірумен айналысатын «Алмалы» кеңшарының орталығы болған. Кеңшар негізінде Байкенжеде және округке қарасты Билікбай ауылында шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Кісі есімінен қойылған атау.

Байман – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Баймырза – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімінен қойылған атау.

Баймырза – қыстау. Қызылқұмның солтүстік-шығысында, Сырдария өзенінің аңғарында. Кісі есімімен қойылған атау.

Бактияр – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Тереңдігі – 10 м, шығымы - 180 л/с. Кісі есімімен қойылған атау.

Бақсайыс ата кесенесі – Байкенже елді мекенінен 10 шақырым жерде, оңтүстік-батыс беткейде орналасқан. Бақсайыс ата шамамен ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда өмір сүрген. Бұрын тұрғызылған кесене тозып, 1994 жылы ақ қыштан күмбезді кесене тұрғызылған. Кесене көлемі – 8 x 8 м, биіктігі – 12 м. Бақсайыс ата кесененсі жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі.

Барлыбайқұдық – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. «Барлыбайдың құдығы» мәніндегі атау.

Баспақкөл – ауыл. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 75 шақырым жерде. Бұрынғы атауы – Қаратөбе ауылы.

Бесарық – Жаңақорған ауданының Бесарық ауылдық округі аумағындағы өзен. Қаратау жотасының батысында, Сырдария алабында. Ұзындығы – 85 шақырым. Өзеннің жылдық ағысы – 170 млн. текше метр. Қаратау жотасының оңтүстік-батыс баурайынан бастау алады. Тау шатқалдарынан бес арық (өзенше) ағып шығып, шатқалдан шыға берер тұстағы Байғабыл ауылы жанында бірігіп Бесарық деп аталады. Осы елді мекен тұсында 1974 жылы өзімен аттас бөген (су сыйымдылығы – 15 млн. текше метр) салынған. Бөгеннен шыққан өзен Кеңес ауылы тұсында егістіктерге таралып кетеді. Кезінде Бесарық суы Сатымсай сайымен Сырдарияға құятын. Бесарық өзенінің суын Талап және Кеңес шаруашылықтары пайдаланады. Атау сол жерде бес немесе бірнеше арық болуымен байланысты қойылған.

Бесарық – ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің орталығы. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 70 шақырым жерде, Бесарық өзенінің төменгі ағысында орналасқан. Ауыл 1999 жылға дейін Талап ауылы деп аталған. Ауыл 1962-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Талап» кеңшарының орталығы болған. Кеңшар негізінде Бесарықта және округтегі Апанқак, Кеңес, Манап және Талап темір жол стансалары, Сатымсай темір жол айырмасында ЖШС және 9 шаруа қожалығы жұмыс істейді.

Бескемпір – Қожакент елді мекенінің шығыс жақ бөлігінде, дария жағасында әжептәуір ауқымды елді мекен болған. Шынайы атауы – Ахметсопы қыстауы. Кешегі соғыс жылдарында ер кісілердің барлығы соғысқа аттанып кеткеннен кейін бес қария кемпір тұрғандықтан Бескемпір деп аталып кеткен.

Билібай – ауыл. 1991 жылға дейін Красная звезда (Сүттіқұдық ауылдық округі) совхозының №2 мал фермасы болып келген. 1992 жылы Байкенже ауылдық округінің құрамына кірді. Билібай елді мекені «Игіліктегі Билібай» деген кісі есімімен аталған. Округ аумағында уранның үлкен қоры табылып, бүгінде «Хорасан-1», «Хорасан-2» кеніштері уран өндірумен айналысуда.

Ботасоқты – жер атауы. Кезінде Ақүйік өзені бойында жолбарыстар жүрген қалың жыныс тоғай болған. Жолбарыстар түйенің соңынан ерген боталарды алып қала берген. Сол себепті бұл ну «Ботасоқты» аталған.

Бөріойнақ – темір жол бекеті. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 17 шақырым жерде.

Бөртескен – темір жол бекеті. Жаңақорған кентінен солтүстік-батысқа қарай 14 шақырым жерде.

Бірлік – ауыл, Ақүйік ауылдық округінің орталығы. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 20 шақырым жерде орналасқан. Іргесі 1929 жылы қаланған. Бұрынғы «Бірлік» қой шаруашылығы кеңшары негізінде қазір мал шаруашылығына маманданған 10 шаруа қожалығы (фермер) құрылған. Ауылдық округке Қызылмақташы, Қосүйеңкі, Аққұм ауылдары қарайды. Бірлік ауылы тұсынан Қызылорда – Шымкент автомобиль жолы өтеді. «Бірігіп, бірлесіп, ортақтасып қоғам құру, көпшілік боп бірігіп ұйымдасу» идеясымен байланысты қойылған атау.

Данабибі – жер атауы. Бұрынғы кезде Данабибі деген әйел үлкен әулие кісі болған. Қазіргі кезде осы жер сол кісінің атымен Данабибі аталып кеткен.

Екпінді – ауыл, ауылдық округ, Екпінді елді мекенін қамтиды. 1930 жылы Төменарық ауылдық кеңесіне қарасты «Екпінді» ұжымшары болды. 1962 жылы ірілендіру саясатымен «Красная звезда» ауылдық кеңесінің құрамына енді. 1965-2005 жылдар аралығында Сунақата ауылдық округінің бөлімшесі болып келді. 2005 жылы Екпінді ауылдық округі болып құрылды.

Екінші Әліп – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Тереңдігі – 15 м, шығымы – 700 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Екінші Садық – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Еңбек – ауыл, Сунақата ауылдық округінің құрамында. 1950 жылдары *Ескі Екпінді* аталып, Сунақата кеңшарының бір бөлімшесі болған. 1997 жылы кеңшар таратылған кезде *Еңбек шаруа қожалығы* құрылып, тұрғындардың осы қожалыққа мүше болуына байланысты ауыл *Еңбек ауылы* атанған.

Есжан тоғайы – ауылдың солтүстік тұсында, дарияның иіріміндегі жер. Қайықшы Есжан деген кісінің атымен аталған. Елді мекенде арғы бетпен қатынас жасап отырған, қол қайықпен қызмет көрсеткен кісі.

Жайылма – ауыл, Шалқия кенттік әкімдігі құрамында болған. 2005 жылы «Жайылма» ауылдық округі болып, Шалқия кентінен бөлініп шықты. аудан орталығынан 17 шақырым, Шымкент-Самара үлкен жол бойынан 7 шақырым жерде орналасқан. «Жайылма» атауы кезіндегі «Жиделі», «Шалхия», «Келте» атты кішкентай өзен суларының осы елді мекеннің ұлтанына келіп жайылуынан шыққан. 1926 жылы «Жайылма» колхозы, Жайылма ауылдық кеңесі болып құрылған. Колхоздарды ірілендіру кезінде, яғни 1949 жылы «Жайылма» және «Жанақұрылыс» колхоздары қосылып /қазіргі Құттықожа ауылы/ «Ленин» колхозы болып ұйымдасқан. 1962 жылы Үкімет қаулысына сай «Красная звезда» совхозына бірікті. 1994 жылы шаруашылықтар таратылып «Красная звезда» совхозынан «Жайылма» өндірістік кооперативі болып бөлініп шыққан. 1995 жылы «Жайылма» ауылы

Шалқия поселкелік кеңесінің құрамына енгізілді. 2005 жылы «Жайылма» ауылдық округі құрылды.

Жалаңаш ата кесенесі – аудан орталығынан 8 шақырым жерде, Кейден елді мекені жанында орналасқан. Үлкен күмбезді кесене. Жалаңаш ата кесенесі жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі.

Жаңарық – ауыл, ауылдық округ. Жаңақорған кентінен оңтүстік-батысқа қарай 10 км жерде. Бұрынғы атауы – Бірінші Май ауылы. «Жаңаарық» атауының шығу себебі, 1925 жылы қазіргі «Жаңаарық» ауылының байырғы тұрғындары шаруашылықпен айналысуға егістік көлемін кеңейтіп, қолдарымен арық қазған, оған ешқандай техника қолданбаған. Осы қазылған арықтың жаңа атауымен «Жаңа - арық» колхозы құрылған.

Жаңаауыл – ауыл. Жаңақорған кентінен оңтүстікке қарай 2 км жерде. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Жаңақорған – кент. Кезінде Сырдария губерниясының Түркістан уезіне қарасты Жаңақорған кенті (болыстығы) 1928 жылы 17 қаңтарда ауданмен бірге құрылып, 1966 жылға дейін көрші Шиелі ауданымен 2 рет бірігіп, 2 рет бөлінген. Барлық жер көлемі – 20 410 мың га. Кент орталығындағы халықтың негізгі күнкөріс көзі – шағын кәсіпкерлік және өңірге жақын орналасқан Шалқия кен байыту өндірісі мен уран өңдеу саласы болып табылады.

Желдер – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде.

Жеңістің 50 жылдығына арналып қойылған ескерткіш – 1995 жылы кент орталығында ашылған. Көлемі – 60 x 70 метр жерге орналасқан. Пішіні жарты ай сияқты, биіктігі – 3,5 м, ортасында үш солдат мүсіні бар. Ескерткіш жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі.

Жиделі - өзен. Жаңақорған ауданы жерімен ағады. Бастауын Қаратаудың солтүстік батысындағы Ранг асуы тұсынан алып, тар шатқалдармен ағып, Жайылма ауылы тұсында жерге сіңіп кетеді. Өзенде су жылдың көктем айларында (сәуір, мамыр) жауын-шашын, қар суларымен толысады. Осы кезде өзен әжептәуір арна жасап, жыраларды қазып ағады. Оның төменгі ағысында шағын Жайылма бөгені салынған. Ол қыстағы қар суы мен көктемгі жауын суларын бөген бойына жинап, жазғы егістікке пайдаланылады. Жиделі өзенінің төменгі ағысында Жайылма ауылының шаруашылық жерлері суғарылады. Қаратау биіктерінен пайда болған табиғи таза бұлақ көздерінің суынан үлкен аңғарларға айналып және аңғарларында жиде ағаштары болғандықтан Жиделі өзені аталған

Жиделі – су қоймасы. Жайылма ауылдық округі елді мекенінен 22 шақырым қашықтықта, Қаратау беткейінде орналасқан. 1982 жылы пайдалануға берілді. Сыйымдылығы – 9 млн. текше метр. Жиделі өзені аталған өзен суымен толығындықтан «Жиделі» су қоймасы деп аталған. «Жиделі» су қоймасы ауыл тұрғындарының үй іргелік жерлерін таза аяқ сумен қамтамасыз етіп, ауылдың көркеюіне септігін тигізсе, екіншіден, шаруашылықтар бойынша жылма-жыл егілетін 600 гектар көкөніс-бақша дақылдарының сапалы өнім беруіне себепкер болып отыр.

Жоғарғы Мұсабай – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Тереңдігі – 14 м, шығымы – 700 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Зақар – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Имаш көлі – көл. Қойлақы көлінің шығыс жағында орналасқан. Қойлақы мен Имаш көлінің арасын Тарауыз бөліп тұр. Осы елдің тұрғыны, беделді қария Имаш есімімен аталған.

Кейден – ауыл, ауылдық округ орталығы. Кейден ауылдық округі Кейден, Аққұм, Қауық елді мекендерін қамтиды. Ауылдық округ аудан орталығынан 3 шақырым жерде орналасқан. Географиялық жағдайы егін және мал шаруашылығына бейімделген. Кейден ауылдық округі облыс әкімшілігі мен облыстық мәслихаттың біріккен шешімімен 2004 жылы құрылды. Ауыл 1997 жылға дейін Бірлестік деп аталып келді. Кейденде бірнеше шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Келте - өзен. Сырдария алабында, Жаңақорған ауданы жерімен ағады. Қаратау жотасының батыс етегінен басталып, Сырдарияға оң жағынан құяды. «Ұзаққа ақпайтын, келте өзен» мәніндегі атау.

Келінтөбе – канал. Қызылқұмның солтүстік-шығысында, Сырдария алабында. Белгілі бір оқиғаға байланысты қойылған атау.

Келінтөбе – ауыл, округ орталығы. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 70 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағалауында, сарсазан, қамыс, құрақ өскен сұр, сортаңды сұр топырақты шөлдік белдемде орналасқан. Іргесі 1964 жылы Түгіскен алқабын игеруге байланысты Келінтөбе каналын (Зұлпыхар Мұсаханов атындағы) салу кезінде қаланды. Келінтөбе ауылдық округі Келінтөбе елді мекенін қамтиды. Ауылдық округ 1993 жылы құрылған. Елді мекен тұрғындары негізінен егін және мал шаруашылығымен айналысады. Округтің жалпы жер көлемі 18361 га жерді қамтиды. Аудан көлеміндегі әлі де зерттелмеген бірнеше тарихи төбелердің бірі «Келінтөбе» осы елді мекен жанында орналасқан. Ауылдық округ атауы осы төбеге байланысты қойылған. 1964-1997 жылдары күріш өсіретін «Келінтөбе» кеңшарының орталығы болды.

Келінтөбе – көне қала орны. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Келінтөбе қыстағынан 6-7 км жерде орналасқан. Көлемі - 100x75 м, тік төртбұрышты, биіктігі - 10 м төбе. Қаланың кіреберіс қақпасы шығыс жағында болған. Қала орнын 1970 жылы Отырар археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.М.Байпақов) зерттеген. Келінтөбе қалашығынан ас дайындайтын, сусын ішетін қыш ыдыстардың сынықтары және азық-түлік сақтайтын күбі, көзелер табылды. Олардың жасалу тәсілдеріне қарағанда, қала тұрғындары б.з.б. 7-8 ғасырларда өмір сүрген. Егін, мал шаруашылығымен айналысқан.

Кемпірүңгір – үңгір атауы. Қаратау жотасында, бесарық өзенінің бойында орналасқан. Аңыз бойынша, ертеректе жау шапқыншылығы кезінде сол үңгірде тығылып, бір кемпір паналаған екен. Соған байланысты үңгір «Кемпірүңгір» аталып кеткен.

Кеңес – ауыл, Бесарық ауылдық округі құрамында. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 80 км жерде, Қаратау жотасының сайлы-жыралы келген тау алды жазығында, Бесарық өзенінің бойында орналасқан. Ауыл 1977-96 жылдары бау-бақша өсірумен айналысатын «Юбилейный» кеңшарының орталығы болған. Кеңшар негізінде Кеңесте шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Кеңес дәуірінде қойылған атау.

Көккесене – күмбез, жер атауы. Көккесененің орны Төменарық темір жол стансасының солтүстік күншығысынан 5 шақырымдай жерде, қазіргі «Қожамберді» ауылында. Академик Ә. Марғұлан қаланың атақты болуының себебі, Алпамыс батырдың жұбайы Баршын сұлудың (Гүлбаршынның) есімімен аталуында екендігін айтады. Көккесене, тарихи деректерге қарағанда, осы Баршын сұлудың кесенесі екендігін көрсетеді. Көккесене XI ғасырларда салжук-Хорезм шах заманындағы сәулет өнері үлгісімен (биік мұнара) тұрғызылған сәулетті күмбез.

Көктөбе – ауыл, ауылдық округ. Аудан орталығынан 110 шақырымдай қашықтықта, Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Ауыл 1962-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Түркістан» кеңшары бөлімшесінің орталығы болған. Бөлімше негізінде Көктөбеде шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Көктөбе атауы жердің атына байланысты қойылған, «биік төбе» мәніндегі атау немесе төбе тасы не өсімдігі көк болғандықтан берілген атау. Ауылдық округ 2004 жылы жаңадан құрылды. Округке қарасты жалпы жер аумағы 3741 га көлемді алып жатыр.

Көлтоған – су қоймасы. Қаратау жотасының батысында, Сырдария алабында. Көктем айларында Ақүйік өзені Сырдарияға құятын болған. Көктемгі тасқын суды жинап, жазда егіншілікпен айналысу үшін 20-ғасырдың басында, шамамен 1920-30 жылдары қолайлы жерден ұзындығы 1 шақырымдай болатын бөгет соғып, үлкен су қоймасын жасаған, оны «Көлтоған» деп атаған. Бұл тоғанды күні бүгінге дейін Бірлік ауылының халқы пайдаланып келеді. «Қолдан жасалған көл» мәніндегі атау.

Кітәнұшқан – Қаратау жотасындағы шың. Кітән деген кісі бүркіттің ұясын аламын деп сол шыңнан құлап кеткен деген аңыз бар.

Қадырбек – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Қайнарбұлақ – ауыл. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 35 км жерде.

Қалғансыр – ауыл. Қандөз ауылдық округіндегі Қандөз ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 12 шақырым қашықтықта орналасқан. Бұл атау *Қалған* және *сыр* деген атаулардың бірігуінен жасалған. *Қалғансыр ауылы* аумағында ерте кезде Сыр бойында әр жерлерде 3-4 отбасыдан орналасқан тұрғындар болған. Сол елді мекенде қалған елді Сыр бойында қалған ел деп атап кеткендіктен *Қалғансыр* деген атау шықты деген аңыз бар.

Қандөз – ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің орталығы. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 88 км жерде, бұйырғын, тасбұйырғын, күйреуік, т.б. сораң шөптер өскен Сыр бойының қуаң жазығында орналасқан. Ауыл 1997 жылға дейін Түркістан деп аталып келген. 1964-1997

жылдары қаракөл қойын өсіретін Түркістан кеңшарының орталығы болған. Қандөз ауылдық округі Қандөз, Қалғансыр, Қашқанкөл елді мекендерін қамтиды. Ауылдық округ облыс әкімдігі мен облыстық мәслихаттың біріккен шешімімен 2002 жылы ашылған. Округке қарасты жалпы жер көлемі 6642 га шаршы шақырым қашықтықты алып жатыр. Елді мекен негізінен егін және мал шаруашылығына бейімделген.

Қандыарал – Жаңақорған ауданының оңтүстік-шығысында орналасқан жайылма көл. Көлдің айналасы тораңғылды-жиделі тоғай, су жиегі қопалы-қамысты, батпақты. Суы тұщы, биологиялық алуан түрлілігі мол. Көктемде көл айдыны маусымдық құстарға толады. Құстардан аққұтан, сарықұтан, бірқазан, қасқалдақ, үйрек, т.б. ұшырасады. Көлден балық аулау, өсіру қолға алынған.

Қандықұдық – жер атауы. Бұлай аталуының топонимдік мағынасы: «суы мол құдық» дегенге толық сай келетіндей.

Қандымсай – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде.

Қанбақты – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде.

Қарасопы күмбезі – 18-19 ғасырларда салынған архитектуралық ескерткіш. Аудан орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 км жерде, Сырдарияның жағасында орналасқан. Биіктігі – 9 м, үстінде 8 айшығы бар, шағын екі бөлмеден тұрады. Қабір жатқан бөлменің аумағы – 12,34 x 8,70 м, қосалқы бөлме аумағы – 6,50 x 5 м. Есігі құбылаға қараған, алдында Қарасопы бейіті бар. Қарасопы күмбезі ислам сәулет өнері үлгісінде салынған. Осы аймақтағы Қорасан Ата, Қылышты Ата, Айқожа, т.б. тарихи жәдігерлер олардың көшпелі өзбектер дәуіріне қатысын байқатады. Қарасопы күмбезі арнайы зерттелмеген. Ескерткіш 1982 жылы мемлекеттік қорғауға алынған.

Қаракұм – Қожакент елді мекенінің батыс жағында орналасқан үлкен құм төбе. Бұл жер елге жазда жайлау, қыста қыстау болған. Шаруаға жайлы болғандықтан осы жер Қаракұм төбесі деп аталып кеткен.

Қарауылтөбе – төбе, жер атауы. Жаугершілік заманда белгі беру үшін, үлкен қалаларды жаудан қорғау мақсатында жау қарасы көрінген уақытта төбе басына от жағу арқылы Сауран сияқты үлкен қалаларға белгі беріп отырған. Сондықтан осы төбені Қарауылтөбе деп атаған.

Қаратөбе - ауылдық округ орталығы,

Қараша – ауыл. Жаңақорған кентінен оңтүстікке қарай 19 км жерде. Ру атынан қойылған атау.

Қараша – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде.

Қаратөбе – ауыл, өзімен аттас ауылдық округінің орталығы. 29280 га жер көлемін алып жатыр. Ауылдық округ 1993 жылы ашылған, Қаратөбе елді мекенін қамтиды. Ауылдық округтің географиялық жағдайы негізінен ауыл шаруашылығына бейімделген. Қаратөбе елді мекені аудан орталығынан 80 шақырымдай қашықтықта, Келінтөбе каналының жағалауында орналасқан. Ауыл 1964-96 жылдары күріш өсіретін «Келінтөбе» кеңшары бөлімшесінің орталығы болған. Оның негізінде Қаратөбеде шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Қатынқамал – тарихи үңгір. Қосүйеңкі ауылының шығыс жағында 40 км жерде, Бірлік елді мекені орталығынан 20 шақырымдай қашықтықта. Қатынқамалға нақты ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Жол жобасын білетін жергілікті тұрғындар болмаса, сырт адамдар бұл үңгірге жете алмаған. Аңыз бойынша осы үңгірге жоңғар шапқыншылығы кезінде әйелдер мен жас балалар жасырынған. Қазақ жауынгерлері жеңіліске ұшыраған соң жоңғарлар Қатынқамалды тауып алып, жасырынған адамдарды түгелдей қырып тастаған. Бұл атау жаудан қорғану жолында балаларын үңгірге қамап, өздері жауға қарсы тұрған, сол жолда құрбан болған аналардың ерлігін паш еткен атау екені байқалады. Содан бері бұл үңгір «Қатынқамал» атанған.

Қауық – ауыл, Кейден ауылдық округінің құрамында. Аталу себебі – дария жағасы қалың тоғай, шеңгел, жыңғыл қау болып өскен, елге ық-пана болған. Содан *Қау (ну)-ық (пана)* болып аталып кеткен.

Қашқанкөл – ауыл, Қандөз ауылдық округінің құрамында. *Қашқанкөл ауылы* Қандөз ауылынан 3 шақырым қашықтықта орналасқан. Қандөз ауылына Сырдария өзенінен бөлініп шыққан кішігірім канал келіп құйылып тұрған. Сол каналдан және ауылдың жоғарғы жағынан аққан су Қашқанкөл ауылының орнындағы көлге құйылады. Содан Қашқанкөл ауылының орны көл болып жатқан. Сол себепті *Қашқанкөл* деген атау шыққан.

Қожакент – ауыл, округ орталығы. Жаңақорған кентінен оңтүстікке қарай 38 км жерде, Сырдарияның сол жағалық аңғарында орналасқан. Ауыл 1991 жылға дейін «Октябрь» деп, одан кейін «Миялы» деп аталған. 1967-96 жылдары күріш өсіретін 23-партсъезд атындағы кеңшардың орталығы болған. Ру атынан қойылған атау. Сыр бойына ислам діні мен мәдениетін YIII-IX ғасырларда алғаш алып келген ірі дін өкілдерінің ұрпақтары шоғырланған ауыл болғандықтан осылай аталған. Елді мекен аумағында «Имаш» көлі, «Молдақорған» қорғаны, «Алғыр - салғыр» бекінісі, «Тарауыз» тоғаны, «Беларық», «Шолақарық» секілді тарихи орындар бар.

Қожамберді – ауыл, ауылдық округ. Төменарық ауылдық округі құрамында. Қожамберді ауылдық округі Қожамберді елді мекенін қамтиды. 1928 жылы «Қандыарал» колхозы болып құрылып, 1949 жылы Елтай колхозы мен Қандыарал колхозы қосылып, «Коммунизм» колхозы деп аталған. 1993 жылы ауыл сол өңірден шыққан Қожамберді батырдың есімімен аталды. 2004 жылы 13 желтоқсанда Төменарық ауылдық округінен бөлініп, Қожамберді ауылдық округі болып құрылды. Ауылдық округ төңірегінде Баршынкент, Көккесене тарихи орындары бар.

Қойлақы ата ескерткіші – 13-ғасырда қойылған. Қойлақы ата 12-13 ғасырларда өмір сүрген. Ескерткіш Қожакент елді мекенінен 11 км жерде орналасқан. Қызыл граниттен жасалынып, жоғары жағы өрнектеліп, арабша жазулар жазылған. Алты қырлы, қалыңдығы – 55 см, биіктігі – 2 м.

Қойлық – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. «Қой суаратын құдық» деген мәндегі атау.

Қорасан ата мазары, Әбдіжәлел баб мазары - 14-ғасыр сәулет өнерінің ескерткіші. 19-ғасырда қайта салынған. Қарасопы кесенесінен батысқа қарай

35 км жерде. Шикі кірпіштен, кейін күйдірілген кірпіштен салынған. Бөлмелері бір-бірімен жалғаспаған. Бас қасбет дәліз арқылы күмбезі шағын бөлмемен тұйықталған. Қорасан ата сағанасының есігі батысқа қараған бөлмеде. Аңызға қарағанда, Қорасан ата діни қайраткер ретінде танылған.

Қостораңғыл – жер атауы. Байырғы уақытта Сырдарияның бойынан 1 км жерден бір адамның мәйіті қойылған жерден 2 қостораңғыл ағашы шыққан. Сол себептен, Қостораңғыл деп аталып кеткен.

Қосүйеңкі – ауыл, ауылдық округ. Жаңақорған кентінен шығысқа қарай 48 км, округ орталығы – Бірлік ауылынан 32 км жерде, Қаратау жотасының оңтүстік беткейінде орналасқан. Ауыл 1957-1994 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Бірлік» кеңшарының бөлімшесі болған. Ақтөбе деп аталатын бұлақтың жанында екі үйеңкі ағашы болған. «Қосүйеңкі» атауының шығу тарихы осы екі үйеңкімен байланысты. Кезіндегі «Ынтымақ», «Талдысу», «Қосүйеңкі» колхоздары біріктіріліп, 1954 жылы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы құрылады. Колхоздың орталығы Қосүйеңкі елді мекені. 2004 жылы 13 желтоқсанда Қосүйеңкі ауылдық округі құрылды. Қосүйеңкі ауылы «Қайнар» бұлағын жағалай орналасқан.

Құлантақыр - қоныс. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде.

Құмиян қаласы – ортағасырлық қала орны. 7-ғасырда өмір сүрген. Сырдарияның сол жақ бетінде Келінтөбе елді мекенінен батысқа қарай 10 км-дей жерде орналасқан. Қала үйіндіге айналып, сыртындағы кесек қорғаны құлаған, кейбір бұрыштары жартылай қалған. Кесек қорған үсті төрт аттылы кісі сыятындай қалыңдықта жасалған. Шыңғысхан шапқыншылығынан қайта бой көтеріп дами алмаған ежелгі қала орны. Кісі есімінен қойылған атау болуы мүмкін.

Құрмантай – қоныс. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Құрмантай – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде.

Құттықожа – ауыл, Шалқия кенттік әкімдігі құрамында. Жаңақорған кентінен шығысқа қарай 18 км жерде, Ақұйық өзеннің жағасында орналасқан. Ауыл 1992 жылға дейін Ленин ауылы деп аталды. Ауылда Шалқия кенішіне қарасты кәсіпорындар орналасқан. Кісі есімінен қойылған атау.

Қылауыз ата кесенесі - Әбдіғаппар елді мекенінен 10-11 шақырымдай жерде орналасқан. Бұрынғы күмбезді кесенесі тозып, 1996 жылы күйдірілген қыштан күмбезді кесене тұрғызды. Көлемі 6 x 8 м, биіктігі – 4,5 м. Қылауыз ата XII ғасырларда өмір сүрген кісі. Кесене жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі.

Қылышты ата кесенесі – орта ғасырлық ескерткіш. Аудан орталығынан 30 км, Қыркеңсе елді мекеніне 7-8 км жерде орналасқан. Қылышты ата аруақты адам болған, XI – XII ғасырларда өмір сүрген. Бұрынғы кесенесі құлап қалғандықтан ұрпақтары 1992 жылы ақ қыштан өріп, темір қаңылтыр күмбезді кесене тұрғызды. Кесененің ауданы – 6 x 6 м, биіктігі – 4 м.

Қырөзгент - Өзгент ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 18 км, Сырдарияның сол жағында орналасқан ортағасырлық қала орны. Қырөзгент қаласы жазба деректерде Аққорған қаласына қатысты бірге айтылады. Қырөзгент қаласының бекінісі мен дуалды қорғаны 14 мыңдық әскерге төтеп берген. Қаланың орнын алғаш В. А. Каллаур көрсетіп, 1970 жылдары Отырар археологиялық экспедициясы топографиялық жоспарын жасады. Қаланың топографиялық жоспары – көп бұрышты төбе бейнелі, мұнаралы, қабырғалар солтүстігін оңтүстікке қарай 250-300 м және жұмыр бұрышты 50-70 м кесінділер орны бар. Олардың қиылысқан жерлері дөңгелек мұнаралармен нығайтылған. Мұнаралар саны – 15. Тегеуірінді мұнаралар, әсіресе, шығыс, батыс, оңтүстік жақтағы бұрыштарда тұрғызылған. Кебірленіп құлаған дуалды қабырғаларының қалыңдығы – 10-15 м. Мұнаралар сыртқа қарай 10 м шығыңқы. Қала дуалын айналдыра кеңдігі – 10 м, тереңдігі – 2 м ор қазылған. Басты кірер қақпаның биіктігі – 8-10 м. Ол қаланың шығыс бөлігінде орналасқан. Бау-бақша, су жүйелері, шеберхана және көше іздері байқалады.

Қыркенсе – ауылдық округ орталығы. Округ аймағы тарихи орындарға бай. Бұл аймақ – Төлек-Ата, Қылышты-Ата, Қылауыз-Ата, Омар-Ата, Қорасан-Ата, Бақсайыс-Ата мекендеген киелі өңір.

Төңкерістен кейін, яғни 1927 жылы сол кездегі саясатқа байланысты аудан басшылары көшіп-қонып жүрген елді жинап, «артель» боп бірігуге шақырған. Сөйтіп, ойдағы-қырдағы ағайындар жиналып, «Сырдария» өзенінің Қызылқұм жиегіндегі «Құмтөбе» (Майқұмшық деп те атаған) жерінде бас қосып, колхоз болып бірігеді. Колхозға қырдағы кеңсе, яғни «Қыркенсе» деген атау беріледі.

Қыраш – ауыл, ауылдық округ орталығы. 1927 жылы «Тоқтамыс» колхозы болып құрылып, кейінен «Қызыл мақташы» аталған. Қыраш ауылдық округі 2005 жылы ақпан айында құрылды. Орталығы - Қыраш ауылы. Ауылдық округ 18451 га жер көлемін қамтиды, елді мекен аудан орталығына 30 шақырымдай жерде тау беткейде орналасқан. Қыраш елді мекенінің табиғаты мал шарушылығына бейімделген.

Манап – ауылдық округ, 2005 жылдың ақпанында құрылды. Ауылдық округке Манап ауылы, Талап бекеті елді мекендері қарайды. Ауылдық округтің орталығының көне атауы «Ескі Талап» болатын, Қазақстанның халық ақыны Манап Көкеновтің есімімен елді мекен атауы 1997 жылы 27 желтоқсанда «Манап ауылы» болып, ауылдық округтің атауы Манап ауылдық округі болып қайта өзгертілді.

М. Нәлібаев – ауылдық округ атауы. Қазіргі «М. Нәлібаев» елді мекенінің орнында осы жердің байырғы тұрғындары 40-50 отбасы тіршілік жасаған, бұған дейінгі алғашқы кезде елді мекендегілерді ХІХ ғасырдың басында «Роман тамы», «Шәлімбет тақыры», «Бұйра баба» тұрғындары деп атап келген. Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін тіршілік жасаған тұрғындардың біраз бөлігі «Қыр Өзгент» маңында соғысқа қажетті оқ-дәрі дайындаумен айналысқан. Ауыл «Ақжол» аталды. 2005 жылы ауылдық округке белгілі еңбек және соғыс ардагері Машбек Нәлібаевтың есімі берілді.

Молдақорған – бекініс, жер атауы. Қожакент ауылының солтүстік батыс бөлігінде, егіс алқаптарынан кейін орналасқан. Жаугершілік замандарда жаулардан қорғанатын қорған, бекініс болған, шамамен ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда салынған. Қазіргі таңда орнында үйінді топырақтар мен құлаған дуалдар бар.

Мұзхана – 1905 жылы Төменарық елді мекенінде салынған. Вокзал аумағында орналасқан. Күйдірілген кірпіштен цемент-топырақ қосындысымен өрілген, тік бұрышты құрылыс. Мұзхана екі бөліктен тұрады: жерастылық және жербетілік. Жерасты бөлігі параллелипедке ұқсас. Қабырға қалыңдығы екі қыштан өрілген, ішкі биіктігі – 3,60 м, тереңдігі – 3 м. Жалпы құрылыс көлемі – 197,505 текше метр. Мұзхана жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі.

Обқара – бұлақ. Қаратау жотасының солтүстік-батыс етегінде. «Суы терең бұлақ» мағынасындағы атау.

Ордакент – қала орны. Жаңақорған темір жол стансасынан солтүстікке қарай 5-6 км жерде. 1967 жылы Отырар археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.А.Ақышев) барлау жұмыстарын жүргізген. Қала орны диаметрі – 100 м болатын сопақша төбе. Шетінің биіктігі – 4-5 м, орта бөлігі – 6-7 м-ге дейін. Қазба жұмыстары барысында қолдан жасалған қыш ыдыстар, астық, су сақтайтын үлкен хұмдар, құмыралар, құмғандар, т.б. заттардың сынықтары табылған. Бұл заттарға қарағанда Ордакент б.з. 1-ғасырында бой көтеріп, 8-ғасырға дейін жеткен, тұрғындары егін егіп, мал шаруашылығымен айналысқандығы аңғарылады.

Орымбек – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Өгізмүйіз – төбе. Қаратау жотасының батысында, Сырдария өзеннің аңғарында. Абс. биіктігі - 449 м. Төбенің сыртқы көрінісі өгіздің мүйізін ұқсағандықтан қойылған атау.

Өзгент – көл. Қызылқұмның солтүстік-шығысында, Сырдария өзеннің бойында. Байырғы «оғыздардың кенті» деген атаудың өзгерген тұлғасы болу керек.

Өзгент – ауылдық округ, Өзгент, Ақсуат елді мекендерін қамтиды. Өзгент ауылдық округі 1993 жылы құрылды. Өзгент атауы «Оғыз» және «Кент» деген атаулардан алынған. Өзгент шаһары-сол кездердегі Сыр бойындағы тарихи оқиғаларға толы қалалардың бірі болған. Жаңақорған кентінен оңтүстікке қарай 20 км жерде, Өзгент көлінің жағасында.

Өзгент – қалашық орны. Қазіргі Өзгент ауылының солтүстік батысында 15 шақырым жерде. Қала шамамен 10-12 ғасырларға тән құрылыс, Ұлы Жібек жолының бойында жатыр. Көлемі шамамен бір шаршы шақырым. Қала ортағасырлық үлгіде. Топырақ үйіліп, оның үстіне биік қорған тұрғызылған. Қорған ішінде терең зындандардың орны бар, қақпаның орны сақталған. Қаланың сыртында егіншілікпен айналысқан арықтардың сілемі жатыр.

Қаланың Өзгент аталуының себебі, кезінде оғыз тайпаларының қаласы (астанасы) болды ма деген болжам бар.

Палапан төбе – жер атауы. Байырғы кездегі дария бойын жағалайтын Жібек жолында жол бағдарын анықтайтын төбе болса керек. Өйткені төбенің үстінде үш ағаш, от жағар астауы бар.

Садбан тамы, өзегі – ойпатты жер, сай. Қожакент елді мекенінің солтүстік батысында орналасқан. Елге беделді, көзі ашық Садбан деген қария кісінің атымен аталған. Кешегі ашаршылық кезінде елді бастап, қазіргі Өзбекстан жеріне көп елді орналастырып, елге пайдасы тигендіктен осы күнге дейін Садбан тамы аталып келген.

Сатымсай – темір жол бекеті. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 57 км жерде. «Сатымның сайы» мәніндегі атау.

Сауран – ежелгі қала орны. Тарихшылардың айтуынша VI ғасырларда пайда болған. Сауран қаласы ХVIII ғасырларда жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырап, одан кейін Қоқан хандығының езгісіне түскен. Қазіргі кезде Сауран қаласының құлаған қабырғалары мен мұнара белгілері, қорған ішінде уатылған қыш сынықтары шашылып жатыр.

Сортөбе – Сырдария жағасындағы шағын қыстақ. Қазіргі кезде дария суы шайып кеткен. Сортөбені айнала тұрғылықты ел қоныстанып отырған.

Сунақ ата – ауыл, округ орталығы. Сунақата, Еңбек елді мекендерін қамтиды. Жаңақорған кентінен солтүстік-батысқа қарай 35 км жерде орналасқан. Ауыл 1965-96 жылдары күріш өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы болған. Ауылдық округ облыс әкімдігі мен облыстық мәслихаттың біріккен шешімімен 1993 жылы ашылды. Елді мекен аумағында Ақорда мемлекетінің астанасы болған Сығанақ қалашығы мен мешіт медресе тарихи орындары бар.

Сунақ ата кесенесі – аудан орталығынан солтүстік-батысқа қарай 30 шақырым жерде, Москва – Пекин күре жолының бойында, Сунақ ата елді мекенінде орналасқан. Кесене биіктігі – 12 метр. Кесене жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі.

Сүттіқұдық – ауыл, ауылдық округ 2002 жылы құрылған. Сүттіқұдық ауылдық округі Тақыркөл елді мекенін қамтиды. Округ атауы кезіндегі суы тұщы, әрі мол құдық атауына байланысты «Сүттіқұдық» деп қойылған. Округтің орталығы - Тақыркөл ауылы. 1930 жылы Тақыркөл колхозы болған. Географиялық жағдайы егін және мал шаруашылығына бейімделген.

Осында Аралбай деген дәулеті шалқыған, кісілігі мол, кезінде мектеп ұстаған кісі мал шаруашылығымен айналысқан. Малды суғару үшін қазған құдығынан қанша су тартса да, суы азаймаған. Көрші отырған ағайындардың құдықтарының суы таусылып, малдары суға қанбағасын үлкен қариялар балаларына «малдарың суға қанбаса, Анай Аралбайдың «сүтті» құдығына барыңдар» деп отырған. Содан ол жер «Сүттіқұдық» аталып кеткен екен.

Сығанақ, Сунақ шаһары – ортағасырлық қала орны. Ұлы Жібек жолының бойында жатқан басты қалалардың бірі. Төменарық темір жол стансасының солтүстік-батыс жағында 10 км жерде орналасқан. Қаланы 1867 жылы П.И.Лерх, 1906-07 жылдары И.А.Кастанье, 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі А.Н.Бернштам) зерттеген. 17-18 ғасырларда қала бірнеше рет жоңғар шапқыншылығына

ұшырап, осы шапқыншылықтар және басқа да әр түрлі себептерден қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатты. Қаланың қазіргі орны – Сунақ ата деп аталады. Сығанақ қаласының бұл күндегі орны – «Сунақата» елді мекені орталығынан солтүстік-батысқа қарай екі шақырымдай жерде 7-8 гектардай алқапты алып, шөккен түйедей болып үйіліп жатқан бес бұрышты төбе. Қаланың жалпы аумағы 20 гектардай жерді алып жатыр.

Тайпақ – жер атауы. Қарақалпақтың бір атасының көбейіп, бір тайпа елге айналған қонысы болған. Сол себепті бұл жер «Тайпақ» аталып кеткен.

Тақыркөл – ауыл, Сүттіқұдық ауылдық округінің орталығы. Жаңақорған кентінен солтүстік-батысқа қарай 30 км жерде. Ауыл 2000 жылға дейін Қызыл Жұлдыз ауылы деп аталған. Іргесі 1930 жылы қаланған. 1962-96 жылдары қаракөл қойын өсіретін «Қызыл жұлдыз» кеңшарының орталығы болған. Кеңшар негізінде Тақыркөлде шаруа қожалықтары құрылды. Ең жақын темір жол стансасы – Төменарық (5 км). «Айналасында ешқандай өсімдік өспейтін тақыр көл» деген мағынадағы сөз.

Талап - ауыл, темір жол бекеті, ауылдық округ. Талап ауылдық округі 2005 жылы 7 сәуірде Бесарық ауылдық округі құрамынан бөлініп, ауылдық округ болып құрылды. Орталығы – Бесарық бекеті. Округке сондай-ақ Сатымсай елді мекені қарайды. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 37 км жерде. Елді мекен табиғаты мал шаруашылығына бейімді. Кеңес дәуірінде қойылған «талаптан ұмтыл», «ілгері бас» мәніндегі атау. Ауылдық округ аумағында республикалық тарихи-мәдени ескерткіштер қатарына жатқызылған Ақтас, Айқожа әулиелердің кесенелері орналасқан.

Таңбалы тас – мемлекеттің қорғауындағы жер. Қаратау жотасындағы тастың бетіне адамдар мен түрлі аңдардың суреттері салынған. Қазір ол жерге белгі қойылған.

Тарауыз – тоған. 1927-28 жылдары осындағы тұрғылықты халық ауылдарды суландыру кезінде көктемгі дария суы тасуы кезінде Қойлақы көліне жиналған суды кері ағып кетпеуі үшін тоған жасаған, сол тоған Тарауыз аталып кеткен. Себебі, көлдегі судың кері қарай дарияға қайта құятын жерін тарылтып, бөгеп қойып, көл суын жаз айларында пайдаланған.

Теріскен – тұзды көл. Орынбор – Ташкент темір жолы бойында, Жаңақорған кентінің оңтүстігінде орналасқан. Суы тұзды, құрамында калий, магний, натрий және хлор, т.б. элемент иондары кездеседі. Сондықтан көлдің табанындағы батпақтың емдік қасиеті мол. Теріскен көлінің шипалы балшығы мен тұзды суы негізінде 1918 жылы Жаңақорған санаторийі ашылды. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында мұнда әскери госпиталь орналасып, мыңнан аса жаралы жауынгерлер емделді.

Тоғантолыс – көл. Қаратау жотасының батысында, Сырдария алабында. Көл тоғаннан пайда болғандықтан осылай аталып кеткен болу керек.

Тоқпақсалы – жота. Қаратау жотасының батыс бөлігінде. Тоқпақ және салы руларының атынан қойылған топоним.

Тоқтамыс – ауыл орны. Жаңақорған кентінен шығысқа қарай 30 км жерде. Кісі есімінен қойылған атау.

Тоқтамыссай - өзен. Сырдария алабында, Жаңақорған ауданы жерімен ағады. Ұзындығы – 54 км. Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейінен басталып, Шортан көліне құяды. Аңғары астау тәрізді. Жауын-шашын, жерасты суымен толығады. Соңғы жылдары көлге жетпей, құмға сіңіп кететін болды. Өзен бойында қамыс, тоғай, тікенді бұталар өседі. Егін суарылады.

Төлек ата кесенесі – орта ғасыр ескерткіші. Аудан орталығынан 30 км жерде, Қырөзгент пен Қылауыз Ата арасында, Қылышты Ата кесенесімен бір жерде орналасқан. Төлек ата 11-12 ғасырларда өмір сүрген. Төлек атадан төрт ата найман тарайды. Ол кісі Қылышты атаға өкіл бала болып тәрбиесін алған. Қылышты ата өзінің қызын беріп, күйеу бала еткен. Төлек Ата кесенесінің ауданы – 6 x 6 м, биіктігі - 4 м.

Төлеуберген – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Тереңдігі - 20 м, шығымы - 400 л/с. Кісі есімінен қойылған атау.

Төменарық – ауыл, темір жол бекеті, өзімен аттас ауылдық округ орталығы. Жаңақорған кентінен батысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Іргесі 1930 жылы қаланды. 1978-96 жылдары бау-бақша өсірумен айналысатын «Алмалы» кеңшарының орталығы болған. Төменарық ауылдық округі облыс әкімдігі мен облыстық мәслихаттың біріккен шешімімен 2002 жылы ашылған. Ауылдық округ аумағы 12458 га жерді қамтиды. Орталығы - Төменарық ауылы. Төменарық елді мекені Сырдария жағалауы мен темір жол бойында орналасқан. Елді мекенде жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген «Мұзхана», «Төменарық су қыспақты мұнарасы» бар.

Төменарық каналы – жасанды су арнасы. Төменарық ауылының оңтүстік-шығысындағы Қандыарал көлінен (Сырдария жайылмасында) басталып, Қожамберді ауылына дейін созылып жатыр. Ұзындығы – 1,7 км, су өткізу мүмкіндігі – секунднына 3 текше метр.

Түгіскен – ауыл, Аққорған ауылдық округінің орталығы. Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 45 км жерде, Сырдария өзенінің сол жағалық жайылмасында орналасқан. Ауыл 1967-96 жылдары күріш өсіретін өзімен аттас кеңшардың орталығы болған. Кеңшар негізінде Түгіскенде ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Ұялы – ауыл. Жаңақорған кентінен оңтүстікке қарай 120 км-дей қашықтықта, Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде.

Шалқия – кент. Жаңақорған кентінен солтүстік-шығысқа қарай 12 км жерде, Өгіз-мүйіз тауының оңтүстік етегіндегі сайлы-жыралы келген тау алды жазығында орналасқан. Кентте полиметалл кендерін өндіретін кеніш басқармасы орналасқан. Шалқия кентінің атауы осы өңірдегі Шалғая деген өзеннің атауымен аталған, кейіннен атауы Шалқия болып кеткен. Шалқия кенті әкімдігі 1986 жылы құрылған. Кент әкімінің қамтуында Құттықожа, Шалқия елді мекендері қамтылған.

Шалқия - кент, 2002 жылы құрылған, Шалқия, Құттықожа елді мекендерін қамтиды. Кент аудан орталығынан 7-8 шақырым жерде тау беткей бөлігінде орналасқан. Аумағында «Тау самалы» балалар тынығу

лагері бар, сондай-ақ түрлі рудалар мен қазба байлықтар өндіретін кен өндіру орындары бар аймақ.

Шалқия – кен орны. Қаратау жотасының батысында, Сырдария өзенінің аңғарында, Жаңақорған кентінен шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Кен орнын 1963 жылы Қаратау геологиялық зерттеу партиясы барлаған. Одан өндіруге болатын 15 элемент түрі анықталып, қоры 300 000 тоннаға бағаланды. 1975 жылдан кенішті қазу, бұрғылау жұмысы жаңарып, Жаңақорған стансасынан Шалқия кен орнына қарай темір жол тартылды. Игеру жұмыстарымен 1985 жылдан бастап «Ашполиметалл» комбинаты айналысты. *Шал* сөзінің атаулардағы берер мағынасы «ақ», «боз» екендігін ескерсек, Шалқия атауы тау жынысының, жер бетінің ақтеңбілденген бозғылт түсіне қарай қойылған. Топонимдік мағынасы: «ақшыл, бозғылт, кезеңді қия тау, осы тау маңындағы елді мекен».

Шарапат – құдық. Қызылқұмның солтүстік-шығыс бөлігінде. Кісі есімінен қойылған атау.

Шоқтал – көл. Қызылқұмның солтүстік-шығысында, Сырдария өзенінің бойында. Көл жағасында бір топ талдың өсуіне орай қойылған атау.

Шолақ - өзен. Сырдария алабында, Жаңақорған ауданы жерімен ағады. Бастауын Қаратау жотасының солтүстік-батыс етегінен алады. «Ұзаққа ақпайтын, қысқа, келте өзен» мәніндегі атау.

Шолақарық – арық. Қалғын көлінен егін егуге пайдалану үшін қазылған арық. Діттеген жеріне дейін жетпегендіктен Шолақарық аталып кеткен. Бітпей қалған себебі: Ұлы Отан соғысы басталып кеткен.

Шопанкөл – Қожакент елді мекенінің оңтүстік батысында орналасқан үлкен ойпатты жер. Бұл жерге жаңбыр мен қардан жиналған судан көл құрап, көктем мезгілінде шопандар малдарын суғаратын болған. Сол себепті Шопанкөл аталып кеткен.

Шұқырой – көл. Қаратау жотасының батысында, Сырдария алабында.

Шымқорған – Жаңадария өзені бойындағы қорған. 1818-19 жылдары салынған. Дуалының биіктігі – 8 м болған. Бекіністің төрт бұрышында мұнаралар орнатылған, айналасы екі қатар ормен және сумен қоршалған. Бекіністің оқ-дәрі, қару-жарақ сақтайтын ұңғыма орны сақталған.

Ызғар – ауыл орны. Жаңақорған кентінен солтүстік-батысқа қарай 4 км жерде. «Ызғарлы, қара суық жел тұратын жер» мәніндегі атау.

Ызакөл – Қойлақы көлі мен Қойлақы ата әулиесінің батыс жағындағы ойпат жер. Көл суға шіреп толғанда, ыза су пайда болғандықтан солай аталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Жеріңнің аты – еліңнің хаты» энциклопедиялық-анықтамалық. Алматы, 2006 жыл, «Аруна» баспасы, 526 – 562 беттер.
2. «Тарихи жер-су аттарының түптөркіні». Телғожа Жанұзақ. Алматы, 2010 жыл.
3. Ономастикалық хабаршы, 2005 жыл, №1 (3)
4. Мемлекеттік тіл және ономастика. Қызылорда, «Тұмар» баспасы, 2010 жыл.
5. Қазақ ономастикасы. Телғожа Жанұзақ. Алматы, 2006 жыл, I том.
6. Ономастика: Бүгінгі мен болашағы. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Астана, 2002 жыл.
7. «Қазақ ономастикасы: басым бағыттар мен үлгілі үрдістер». Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Астана, 2010 жыл.
8. «Сыр елі». Қызылорда облысының энциклопедиясы. Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, 2005 жыл.
9. Жаңақорған: тарихнама. Адырбек Сопыбеков. «Кітап» ЖШС, Шымкент, 2008 жыл.
10. «Тамыры терең, тарихы кенен - ҚАЗАЛЫ». Алматы, «Телеарна» баспасы, 2008 жыл.
11. «Маржаны Сырдың ШИЕЛІ». «Жебе» баспа үйі, 2009 жыл.
12. «Қазақстан географиялық атаулары: Алматы облысы». Т.Жанұзақ. Алматы, «Арыс» баспасы 2005 жыл.